

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**С.Б. БАЛШЫКЕЕВ**

# **ДИНТАНУ НЕГІЗДЕРІ**

**ҚАРАҒАНДЫ 2012**

ӘОЖ 332.1 (574) (07)  
КБЖ 65.04 (5 каз) я 7

*Университеттің Редакциялық-баспа кеңесі ұсынған*

Пікір жазғандар:

«Болашақ» МББИ философия және әлеуметтік саясаттану пәндері кафедрасының профессоры, философия ғылымдарының докторы **Елікбаев Н.Е.**;

ҚарМТУ әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының доценті, философия ғылымдарының кандидаты **Жәлелов К.Ш.**;

ҚарМТУ Редакциялық-баспа кеңесінің мүшесі, ҚарМТУ ӘГП кафедрасының доценті, әлеуметтік ғылымдардың кандидаты **Матвеев Л.Г.**

**Балшыкеев С.Б.**

Дінтану негіздері: Оқу құралы / Балшыкеев С.Б. / Орысшадан аударған Мұсағұлова А.Е.; Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті. – Қарағанды: ҚарМТУ баспасы, 2012 – 108 б.

Басылым аударылған: «Основы религиоведения»/ Балшыкеев С.Б.-  
Қарағанда: Изд-во КарГТУ, 2010.-106 с.

**ISBN**

Оқу құралында діни нанымдардың ежелгі түрлері қарастырылған: тотемизм, анимизм, фетишизм, Шумерлік-аккадтық және Вавилондық өркениеті, Ежелгі Мысыр, Иран және Қытай діндері; дүниежүзілік діндер – буддизм, христиан, ислам діндерінің тарихы, олардың қоғамдық дамуы мен қалыптасуының маңызы.

Оқу құралы білім беру стандарттарына сәйкес құрастырылған және оның мақсаты - әр түрлі мамандық бойынша білім алатын студенттердің тек теориялық білімін жетілдіру ғана емес, сонымен қатар, олардың кез келген дінге ақыл-парасатпен қарап, ұғынуын тәрбиелеу болып табылады. Оқу құралы жоғары оқу орнының студенттеріне, магистранттарына, мектеп, гимназия оқушыларына, сонымен қатар, жалпы дінге қызығушылық танытушыларға ұсынылады.

ӘОЖ 332.1 (574) (07)  
КБЖ 65.04 (5 каз) я 7

**ISBN**

© Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университеті, 2012

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы

**С.Б. БАЛШЫКЕЕВ**

# **ДІНТАНУ НЕГІЗДЕРІ**

*Университеттің Ғылыми кеңесі  
оқу құралы ретінде бекіткен*

ҚАРАҒАНДЫ 2012

*Оқу құралы*

БАЛШЫКЕЕВ СЕРІК БАЛТАБАЙҰЛЫ

## **ДІНТАНУ НЕГІЗДЕРІ**

Аудармашы: Мұсағұлова А.Е.

Мемл. баспа лицензиясы №500т 31.03.2004ж.  
Басуға қол қойылды . Пішімі 60x90/16.  
Көлемі оқу-баспа беті. Таралымы дана. Тапсырыс  
ҚарМТУ баспасы.100027, Қарағанды қ., Бейбітшілік бульвары, 56

## Кіріспе

Адамзаттың материалдық және рухани мәдениетінің тарихы діни тарихпен үздіксіз байланыста болады. Бұл байланыс диалекттік сипаттаманы қамтиды және барлық ұлттың тарихи даму кезеңдерін қарастырады. Бұл ретте діннің қоғам тағдыры мен жеке тұлғаға сан ғасырлық дәстүрдің арқасындағы әсері қатаң түрде теріске шығарудан жалпыға ортақ мадақтауға шейін әр түрлі бағаланады. Соңғы уақытта дінді бағалаудағы материалистік түсініктер К.Маркстың дін «*халық үшін апиын*» болып табылады деген постулатына негізделеді және осыған орай, ғылыми, материалдық және рухани даму «жүзеге асуы» қажет. Керісінше, дін ілімі адамдардың түйсігі мен мінез-құлқына байланысты діннің «қорғаныш» әсері теориясын негіздеді, қалай да болса оның осы жер бетіндегі «мәңгілік» нәтижелеріне жетуге ұмтылды.

Материалистер де, дін оқытушылары да бір-бірінің беделін түсіру үшін бар күшін салды; сонымен қатар, дін ілімі мен материализм арасындағы және керісінше күрес әдептілік пен өзін-өзі қадірлеу қасиеттерімен ерекшеленбеді. Тарих өзара сансыз қорлау, қудалау, қуғындау, жазалау мысалдарына толы және кімнің үлесіне көбірек ауыртпалық түскенін анықтау қиынға түседі: қалай болғанда да, діни көзқарастағы адамдар да, материалдық көзқарастағы азаматтар да өздерінің қарым-қатынастарында адамгершілік және толеранттық (шыдамдылық) принциптерін өте сирек жағдайда басшылыққа алған. Қазіргі таңға дейін конфронтацияға қол жеткізілмеді: өзара түсініспеушіліктің қарқындауы тек басылымдарда ғана емес, сонымен қатар, теорияда, практикада да көрініс табады.

Сонымен қатар, қазақстандық қоғам бейбітшілікті, ынтымақтастық пен тыныштықты қажет етеді. Осыған орай, бірқатар діни ұйымдармен қатар, әлемдік білім жүйесінде де жүзеге асырылатын әр түрлі діни құрылымдардың тарихын, теориясын және практикасын тереңдете оқу аса маңызды саналады және дер кезінде атқарылатын іс болып табылады.

Қазақстан Республикасы аумағында жүз қырықтан астам ұлт өкілдері өмір сүреді. Бұл көпұлттылық сан алуан конфессиялылықпен, яғни, көптеген діни ағымдар мен ұйымдармен толықтырылады. Олардың барлығы жастарға қатысты мәселелерді, олардың қамқорлығын және «өмірде өз орнын табуға» ықпал жасауды негізге ала отырып, зор миссионерлік, насихаттау және қайырымдылық әрекеттері сияқты қасиеттерін танытады.

«Үлкен өмірге» аяқ басқан орта немесе жоғары оқу орнында білім алушы тұлға өзінің «діни тобын» - тарихын, теориясын және әр түрлі діннің практикасын білуі қажет.

Бұл не үшін қажет?

*Біріншіден*, бұл оқу процесінде қандай да бір дәрежеде тасымалдаушысы діни құрылымдар болып саналатын дүниежүзілік мәдениетке, жалпы адамзат құндылықтарына, кемшіліктері мен

кателіктеріне жеке қатыстылығын сезіну үшін қажет. *Екіншіден*, тыңдалған курс негізінде, кез-келген дін түріне сену немесе сенбеуге байланысты жеке, ерікті түрде таңдау жасау үшін қажет. *Үшіншіден*, «үлкен өмірде» көзқарасы мен ұстанымдары кей жағдайда өзара үйлесетін, бірақ жиі қарама-қайшылық туындататын әр түрлі дүниетанымы бар адамдармен өмір сүріп, жұмыс істеу үшін қажет.

Жоғарыда аталғандарға байланысты осы оқу құралының мақсаты – әр түрлі мамандықтарда білім алушыларды тек теория жүзінде ғана оқытпай, сонымен қатар, кез-келген дінге және оның өкіліне түсінушілікпен қарап, саналы түрде қарым-қатынас орнатуды тәрбиелеу болып табылады. Әрине, берілген оқу құралындағы бар ақпарат өздік жұмыстардың зор көлемде орындалуын болжайды: ақиқат «берілуі» мүмкін емес, ол әр білім алушының жеке ізденушілігінің көмегімен «табылуы» тиіс.

Осы оқу құралында барлық сұрақтарға толық жауаптар беріледі деп санау теріс жорамал болып табылады – түптеп келгенде, бұл мүмкін емес жағдай. Және ең бастысы, автордың бұйрығымен жеке тақырыптар бойынша діни түпнұсқалары қажетсіз мөлшерде ұсынылған. Атеистік әдебиетке қатысты фактологиялық материал аса құнды болып табылады, бірақ «жауынгер материализм» бағытындағы талдануы есепке алынбайды.

Оқу құралы жоғары оқу орны студенттеріне, магистранттарға, гимназия, мектеп оқушыларына, сонымен қатар, діни мәселелерге қызығушылық танытушыларға ұсынылады.

Осы оқу құралын жазудағы алғашқы қадамымыздың пайдасыз болмайтынына, ал оны жетілдірудегі жұмысымыздың жалғасуына кәміл сенеміз.

# 1 Тарау Курстың негізгі түсініктері

## 1.1 Адам және Құдай

Адамның табиғи және әлеуметтік қасиеттерін жан-жақты зерттейтін арнайы ғылым болған емес және әлі күнге дейін жоқ. Медицина, психология, әлеуметтану, философия, тарих және көптеген басқа да ғылымдар осы бір ерекше феномен туралы нақты материалды жинақтайды, бірақ бүгінгі таңда ғылым «адам құпиясын» ашудан тым алшақ. Адамзаттың ең керемет ойшылдары «Адам деген кім?» деген сұраққа дәлелденген жауаптарды табуға тырысты, дегенмен, осы күнге дейін қандай да бір қанағаттанарлық жауап табылған жоқ.

Қазіргі таңда адам туралы көптеген анықтамалар бар. Олардың біразын мысал ретінде қарастырайық.

1. Адам – «Жердегі тірі ағзалардың ең биік сатысы, қоғамдық-тарихи және мәдени әрекеттің субъектісі...». Адамның ерекше қасиеті – еңбек құралдарын жасай білуі, оны қоршаған ортаға әсер ету үшін қолдану қабілеттілігінде; адамның мәні – «барлық қоғамдық қатынастардың жиынтығы болуы» [1].

2. «Еңбек әрекетінің субъектісі мен өнімі ретінде адам физикалық және психикалық, генетикалық шарттасқан және көзі тірісінде қалыптасқан, табиғи және әлеуметтік шексіз тұтастықты құрайтын жүйе болып табылады» [2].

3. Адам – «Жер бетіндегі ең жоғарғы даму сатысы, еңбек құралдарын ойлап табушы, табиғатты түрлендіруші, санасы мен сөйлеу қабілеті бар әлеуметтік тіршілік иесі. Ол анағұрлым дамыған хайуанаттардан (приматтар) бас ми қабаттарының орналасуы мен көлемі жағынан, тік жүруі, еңбек іс-әрекетінде қолданылатын жоғарғы дене бөліктерінің еркін қозғалуы және басқа да қасиеттері бойынша ерекшеленеді» [3].

4. Адам – «жан, себебі, оны өмір рухы жандандырады»; сонымен қатар, тән, себебі ол опасыз; ол рух, өйткені Құдайға берілгендікті білдіреді. Ақырында, ол – дене, себебі ол оны сырттай сипаттайды [4].

5. Библия бойынша адам Құдай жаратқан тіршілік иесі болып табылады: «Құдай адамды Өз бейнесіне ұқсатып, Құдай бейнесінде жаратты» [5].

Бұл «бейне» күнәға бату нәтижесінде жойылды, сондықтан да, христиандық түсінік бойынша адамның болмысының мәні - ұрпақтан ұрпаққа таралатын генетикалық «күнәлардың бастамасы» (барлығы – күнәхарлар) мен одан тәубеге келу мен «қол-аяғын керу» арқылы арылуды қамтиды.

6. Құранда да адам Алланың «топырақтан, содан кейін тамшыдан, содан соң қою қаннан, содан соң кесек еттен» жаратқан, ақтық соңында жұмаққа немесе тозаққа жеткізетін өзінің өмірлік бағытын таңдау еркі бар тіршілік иесі ретінде сипатталады [6].

Адамның болмысын анықтаудағы көптеген түсініктемелер мәселенің күрделілігін, материалистік және діни бағыттағы авторлардың тарапынан тәсілдердің әртектілігін дәлелдейді. Егер де алғашқылары адамды ұзақ уақыт бойғы эволюция барысында табиғи жолмен пайда болған биоэлеуметтік тіршілік иесі деп таныса, одан кейінгілері сол биоэлеуметтілікті қабылдай отырып, адамды Құдай (*Алла*) жаратқан деген пікірді дәлелдейді.

Қазіргі замандағы ғылым деңгейі *адамның пайда болу құпиясын* дәл нақтылықпен шешуге толық мүмкіндік тудырмаса да, оның адам *болмысы* мен ерекшелігін анықтау үшін жеткілікті саналатыны анық. Бұл болмыс келесі құраушылардың өзара қатынасы арқылы қалыптасады: саналы ойдың көмегі негізінде материалды және рухани құндылықтарды жетілдіру қабілеттілігі мен арнайы тән үйлесімділігін ұйымдастыру. Адамның қимыл-қозғалыс табиғаты элеуметтік шектеулермен (нормалар) бақыланса, адам болып қалыптасады, - бұл тек адамзат қоғамында ғана мүмкін бола алады: адам қоғамнан тыс қалыптаспайды.

Ғылым үшін **Құдайдың (құдайлардың)** болмысы мен жоққа шығарылуынан басқа аса құпиялы және жұмбақ нәрсе жоқ. *Құдай* – бұл тек өркениеттің дамуымен ғана басылмайтын, сонымен қатар, жанданған сайын одан әрі маңызға ие болатын көптеген айтыстардың, ойлардың, күдіктердің мәңгі тақырыбы. Этникалық және дүниежүзілік діндерде Құдай барлық заттың бастамасы, дүниенің жалпы және жеке элементтерінің тағдырын анықтайтын табиғи және асыра табиғи болмыс ретінде танылады.

Адамзаттың жалпы діни бағытында *«Құдай», «Алла» немесе «Тәңір»* сөзі адамның жеке талпынысының ақтық нысаны, оның болмысының соңғы мәні мен себебін тануға ұмтылысын білдіреді.

«Құдай» түсінігі «барлық заттың, яғни, өмір атаулының адам үшін соңғы және тәмәмдалған мәнімен үйлеседі». Бұл ақтық соңында барлығының өз болмысымен міндетті болуы, неге ұмтылатынымыз бен әр нәрсенің өз мәресіне жететінін білдіреді. Басқа сөзбен айтқанда, бұл - өмірдің құндылығын, тұрақтылығын, уақыт ұзақтығын арттыратын нәрсе»[7]. Ең бастысы, әр түрлі діндердің қасиетті кітаптарында Құдайлардың өздерін бір мезгілде адамзат және «адамзаттан биік» болмыс ретінде танытатыны таң қалдырады.

Құдайлар адамдар сияқты қуанады, қаһарланады, әрекет жасайды, өздеріне назарды қажет етеді – сонымен қатар, олар толық жетілу, жан-жақтылық, зор күдіреттілік, бақилық өмір сүру қасиеттеріне ие бола отырып, адамдардан шексіз асып түседі. Құдайдың есімдері әр түрлі болса да (*зороастризмде Ахурамазда, иудаизмде Яхве, индуизмде Брахма, синтоизмде Аматерасу, конфуциандықта Аспан, христиандықта Әке, Бала және Әулие құдіреті, исламда Алла*), оған табыну діндар адамның басты міндеті болып табылады.

Құдай мен Адамның өзара қарым-қатынасы – діни ғылымның басты мәселелерінің бірі саналады; Құдайға деген қарым-қатынас – дін мен



атеизм арасындағы су айырық, оны тікелей ымыраға келісу арқылы бастан кешу мүмкін емес.

Сонымен, Құдай дегеніміз кім немесе не? Бұл сұрақтың жауаптары қалай болса да өзгешеленсе, сан ғасырлық дәстүр кез-келген үлгідегі екі жауапты береді.

**1.** «Құдай өз болмысында, асқан даналығында, қуаттылығында, тақуалығында, әділдігінде, игілігі мен шындығында бастауы жоқ, шексіз және өзгермейтін Рух болып табылады» [8].

**2.** «Құдай – ерекше құдірет дарыған аса керемет болмыс туралы түсініктер дарыған және діни нанымдар негізінде қалыптасқан ерекше құдіреттілік қасиеті тән қиял-ғажайып бейне» [9].

Бірінші жағдайда Құдай «адамшылықтан тыс» қасиеттері бар асыра шындық ретінде сипатталады, екінші жағдайда – дәл сол шындық сияқты, бірақ адамның шығармашылық ойымен қалыптасқан қосымша шындықтың басқа түріндегі «*бейне*» болып табылады.

Құдайды әлемді жаратушы және оны басқаратын аса құдіретті Тұлға ретінде тану идеясының бірден қалыптаспағанын айта кеткен жөн. Ежелгі қоғамда табыну нысандары нақты, табиғи құбылыстарды сезімталдықпен қабылдауға қол жетімді жануарлар мен өсімдіктер болды, яғни, адамзат мәдениеті қалыптасуының ерте даму кезеңінде Құдай туралы идея зооморфты және нысандай болды.

Ойлаудың жоғары абстрактылы деңгейінде Құдай туралы идея сезімталдық пен көрнекілік түрлерінен айырылған. ХХІ ғасырда адамдар қоғамы арасында әр түрлі сапалы құдайларға, рухтар мен олардың қиыстыруларына сенуді ғибадат етуші діндер етек жаюда.

Құдайға (**құдайларға**) сенімнің пайда болуы ежелгі ғасырлардан бастау алады. Бұл наным діннің бастапқы кезеңдерінде ғылыми түрде дәлелденбеген. Ұлттық және дүниежүзілік діндердің қалыптасуының аяқталу кезеңінде Құдай болмысының көптеген ғылыми-діни дәлелдемелері пайда болды, олардың ішінде ең негізгілері келесілері болып табылады:

**а) зарыштық** (*Платон, Аристотель*) – Құдайдың болмысы басқа себептермен түсіндірілмейтін Алғашқы себептердің болуымен дәлелденеді;

**б) теологиялық** (*Фома Аквинский*) – Құдайдың болмысы табиғаттағы өздігінен пайда болмайтын мақсатқа лайықтылықтың, үйлесімділіктің, келісушіліктің болуымен дәлелденеді;

**в) онтологиялық** (*Ансельм Кентерберийский*) – Құдайдың барлық ұлтта болатын Құдай туралы түсініктің болуымен дәлелденуі;

**г) адамгершілік** (*И. Кант*) – Құдайдың болмысы парасатты өмір бақытпен мадақталмаған кезде – адамгершілік көзі тек Құдай болып табылу шартындағы адамгершілік фактілерінен туындайды;

**д) психологиялық** (*У. Джемс*) – Құдайдың болуы діндар адамдардың дұға тілеуі кезінде туындайтын тікелей эмоциялық күйзелістердің, «Құдаймен қарым-қатынас орнатудағы діни тәжірибенің» болуымен дәлелденеді.

«Дәлелдемелердің» әрқайсысы не теориялық, не деректер жиынтығы жағынан да кіршіксіз саналмайды, мұны материалистік және атеистік ойлаушы ғалымдар үнемі пайдаланды.

Осылайша, Құдайдың болмысы дәлелденбеуі де, жоққа шығарылуы да мүмкін емес: егер алғашқысына қол жеткізілсе, онда барлық ойшыл адамзат қорқыныш пен қапалану сезіміне толығып Құдіретті күшке бағынды. Егер де бұл Күштің мағынасыздығын дәлелдеу мүмкін болса, онда сол адамзаттың өзі де тізесінен тұрып Құдайды тарихи мифология, өткен мәдениеттің естелігінің игілі етуші еді.

## **1.2 Діншілдік наным мен білім**

Бір нәрсеге немесе біреуге сену адам тіршілігінің бастауы мен мазмұны болып табылады. Сенім сезімтал қабылдаулар мен тиімді ойлар арқылы танымның аяқталатын жерінен басталады және бұл мағынада наным білімге тепе-тең келмейді.

Діншілдік нанымның көптеген анықтамалары бар. Олардың ішінен бірнешеуін келтірейік.

1. Діншілдік наным – «діни ілім іспеттес, яғни, кез-келген адамның ұстанатын діни көзқарастары жүйесі»; нақтылық пен шындылық теориялық және практикалық дәлелдеулерсіз қабылданатын қиялдағы немесе нағыз нысандарға, құбылыстарға (және оған байланысты рухани жағдайы) арнайы қатынасы [10].

2. Діншілдік наным – «ғажайып әлемнің болуына ойланбастан көз жеткізу (құдайлар, рухтар, әзәзілдер және т.б.); кез-келген діннің ерекше сипаттамасы» [11].

3. «Құтқарушы діншілдік наным – бұл жанның күрделі әрекеті, ол ақыл-парасат әрекетінің Христостың өз күнәсін өтеудегі ерлігін түсінуді, оған деген махаббат сезімдері мен оның билігіне толық берілу еркіндігі әрекетін қамтиды» [12].

4. «Діншілдік наным дегеніміз - өзіндік жеке тұлға актісі, бұл кезде адам басқа тұлғаның сөздері мен дәлелдеулеріне ешбір күдіксіз сеніммен қарайды» [13].

5. Діншілдік наным – «күтілетін нәтижені жүзеге асыру және елеусіз нәрсеге сенімділікпен қарау» [14].

Байқауымызша, «діншілдік наным» терминінің әртекті түсіндірмесі оның нақты мағынасын табуын қиындатады. Атеистік әдебиетте «діншілдік наным» термині оның діни мазмұны контекстінде ерекше түсіндіріледі. Сонымен қатар, адамның ақпаратқа қатысты жеке өз тағдырын өзі шешу ретінде түсіндірілетін наным діни және діни емес мазмұнда болуы мүмкін.

Нақты өмірде «діншілдік наным» түсінігі «білім» түсінігімен тікелей байланысты, сонымен қатар, бірі екіншісіне қарама-қайшы қойылады. Мұндай қарама-қайшылық қаншалықты орынды? Білім – практикамен сөзсіз дәлелденген және тексерілген кез-келген ақпарат.

«Діншілдік наным» түсінігі жорамалданған, толық дәлелденбеген, өткені мен келешегі туралы сөз болған жағдайларда қолданылады.

Діншілдік нанымның ерекшеліктері қандай?

**Біріншіден**, наным нысаны адамда оң немесе теріс эмоцияларды, өзіндік бағалауды туындатады және белгілі бір әрекет түріне себеп болады: мысал ретінде орта ғасырлардағы рақымсыз адамдардың әрекеттерін немесе адамдардың өз еркімен құрбандыққа шалдығуы мен басқаларын құрбандыққа шалдыруын келтіруге болады.

Жеке білімге тоқталатын болсақ, ол әрқашанда мінез-құлыққа әсер ете бермейді – өйткені, ол көп жағдайда іс-әрекет туындатпайтын бейтарап ақпаратты қамтиды.

**Екіншіден**, наным ақыл-парасатсыз, тиімді ойларсыз, түсініктерсіз, талқылауларсыз, ой толғауларсыз болуы мүмкін емес. Сондықтан, «соқыр діншілдік наным» сөз тіркесі қатаң түрде теріс саналады.

**Үшіншіден**, ақыр аяғында, толық беделі бар ақпарат иесіне оң көзқарассыз діншілдік нанымның туындауы мүмкін емес. Мұндай беделді адамға басқа тұлғаны (әке, қасиетті діндар адам және т.б.) немесе жазбаша дереккөздерді (Библия, Құран) жатқызуға болады.

Діни наным мен діни емес наным арасында шартты шекараны жүргізуге болады. Соңғысының ерекшелігі - оның ақиқаттығы мен жалғандығының практика жүзінде тексерілу мүмкіндігі болып табылады. Діни нанымның ерекшелігі - оның нысанының (**ғажайып**) толық жоққа шығарылмауы, не болмаса, дәлелденбеуі мүмкін болмайтындығында.

Сондықтан да, Құдайға сенудің қоршаған орта туралы ғылыми білімдермен үйлеспешілігі туралы кез-келген пікірді маңызды деп санауға болмайды. Өмірлік тәжірибе діни нанымдарды жоққа шығарса да, діни наным таңқаларлық тұрақтылықты сақтап қалады: «ақырғы заман» туралы көптеген нақтылы күндердің сәуегейлілігі дәлелсіз болды, бірақ бұл шынайы сәуегейлілікке сенетіндердің діни нанымның жойылуына әсер етпеді.

Діни наным мен білімнің діни емес түріндегі қатынасы жиі оқу мен діни ілімнің қатынасы түрінде білінетінін айта кеткен жөн. Осылайша, діни наным мен білім арасында қандай да бір шекараның болатынын айтуға болады, ал шынайы өмірде ол діни және діни еместің арасында болмайды – бұл түсініктер өзара жоққа шығармайды, өзара бірін-бірі толықтырады.

### 1.3 Дін және атеизм

«Дін» термині көпмағыналы: латынның «**религаре**» етістігі «байланыстыру, біріктіру» деген мағынаны білдіреді. «**Религио**» - діншіл, әулие, нысан және бір нәрсеге немесе біреуге табыну тәсілі.

Әдебиетте діннің жүздеген әр түрлі анықтамалары, оның мәні және мағыналары бар. Сонымен қатар, кей жерлері ұқсаса, ал кей жерлерінде қарама-қайшы діндер бар. Олардың қайсысы дұрыс, барлығы да бір

мақсатты көздей ме? Белгілі бір мағынада «барлық діндер шынайы. Адамның жалғыз міндеті – оны қатаң ұстану» [7, 32 б].

Әрбір адам шындықты, бір сөзбен айтқанда, өмір мәнділігіне қатысты шындықты табумен ғұмыр кешеді. Көп адамдар мұндай мәнділікті таба алмай немесе жоғалта отырып, рухани негіздерді діннен, философиядан, ежелгі ойшылдардың, әдебиет қайраткерлерінің жазбаларынан, ғылым мен өнерден, сиқыршылардан, дуалаушылардан, көріпкелдерден, балгерлерден, спиритуалистерден іздейді.

Егер де басылып шығарылатын материалдарға сүйенсек, қазіргі таңда Жер бетіндегі адамзаттың 90% әр түрлі дәрежеде, ал қалған 10% түрде діншіл болуы ықтимал, Н. Бердяевтің айтуы бойынша, «әрбір адам жазылмайтын діншіл».

Сонымен қатар, зерттеушілер әр түрлі діннің қасиетті кітаптарында «дін» түсінігінің жоқтығын анықтайды – қалай болғанда да Библияда да, Құранда да бұл сөз кездеспейді.

XX ғасырдың атеистік әдебиетінде дін мәнділігінің түсінігі Ф. Энгельстің «кез-келген дін адамдардың күнделікті өмірінде оларға билік ететін қиял көрінісі, жер бетіндегі күштер о дүниелік күштердің кейпін қабылдайтын көрініс болып табылатыны» туралы айтқан белгілі ережесіне негізделген [15].

Бұл анықтамадан келесідей қорытындылар шығарылады:

*а)* кез-келген дінде жер беті негізі болады, сондықтан да, діни нанымдардың қайнар көзін адам тіршілігінің материалды жағдайларынан іздеу қажет;

*б)* кез-келген дін қоғамдық болмыстың көрінісі – бұл, яғни, дінде шынайы өмірдің ақиқатында болатындай ештеңенің жоқтығын білдіреді;

*в)* кез-келген дін ақиқаттың «айнадай» емес, «қиял-ғажайып» көрінісі: жер бетінің пішіні жер бетінен тыс пішінді қабылдайды;

*г)* кез-келген дін шындықтың адамға тек бағынышты емес, сонымен қатар, оларға деген басым байланыстың үстем жақтарын көрсетеді;

*д)* кез-келген дін адамның өз-өзінен алалануы болып табылады, нәтижесінде, К. Маркстың пікірінше, «адам миының өнімі өзінің өмірімен нұрға бөленген, адамдармен және бір-бірімен белгілі бір қатынастарда болатын жеке тірі жан ретінде бейнеленеді».

Діни әдебиетте діннің көптеген анықтамалары беріледі, сондықтан да оларды мысалға келтірудің ешқандай мүмкіндігі болмайды – сол себепті атақты ғалым-евангелист В.Гиттің: «Жер бетіндегі әр түрлі халықтың қандай да болмасын Құдай туралы түсінігі, немесе, Библиядағы Жаратушының есімінің орнына саналы және санасыз түрдегі наным мен әрекет нормаларына күдіктенуге жатпайтын ойшыл жүйе дін болып табылады» деген алдын-ала болжамымен шектелетін [16].

В. Гиттің Библия құдайына және Иисус Христосқа сенуді дін деп санамайтынын ескере кету қажет: «ешбір жағдайда дінмен араластырмау қажет» Інжілі.

Бұл ретте католик Л. Джусанни басқа көзқарасты ұстанған: «Дін – қиялдау әрекетімен сипатталады, өзінің негізі ұтымды және оның қайнар көзі болатын байлыққа қатысты шынайы болып табылады.... Теориялық жағынан әр адам өз дінін құра алады» [7, 196].

Дінді қоғамдық құбылыс ретінде анықтау және діннің алуан түрлілігіне қарамастан, әр түрлі дінге қатысты жалпы сипаттамаларды анықтау қажет:

*а)* қандай да болмасын атаулар мен символдармен сипатталса да, Ғажайыпқа сену; мұнда Оған табыну да жатады;

*б)* Дұға тілеу және әр түрлі жоралау әрекеттерінің көмегімен Ғажайыпқа әсер ету;

*в)* «қасиетті» жазбалар, не болмаса, «қасиетті» аңыздарға, «аса зор қасиеті жоқ» нақыл сөздерге, даналық сөздерге және діни беделділердің әулиелігіне негізделген діндестердің қатаң немесе онша қатаң емес әрекет нормаларының болуы.

Осылайша, адамзаттың дамуынан шыққан дін объективті шындықты ұғыну және түсінудің тек бір ғана әдісі ғана емес, сонымен қатар, адамзаттың адамгершілік дамуының көмегімен өзгеру әдісі болып табылады. Өз алдына діннің әр алуандығы бір жағынан, адам қатынастарының әр түрлілігімен, екінші жағынан, адамзат рухының шексіз бейнелеулермен түсіндіріледі.

Жоғарыда айтылғандардан дін парыздарының, символдарының, алдын ала айтылған жөн-жосықтарының қаншалықты жасанды және абстрактылы болғанымен, табиғи, жер құбылысы ретінде танылатыны жөнінде қорытынды шығаруға болады.

Жақсы және жаман діндердің болуы мүмкін бе? Біздің ойымызша, ең терең және дұрыс жауаптың мәні келесі пікірде жатыр: «Ең үздігін таңдау үшін барлық дінмен таныса алатынына сену – бұл қиял, ал қиял – шынайы мақсат. Шынайы мақсат – бұл адамзат табиғатының дамуы мен эволюциясы және әр кезде оның қандай да бір бөлігі жүзеге асырылады» [7, 306].

Демек, діннің жақсысы да жаманы да болмаған, діндер адамдар әрекетімен және солар үшін құрылады. Жер бетіндегі заттар сияқты олар пайда болу, даму, жетілу және жоғалу кезеңдерінен өтеді: солай болған, солай болуда және солай болады.

**«Атеизм»** термині өзінің тікелей мағынасында «құдайсыздықты», Құдайды және жалпы барлық ғажайыптыны жоққа шығаруды білдіреді.

Атеизм кең мағынада діни нанымдардан бас тартып, діни емес, материалистік дүниетанымды дәлелдейтін идеялар жүйесін қамтиды.

Атеизмнің **сыншыл аспектісі** діни ақпараттар мен діни құндылықтардың «киелілігін» басқалармен бөлісуге, олардың жер бетінде пайда болуы мен мазмұнын, діни теория мен практиканың қарама-қайшылығы мен жасандылығын көрсетуге бағытталған. Сонымен қатар, әр түрлі дін өкілдерінің шиеленістерінің, бұрмалауларының, «Құдай» сөзін түсінбеуі нәтижесінде конфессияаралық және ішкі конфессиялық талқылаулар, өзара жазғырулар мен айыптаулар кең көлемде қолданылады.

Атеизмнің *құраушы аспектісі* тұрақталмаған діни құндылықтардың орнына ғажайыпқа сенуді жоққа шығаратын құндылықтарды, идеалдарды және іс-әрекет нормаларын белгілеуге бағытталған. Сондықтан да, олар жалпы адамзаттық өнегенің құдіретімен табиғаттың, қоғамның және ойлаудың даму заңдылықтарына негізделген болар еді.

Атеизм құдайшылдықтың синонимі емес. Бұл – еркін ойлаудың бір түрі, оның өзінен сілтеушілер мен Құдайға нанымсыз дүниені түсіндіруге тырысу.

Атеизмнің және діннің де ортақ тарихи тағдырының болатынын мойындау қажет: егер де олар мемлекетпен байланысты болып, мемлекеттік идеология элементі болып табылса, олардың еркін жетілуі мен өздігінше дамуы өзара кемсітушіліктер арқылы жүзеге асады.

Және керісінше, егер мемлекет және оның атқарушы органдары талқылауларда абсолютті бейтараптыққа ие болса, онда атеизм де, дін де өзінің әлеуетін кең көлемде және терең түрде жүзеге асырады - өзара дәлелденген сын атеизмге де, дінге де пайдасын тигізеді.

Атеизмнің адамзат мәдениеті дамуының бастамасы болғаны, ал дін оның тежеуші болғаны туралы пікір дау тудырады. Мысалы, КСРО-дағы атеизмнің «үстемдігі» қоғамның ең жоғарғы мәдени және адамгершілік тұрғыдан ілгерілеу сатысына жеткізуге мүмкіндік туғызбады. Осындай көрініс әр түрлі еркін ойлау басымдығы арқылы мемлекеттің көмегімен кез-келген діннің жаппай үстемдігі қамтамасыз етілетін жерде байқалады.

Шыдамсыздық элементтері атеизмнің табиғатында да, діннің табиғатында да кең тамырын жайған: кім бізді қолдамаса, сол қарсы. Сонымен қатар, діни және атеистік жүйелерде өзгеше ойды ұстану үшін толеранттық (*шыдамдылық*) принциптері қалыптасты: «өз дұшпандарыңызды жақсы көріңіздер...», «адам адамға – дос, жолдас және ағайын».

Еркін ойлау тарихының талдауы оның дін сияқты терең тарихи тамырларының бар болуын дәлелдейді. Атеизм – бұл болмыстың қағидалары мен табиғилығы және сондықтан да, қазіргі таңда атеистарды адмгершілігі, руханилығы, эмоциялық зиян келтірулері үшін айыптау әдептілікке жатпайды. Атеизм дін сияқты адамның рухының аса зор көріністерінің мысалын қарама-қарсы дүниетанымдық ұстанымдары бар Л. Фейербах и Вл. Соловьев, Ч. Дарвин и А. Швейцер, К. Маркс и Ф. Ассизский тұлғаларында көрсетеді.

Осылайша, атеизм адамдардың рухани бай өмірлерінің мүмкіндіктерін жоққа шығармайды және сонымен қатар, бұл мүмкіндіктерді діннің құндылықтары мен қағидаларын түсінбейтін және діннен алшақ тұлғаларға айтады.

Атеизмде діндегідей сыншылар көп. Діншілдер сияқты атеистердің арасында да азаптаушылар көп болды. Адамның Құдайға сенбей, ешбір дінге табынбағаны үшін кемсітушіліктер барлық қоғам мен мемлекеттерде үнемі орын тауып отырды: тек коммунистік мемлекеттерде ғана мұндай

жағдай орын алмаған, себебі, онда мемлекет атеизмді қолдаған, ал дін қатаң шектеулі жағдайларда болған.

Атеизмнің ымыраға келмейтін қарсыластары оны болашағы жоқ және адам мен адамзатты тығырыққа тірейтін аномальді құбылыс ретінде таниды. Бұл ұстанымның діни емес нанымның феномені емес, туа біткен адамның дінге сенбеушілігін есепке алатындығы үшін дәлелсіз болып табылады деген пікір бар. Атеизм дін сияқты табиғи болады. Атеистік дүниетаным діни заңдылықтар бойынша қалыптасады.

Адамдар кейбір мағынада - атеистер. Дінде де бұл дерек жанама түрде қабылданады. Мысалы, «біз барлығымыз күнәхармыз» деген христиандық тезис Құдайдан шеттетілуді, кез-келген «атеистік градусты» білдіреді.

Діншілдер мен атеистердің миллиондаған өмірді қиған тарихи дауларының нәтижесінде екі жақ, немесе даудың нысандарының біреуі де жеңіске жетпейді. Құдай қазіргі заманғы адамзаттың ақыл-есі деңгейінен тыс жатыр: Құдайға сенуге де, сенбеуге де болады, бірақ оның болмысын дәлелдеуге немесе жоққа шығаруға болмайды.

Алғашқы курстың қандай да болмасын тақырыбы бойынша дереккөздердің ізденістері нәтижесіз болды. Дінді әлеуметтік феномен ретінде тек атеистік талдау мен атеистік әдебиет бойынша зерттеуге болды. Өткен және осы кездегі діндарлардың еңбектерінің таралымы шектеулі болды және еркін түрде қолдануға мүмкіндік болмады. Библия мен Құранның өзі Қазақстанның кез-келген кітапханаларында сирек кездесетін.

Осындай жағдай КСРО мен марксизм-ленинизмнің құлауынан кейін мемлекеттік идеология ретінде толық өзгеріске ұшырады. Бұрынғы тәуелсіздікке қол жеткізген республикаларда, соның ішінде, Қазақстан Республикасында да өздерінің діни оқуларын еркін таратып, насихаттау құқығына ие болған діни ұйымдарға сәйкес нормативтік актілер әзірленді. Осының арқасында азаматтардың әр түрлі діни жүйелермен танысу мүмкіндіктері анағұрлым артты.

#### Әдебиет

1. Советский энциклопедический словарь.- М., 1982. С.1477.
2. Краткий психологический словарь.- М., 1985. С.391.
3. Атеистический словарь. – М., 1983.
4. Словарь библейского богословия. – Брюссель, 1974, С.1246.
5. Бытие 1:27.
6. Сура 22, аят 5.
7. Джусанни Л. У истоков христианства как вызова.- М., 1988. С. 8, 19, 30, 32.
8. Левшеня К. Доктрины Библии. – М., 1981. С. 27.
9. Философская энциклопедия, Т. 1.- М., 1960. С. 175.
10. Атеистический словарь. - М., 1983. С. 92.
11. Философская энциклопедия, Т. 1. - М., 1960. С. 240.
12. Левшеня К.. Доктрины Библии. – М., 1981. С. 173.
13. Пупар Поль. Вера католической церкви. - М., 1992. С. 7.
14. Евреям 11:1.
15. Маркс К., Энгельс Ф. Соч., Т. 20. С. 328.
16. Гитт В. А другие религии? (пер. с нем.). – М., 1991. С. 38.

### **Қосымша әдебиет**

1. Гуардини Р. Человек и вера / пер. с нем. - Брюссель, 1994.
2. Закон Республики Казахстан «О свободе вероисповедания и религиозных объединениях». - Алматы, 2005.
3. Зелинский В. Открытые слова. - М., 1993.
4. Иванов В.А., Трофимов Я.Ф. Религия в Казахстане: Справочник. - Алматы, 2003.
5. Конституция Республики Казахстан. - Алматы, 2004.
6. Мень А. История религии в 7-и томах. - М., 1991, т.1.
7. Франк С. Смысл жизни. - Брюссель, 1992.
8. Томпсон Р. Философия религии. - М., 2001.
9. Человек. (Мыслители прошлого и настоящего о его жизни, смерти и бессмертии). - М., 1991.
10. Де Шарден П.Т. Феномен человека / пер. с фр. - М., 1987.
11. Угринович Д.М. Введение в религиоведение. - М., 1985.

### ***Бақылау сұрақтары***

1. *«Дін негіздері» курсың не үшін оқу қажет?*
2. *«Адам» дегеніміз не? Адамның басқа тірі жандармен салыстырғандағы ерекшеліктері.*
3. *«Құдай» түсінігінің мағынасы қандай? Әр түрлі көзқарастарды мысалға келтіріп, өз пікіріңізді негіздеңіз.*
4. *«Наным» терминінің мазмұнын ашыңыз. Діни наным мен діни емес нанымның айырмашылығы неде?*
5. *«Дін» және «атеизм» түсініктері нені білдіреді?*
6. *«Ар-ұят» сөз тіркестері қалай түсіндіріледі?*
7. *Ақиқат дегеніміз не? Ақиқат пен нанымның қатынасы.*



## 2 бөлім Діннің пайда болуы, оның әлеуметтік-тарихи тамырлары және қызметтері

### 2.1 Діннің пайда болуы

#### *Діннің пайда болу кезеңі*

Әлеуметтік феномен ретінде діннің уақыты мен жасына қатысты мәселе бойынша кем дегенде екі ұстаным бар.

Бірінші ұстаным - *материалистік*. Осыған сәйкес, дін кез-келген уақытта өмір сүрмеді, ол қоғам мен адамның белгілі бір даму сатысында пайда болды. Діннің алғашқы белгілері осыдан 100-40 мың жыл бұрын өмір сүрген неандертальдық және кроманьондықтарға айып тағылуынан білінді. Адамзаттың пайда болу кезеңі де шамамен 3-5 миллион жыл бұрын анықталды.

Екінші ұстаным – *діни*. Көптеген діншілдер дінді адам мен Құдай арасындағы адамды «Құдайға ұқсас және соның үлгісінде» жаратқан күннен басталған байланыс ретінде түсіндіретінін растайды. Кейбір діншілдер «*жарату аптасының*» осыдан шамамен алты мың жыл бұрынғы уақытқа тең келетіні жөнінде айтады.

Жоғарыда айтылғандардан адамзаттың пайда болу кезеңі талқыланатын мәселе болып қалатыны анық. Сондай-ақ бүкіл Ғалам мен Жердің жасы жөніндегі мәселе пікірталасқа толы болады: эволюциялық теория Ғаламның пайда болу кезеңі 15-20 миллиард жылға, ал Жердікі шамамен алғанда 5 миллиард жылға теңесетіні жөнінде мәлімдейді. Дін жалпы Ғаламды өзінің құрама бөлігі – Жер сияқты анағұрлым бірнеше мыңжылдықтармен өлшенетін жас шамасын атай отырып «*жасартады*».

Осылайша, жалпы әлеуметтік құбылыс, адамдардың рухани өмірінің факторы ретіндегі діннің жасы нақты белгілерге бағынбайды. Ғылымға сүйенетін археологиялық табыстар халық тұрмысының әр түрлі элементтері жөнінде мәлімдейді, бірақ олардың діндері, өмірлерінің рухани бастамасына қатысты мәліметтер жарыққа шығарылмайды. Сондықтан да, «Адамзат тарихында діни емес дәуір болды ма?» деген сұрақ соңына дейін сыры ашылмаған болып қалады - өткенді қайта құруға болмайды.

Материалды және мәдени дамуының төмен деңгейдегі және Жер бетінің шалғай аудандарында өмір сүретін халықтар, нақтырақ айтқанда, тайпаларды зерттеу нәтижелері олардың арасында бірде-бір діни емес тайпаның жоқтығын көрсетеді. Және бұл діннің жан-жақтылығы, адамзат түйсігінің жалпы қасиеттерінің жағдайы, адамзат рухының «шынайылықтан» тыс шығуға талпыну, дінді жаңа ұрпақта жарыққа шығаратын факторлардың тұтастығы, түп тамырларының тұтастығы жөнінде мәлімдейді.

*Дін жөніндегі ілім*. Дін әрқашанда зерттеу нысаны болды. Бұл феноменді бірде-бір ойшыл елемей кетпейді. Олардың көбісі өздерінің барлық ғұмырларын дін мен діншілдікті зерттеуге арнады.

Ежелгі Грецияда діннің ұтымды тәсілдерінің негіздері қалыптасты. Ежелгі гректер Құдай мен адам үлгісі бойынша және сол тәріздес құдайлардың (Ксенофонт) арасында нақты шек қойды. Ежелгі Грецияда дінге қатысты келесідей теориялар болды:

**а) натуралистік:** құдайлар маңызды табиғи және әлеуметтік күштердің аллегориясы, олардың нақты-антроморфты бейнесі болып табылады;

**б) антропологиялық:** құдайлар ежелгі билеушілер мен басқа да атақты тұлғалардың бас иетін нысаны болып табылады;

**в) саяси:** құдайлар – билеушілер мен абыздардың халықты тәрбиелеу мен олардың түйсіктеріне тыйым салу мақсатындағы ойлап тапқандары, түйсігін алдаудың нәтижесі;

**г) психологиялық:** құдайлар адамдардың көмегімен табиғат, өлім мен үкімет алдындағы қорқыныш негізінде жаратылды.

Орта ғасырларда дінге сыншыл қатынаспен қарау мүмкін емес жағдайға айналды. **Теоцентризм** жалпы ортағасырлық философияны, моральді, өнерді және басқаларын қамтиды. Қандай да болмасын ақиқат деп танылатын діндердің дұрыстығына адал сенуге тырысу шіркеумен және мемлекетпен қиылысты. Кез-келген мәселелер мен сұрақтар діни жазбалардың негізінде шешілді.

Бір мезгілде діннің қағидаларына қатысы жоқ оның құзыреті аясын шектеуге және осылайша философиялық және жаратылыстану-ғылыми зерттеулерді шіркеудің бақылауынан алу әрекеттері жасалды: екі жақты шындық теориясы.

Екі жақты шындық теориясының табиғи нәтижесі **деизм** болып табылады, осыған сәйкес Құдай барлық жанның алғашқы жаратушысы, әлемді билеуші мен табиғи және әлеуметтік процестерге араласпайтын құдіретті күш иесі. Осыдан шығатыны – деистердің әр түрлі ғажайыптардан, дін басыларынан, монахтық өмірден бас тарту. Істің мәнісіне қарай, мұндай тәсіл Құдайды затты туындататын және оған өмір сүруге мүмкіндік беретін шебердің жағдайына дейін жетуге жол бермейді.

Деизмге қарама-қайшы **пантеизм** теориясы бар, оның негізін салушылар Құдайды табиғатқа, ал табиғатты Құдайға жанастырады – (Құдай – барлық затта, барлық зат - Құдайда, Құдайдан басқа ештеңе жоқ). Пантеизм Құдайды жеке тұлға емес, өзін-өзі жаратушы, өзіндігі жоқ күш ретінде қабылдайды.

Діннің түбегейлі жаңа тәсілі неміс классикалық философиясында қабылданды. Құдайдың шынымен бар екені туралы сұрақ адамгершілік аясына көшеді және сондықтан да діннің мәңгілік, тозақ, жұмақ, қорқынышты сот немесе ақырғы заман сияқты негізін салушы категориялары неміс философтары үшін моральді тұлғаларды даярлауға болатын құралы ретінде маңызды.

Діннің қайнар көздерінің түп тамыры практикалық түйсік аясына тереңнен жайылады (**И. Кант**), дін шексіздікке бағыныштылықтың аса ерекше сезімін білдіреді (**Р. Шлейермахер**), дін Абсолютті Рухтың өзін-өзі

дамыту мен тану кезеңдерінің бірі (**Гегель**), дін – адамның өз-өзінен бөліну, оның тума болмысының шынайы адамнан алшақтау нәтижелері (**Л. Фейербах**).

XIX ғасырда анимистикалық теория пайда болады, онда дін алғашқы даму сатысында адамдардың ақыл-ой әрекетінің ақтық жемісі ретінде қарастырылады. Олардың пікірінше, алғашқы діндер өздерінің даму жолына түсе отырып, ақырында анағұрлым дамыған діндерге айналды.

XX ғасырдың басында діннің әлеуметтануы пайда болды. Бұл мектептің өкілдері (**М. Вебер, В. Дюркгейм**) діннің пайда болуында қоғамның шешуші ролін баса айтады. Дін – рухани аясын қамтитын қоғамның философиясы, ол жеке адамға міндетті талаптарды, адамгершілік заңдарды (**императивтер**) қамтитын қоғамның философиясы.

Дінді зерттеудегі ерекше маңызды үлес діннің психологиясымен байланысты. Діни күйзелістер, нұрланулар, экзальтациялар эмпирикалық зерттеулердің нысанына айналуда. Сонымен қатар, «діни тәжірибе» негізіне жататын физиологиялық механизмдер, соның ішінде, санасыз аясы анықталды (**З. Фрейд**). Психоаналитиктердің пікірінше, дін адамдардың ішкі қолайсыздықтарға қарсы қорғаныш әрекеті және бір мезгілде тыйым салынған, жағымсыз құштарлықтарды қанағаттандыру түрі болып табылады.

Дінді зерттеуде марксизм ерекше орын алады. Дінге қатысты марксизмнің парыздары келесідей нәтижелер береді:

- дін – жер бетінің формасы жер бетінен тыс бейнелерді қабылдайтын шындықтың бұрмаланған кескіндері;

- діншілдіктің түп тамыры адамға үстемдік танытатын қоғам өмірінің материалдық жағдайларына терең жаяды, сонымен қатар, діннің гносеологиялық түп тамырлары да бар;

- дін дегеніміз – тарихи құбылыс болып табылады, яғни, ол басы мен соңынан тұрады, оның коммунистік қоғамда тапсыз болуы мүмкін емес;

- дінді бастан кешу адамдардың өмір сүру жағдайы мен олардың мәдениетінің өзгеруі арқылы жүйелі және жоспарлы түрде өтуі қажет. Дін туралы негізгі ілімдер осындай сипатта болады.

**Діннің әлеуметтік тамырлары.** Әлеуметтік тамырлар – бұл табиғи және қоғамдық құбылыстардың тиімді түсініктеріне жол бермейтін, қажет болған жағдайда діни нанымдарды туындататын және нәтиже беретін себептер мен шарттар жиынтығы.

Діни нанымдарды туындататын себептердің ішінде бірінші орында **адамдардың табиғи стихиялық күштеріне қарсы әлсіздік танытулары** болып табылады.

Табиғат қоғам үшін тек «мейірімді ана» ғана емес, сонымен қатар, «жауыз өгей шеше» болды және болып қалады. Адамзаттың қаншалықты табиғат күштеріне қарсы нәтижелі үстемдік әрекеттеріне қарамастан, ол көп жағдайда табиғат алдында әлсіз болып қалады. Құрғақшылық, су тасқыны, өрт, вулкандардың атқылауы, құйын – осылардың өзі де қазіргі және ежелгі замандағы адамдардың табиғатқа қарсы әлсіздік танытатуына себепші

болатын қатал, стихиялық, мейірімсіз табиғат күштерінің тек жартылай сипатталған құбылыстары. Осымен қатар, адамдардың көпшілігін қоғамдық күштер, адамдар алдында, билік, мемлекет, әр түрлі жағдайлар алдында әлсіздігін таныту да қосылады.

Дінге қатысты бұқаралық үндеулердің үйреншікті өмір жағдайының өзгерісі, жаппай тәртіп бұзу салдарынан адам тағдырының бұзылып, халықтың революциялық, реформалық, экономикалық, шаруашылық және басқа да өзгерістер нәтижесінде тәжірибе жүргізілетін материалына айналуынан ауыр әлеуметтік тарихи кезеңдерде туындайтыны кездейсоқ емес.

**Діннің тарихи тамырлары.** Кез келген дін әр түрлі тарихи кезеңдегі қоғамдық қатынастардың өнімі болып табылады. Бізге мәлім адамзат өркениеті мәңгілік діннің болмағанын және жоқтығын, әрбір діннің бастауы мен аяқталуының болатынын мәлімдейді: ертеде, Ежелгі Мысырда, Греция, Римдегі ақиқат діндері аңызға айналған, қазіргі таңда олардың кейіпкерлеріне ешкім табынбайды және пір тұтпайды.

Әрбір нақты діннің тарихи тамырларын олардың негізін салушылардан ғана емес, сонымен қатар, біріншіден, олар өскен ортаның ерекшеліктерінен іздеу қажет: мысалы, конфуцийлік б.з.д. VI-V ғғ. Қытайдан басқа жерде пайда болуы мүмкін емес еді.

Әр діннің өз тарихи Отаны бар.

**Діннің Гносеологиялық тамырлары.** Әлеуметтік әлсіздік өздігінен діншілдіктің себебі бола алмайды. Ол сондай қалпына тек адамның өзін-өзі, қоғамдағы орнын түсіну нәтижесінде келеді. Сәбилерде діншілдік қасиет болмайды, оның қарапайым себебі олардың абстракциялау қабілеттері потенциалды түрде мүмкіндіктер түрінде болатындығы саналады. Түсініктер, талқылаулар және ойша пайымдаулар деңгейіндегі абстрактті ойлар білім мен тәжірибенің жинақталуына қарай бірітіндеп қалыптасады.

Сондықтан да, діннің гносеологиялық тамырлары жайында сөз болғанда, адамның «басқа ақиқатты» қалыптасқан шындық негізінде құрастыру, қиялдау, ортақтандыру қабілеттерімен ерекшеленетін танымның деңгейі жөнінде айтылады.

Ғылыми әдебиетте танымдық әрекет барысында қиялдар, жалғандар, бұрмалаулар мен теріс түсіндірулер, мағынасыздықты туындататын ойды ақиқаттан ажырататын шынайы қауіптіліктер әрдайым анықталып отырды. Осыған қарамастан, кез-келген түсінікте нақтылы, сезіммен қабылданатын шынайылық элементі сақталады. Мысалы, діни «**жұмақ**» түсінігі әр халықта ерекше мазмұнға ие, себебі, ол жер беті тіршілік әрекетінің нақты жағдайларының әсер етуімен қалыптасты.

Осыған байланысты біреуді кімнің діні шынайы, кімдікі жалған екеніне сендіру ойға қонымсыз болып табылады. Басқасын түсіну маңыздырақ саналады: кез-келген дін – шынайы интеллектуалды ізденістердің көрсеткіші. Дамыған дін ілімі тек жетілген ойдың нәтижесі ретінде мүмкін бола алады. Діни наным практикалық білімнің табиғи

жалғасы болып табылады. Ол ғылымның көптеген «қашан, қайда, неге, не себепті» деген сұрақтарына жауап беруге қабілетсіз жерлерінде туындайды.

**Діннің психологиялық тамырлары.** Діннің психологиялық тамырлары діншілдікті ұғыну және жүзеге асыруға мүмкіндік туғызатын жеке, топтық және қоғамдық сипаттағы жағдайлармен түсіндіріледі. Жеке деңгейдегі осындай жағдайларға қорқыныш, қайғы-қасірет, жалғыздық, зарығу, үміт үзу және т.б. жатады.

Қоғамдық-топтық деңгейдегі психологиялық тамырлары - қарым-қатынас орнату мен аяныш сезім білдіру, топтық үрей мен өршуді, дәстүрлер мен салттардың күші, иландыру, еліктеу, адамгершілік-эмоциялық толығу, басқа да қабылдауға жатпайтын психологиялық процестердің қажеттілігі болып табылады.

Дінге бой ұсыну себептерінің көп жылдық зерттеулері адамдардың Құдайға сыртқы жағдайлардың әсерінен, өмірінің мәнсіз болып, аса ауыр халге душар болған кезде ғана бой ұсынуын мәлімдейді.

Осы айтылғандар материалдық және рухани ырыс-берекенің өздігінен діншілдікке жетуге кедергі жасайтынын білдірмейді: ақиқатты іздеудің өте ауыр жолдары, өмірдің мәні, өлім алдындағы үрей және т.б. туындауы барлық әлеуметтік топтарға тән қасиет және сондықтан да адамзат көпшілігінің діншіл болуы үйреншікті құбылыс болып табылады.

#### **Әдебиет**

1. Бойд Р.Т. Курганы, гробницы, сокровища. – М.,1991.
2. Беннер Р. В поисках Бога. – М.,1991.
3. Бутинова М.С. Как возникла религия. - М., 1977.
4. Джусани А. Реальность, разум и религия. – М., 1986.
5. Маклин Дж.С. и др. Очевидность сотворения мира. - М., 1991.
6. Мень А. История религии в 7-и томах. - М., 1991, Т. 1.
7. Сухов А.Д. Философия проблемы происхождения религии. - М., 1967.
8. Философская энциклопедия в 5-и томах. - М., 1960-1970, Т. 1-5.
9. Чертихин В.Е. У истоков религии. - М., 1977.

#### **Бақылау сұрақтары**

1. Ең алғашқы діни нанымдар қашан пайда болды? Ғылым берілген мәселе бойынша қандай ақпараттармен қамтамасыз етілген?
2. Діннің қандай әлеуметтік, гносеологиялық, психологиялық және тарихи тамырлары бар?
3. Діннің негізгі ілімдері, оның шығу тегі мен мәнін атаңыз.
4. Дінді туындататын және жарыққа шығаратын шексіз себептер жөнінде баяндауға бола ма? Өз көзқарасыңызды дәлелдеңіз.
5. Пост кеңестік қоғамдағы жаппай дінге берілу немен түсіндіріледі?
6. Діннің кеңінен таралу мәселесі жөнінде ойландыңыз ба? Олардың «ақиқаттығы» мен «күнәсіздігінің» талаптары қаншалықты негізделген?

## 2.2 Діни түйсік, сезім және әрекеттер

Болмыс пен табиғат туралы сұраққа көптеген әр түрлі шексіз, бір-біріне қарама-қайшы жауаптар бар. Ақиқатты нақты туындату мүмкіндігі ретіндегі түйсік психология, әлеуметтану, философия, физиология және басқа да ғылымдарды зерттеу нысаны болып табылады.

Түйсікті таратушы адам болып табылады. Түйсіктің маңызды қасиеттері болып мыналар табылады: бейне, қатынас, мақсатты жорамалдау, басқару және т.б. Түйсік механизмдерін аспаптар арқылы бақылау мүмкін емес – бұл оның болмысы мен пайда болуының әр түрлі алыпсатарлығы үшін басты себеп болып табылады.

Түйсікке қатысты қазіргі заман ғылымы келесі қағидаларды ұстанады:

- түйсік кез келген материяның емес, тек жоғары ұйымдастырылған материя, яғни, адам миы болып табылатын қасиеті;
- ол объективті әлемнің субъективті бейнелерінің кешені болып табылады, яғни, түйсікте одан тыс шынайылық бейнеленеді;
- түйсік бейнеленетін нысандарға емес, адам миындағы физиологиялық процестерге теңеседі;
- түйсік дегеніміз сана-сезім, яғни, *«Мен»-нен «Мен емеске»* дейін шектеу мүмкіндігі болып табылады;
- түйсікке белсенділік, өте кереметтен материалдыға айналу мүмкіндігінің қасиеттері тән.

Діни нанымның ерекшелігі - оның басты компоненті ғажайыпқа сену болып табылады. *«Ғажайып»* термині материалдық дүние заңдары мен заңнамаларына бағынбайтын және тиімді түсіндіруге жатпайтын процесс немесе басқа да құбылыстарды білдіреді.

Діни нанымның екі деңгейі қарастырылады:

- діни психология (*сезімдер, дәстүрлер, дағдылар*), олардың таратушылары «қатардағы» діншілдер болып табылады;
- діни идеология (*түсініктер, елестер, көзқарастар, концепциялар, идеялар, теориялар*), олардың тасымалдаушылары жақсы дайындалған діншілдер (*дін басылары*) болып табылады.

Басқа сөзбен айтқанда, бірінші деңгей үйреншікті түйсік, ал екінші деңгей – белгілі бір топтасу жүйесіне рәсімделген теориялық түйсік ретінде белгіленеді. Деңгейлер арасындағы шектеуліктер шартты түрде болатыны сөзсіз анық: діни түйсіктің өзегі ғажайыпқа сену болып табылады.

*«Сезім»* терминінің астарында адамның өзіне-өзі, қоршаған орта құбылыстарына қатысты анағұрлым тұрақтылық пен дәлелдеушілікпен ерекшеленетін күйзелісінің әр түрлі формаларының түсініктері жатыр.

Адамзат сезімі алуан түрлі және діншілдер мен дінге сенбейтіндерге, теологтар мен атеистарға бірдей тән болады. Ешбір адамға туа біткен діни сезімдер тән болмайды – сезімнің физиологиялық негіздері мен психологиялық айқындаулары әр түрлі, соның ішінде, қарама-қайшы дүниетаным өкілдерінде де бірдей болады.

Дегенмен, діни сезімдер өзіндік ерекшеліктерге толы, ол ғажайыпқа сену, осы діни нанымның объектісіне тікелей байланысты. Діншілдер үшін мұндай жеке маңыздылығы бар объектілерге Құдай, Ібіліс, үй аруағы және т.б. жатады. Діншілдер үшін қобалжудың бастауы икона, «күдіретті» қайнар көзі, ғибадат ету заттары, кітаптар, қабірлер болуы мүмкін.

Діни сезімдерге эмоциялық түрлендірулер мен әр түрлі айқындау формалары тән. Сонымен қатар, діншілдердің өзі жеңілдеу, саябырлану, күнделікті өмірдің күйбің тіршілігінен «алшақтау», ішкі күйзеліс пен психологиялық қобалжуларды сезінеді.

Әр түрлі діни нанымдар мен кезеңдердегі діншілдердің діни сезімдері өзара өзгешеленеді, бірақ әрқашан да сендіру, өзін-өзі сендіру және еліктеуге негізделеді.

Діннің негізгі сезімдері махаббат пен қорқыныш болып табылады. Құдайды және өзінің жанындағы жақыныңды сүй – бұл барлық моноатеистік діндердің басты парызы болып саналады, бірақ шынайы өмірде өте сирек және ретсіз орындалады.

Жағымды сезім, махаббатқа қарама-қайшы жағымсыз сезім категориясына қорқыныш жатады. Діншілдің қорқынышы – Құдай, о дүниелік өмірдің азаптары, жер бетіндегі немесе көктегі жазалаулар алдындағы қорқынышы. Қорқыныш діншілдерді тәрбиелейді, өзінің нақты және мүмкін болатын әрекеттерін діни қоғаммен туындаған ұйғарымдармен өзінің шынайы немесе мүмкін болатын әрекеттерімен салыстыруды талап етеді. Діншілдер сана-сезімінде Құдай сүйші Әке, қатал Төреші ретінде қалыптасады.

*Діни әрекеттер* наным үлгісімен заттанған діни қажеттіліктерді қанағаттандыру және жүзеге асыру тәсілі болып табылады. Діни әрекеттер алуан түрлілігімен ерекшеленеді, бірақ дәл солар өзгеше индикатор болып табылады, олардың негізінде қоғам жалпы адамның діншілдігі мен нақты конфессия туралы пікірін туындатады.

Діни әрекеттердің өзегі - Құдайға немесе Құдайға жақын күдірет күштерінен қандай да бір игілік пен жамандықтан сақтау үшін дұға тілеулері болып табылады.

Дұға тілеу көне замандарда пайда болды. Кейбір дінтанушылардың пайымдауынша, дұға тілеудің пайда болуы ежелгі адамдардың қажетті нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік туғызатын сөздің күдіретті күшіне сенуімен байланыстырады.

Қазіргі заман діндерінде дұға тілеу адам мен Құдайдың өзара қарым-қатынас құралы, жер мен көктің арасындағы баспалдақ ретінде қарастырылады. Қалай және қашан дұға тілеу қажеттігі мәселелері бойынша жазбалар аз емес. Сондықтан да, діншіл өзінің қандай да болсын маңыздылығы бар ісін дұға тілеумен нұрландырады.

Діни әрекеттің көмекші құралдарына (*дінге табыну*) шіркеулер, көркемөнер туындылары (*икононар, мүсіндер, музыка*), заттар (*шамдар, аспаптар, киімдер*) жатқызылады. Діни-ғибадат ету әрекеттеріне қағидалар бойынша жүзеге асатын уағыздар, құдайға құлшылық ету, әдет-ғұрыптар

жатады. Әдетте автоматты түрде орындалатын табыну әрекеттерінің элементтеріне бас ию, тізе бұгу, кресттік белгілер, сүю, бата беру жатқызылады.

Діни іс-әрекеттер діни түйсіктермен шартталған және эмоционалдық-сезімталдық сипатта болады.

Діни қатынастар мен іс-әрекеттер дін оқуы мен ғибадат етудің тұтастығы арқылы құрылатын кез-келген ұйымдастыру формаларын қамтиды. Әр түрлі тарихи кезеңде дінге сенушілердің мазмұны және формасы жағынан түрлі ұйымдар қалыптасты. Дегенмен, бұл ұйымдар тек діни ғана емес, сонымен қатар, діни емес қызметтерді атқарды. Олардың ең маңыздылары болып мыналар табылады: дін оқуын насихаттау, дінді нығайту, жаңа мүшелерді тарту, тиісті діни өнімдерді шығару, бір дінге сенушілерді материалды және адамгершілік тұрғысынан қолдау, шаруашылық іс-әрекеттерді, дауларды шешу және т.б.

Ең маңызды діни ұйымдарға дін басындағылардың бастамасымен құрылған бір дінге сенушілердің қауымдастығын қамтитын шіркеулер, мешіттер, синагогалар жатады. Көптеген мемлекеттерде дін мемлекеттік билік органы мәртебесіне дейін жететін әлеуметтік институт ретінде маңызды роль атқарады. Басқа мемлекеттерде дін мемлекет пен мемлекеттік істерден ажыратылған.

#### **Әдебиеттер**

1. Атеистический словарь. - М., 1986.
2. Лобовик Б.А. Религия как социальное явление. - Киев, 1982.
3. Основы религиоведения Под ред. И.Н. Яблокова. - М., 1994.
4. Радугин А.А. Введение в религиоведение. - М., 1997.
5. Справочник атеиста. - Киев, 1986.
6. Яблоков И.Н. Религия: сущность и явление. - М., 1982.

#### **Бақылау сұрақтары**

1. Діни құрылым қанша элементтен құралады?
2. Осы элементтердің қайсысы анағұрлым маңыздырақ болып табылады және себебі қандай?
3. Күнделікті діни түйсіктің теориялық түйсіктен айырмашылығы қандай?
4. Діни сезімдер қандай түрде пайда болады?
5. Ең маңызды діни іс-әрекеттерді атаңыз.



### 2.3 Діннің қоғамдағы қызметі

Діннің ролі, оның қоғам мен жеке адамға әсер етуінің деңгейі олардың қызметтері арқылы жүзеге асырылады.

**Орны толтырылған функция. «Компенсация»** термині жоғалған және табылмаған нәрсенің орнын толтыру мағынасын білдіреді. Адам діни әрекетпен айналыса отырып, нені «жоғалтады»? Біріншіден, діни әдебиеттерді, дұғаларды оқуға, құдайға құлшылық етуге, әдет-ғұрыптарды орындау және т.б. кететін уақыт. Екіншіден, қауымдастықтың тіршілік әрекетін қамтамасыз ету үшін құрбандыққа шалынатын материалды, рухани құралды. Үшіншіден, кез-келген дінде толық және жартылай қолданылатын жеке рухани-адамгершілік және интеллектуалды күш-қуаты.

Дін, негізінен, орын толтыру ретінде жер бетіндегі өмірден тыс игіліктерді ұсынады: Құдаймен және Құдайдағы мәңгілік өмірді, қайғы-қасіреттен арылу, шаттық және т.б. Осылайша, дін әлеуметтік жауыздықтың алдындағы әлсіздіктің орнын толтырады, өмірдегі келеңсіз оқиғаларды нығайтады, қайғылы жағдайларда жұбатады, жағымсыз эмоцияларды оңды эмоцияларға айналдырады, психологиялық ыңғайлылықты нығайтуға үлесін қосады.

**Дүниетанымдық функция. «Дүниетаным»** термині көзқарастардың әр түрлі реттелген жүйесін, дүниені толық елестету және талқылау, оның пайда болуы мен қозғалмалы күштері жөнінде, адамның жер бетіндегі орны, оның өмір сүру мәні мен мақсаттарын білдіреді. Дүниетанымның кез-келген әлеуметтік жағдайлардың ерекшеліктері негізінде және ақпараттан тыс қалыптасатын түрі адамның өмірлік ұстанымы мен адамгершілік-құнды бағытын қамтиды.

Ғылыми және діни дүниетанымдардың үйлеспеушілігі туралы көзқарас («немесе принципі бойынша») қисынсыз болып табылады, себебі, тарих пен қазіргі заман терең діни наным мен тереңнен ғылымға енуінің үйлесімділігін сан мыңдаған мысалдар көрсетеді.

Діннің дүниетанымдық қызметінің мақсаты - табиғи әлеуметтік құбылыстарды нақты қатаң ұстанымдар арқылы бағалауға мүмкіндік туғызатын нанымдардың қалыптасуы болып табылады. Сонымен қатар: дін дүниетанымдық қызмет арқылы әр түрлі жағдайлардағы дінбасылардың іс-әрекетін реттейтін құндылықтар мен нормалар жүйесін қалыптастырады.

Осылайша, дін мақсаттарды, нұсқауларды, себептерді, идеалдарды құра отырып, жеке тұлғаны қалыптастыруға зор әсерін тигізеді.

**Ықпалдасу функциясы. «Ықпалдасу»** термині адамдардың ортақ мақсаттары, мүдделері және т.б. негізінде бірігуін білдіреді. Дін жасы, жынысы, ұлты және әлеуметтік жағдайы жағынан әр түрлі діндес қауымдастықтағы адамдарды біріктіреді, бауырластық сезімді қалыптастырады.

Әр түрлі тарихи кезеңдерде діннің ықпалдасу қызметі қарқынды дамыды, себебі, өзінің ұлттық тәуелсіздігі мен бостандығы үшін күрескен ұлттардың нығаюына үлес қосты, қоғамның тұтастығын қамтамасыз етті.

Сонымен қатар, діннің ықпалдастық қызметі имманенттік түрде болады, яғни, дезинтеграциялық немесе сегрегациялық деп аталатын өзінің қарама-қарсылығын қамтиды. Оның мәні - әрбір нақты дін тек өз ілімінің туралығын жариялай отырып, басқа діндерді (немесе басқа діндердің қандай да бір бөліктері) құтқару мәні жоқ, теріс деп санауында. Бұл жағдай барлығының көңілінен шығатын қандай да бір ортақ дінді қалыптастыруға кедергі келтіреді, әр түрлі дінге сенетіндерді бір-біріне қарама-қайшы қояды.

Халықаралық христиан, мұсылман және басқа да діни ұйымдар келіссөздер арқылы ортақ ымыраға келіп, қайшылықтарды бір діннің шеңберінде жоюға тырысады. Бұл іс әлі де болса жүзеге аспады, әлем сол қалпынша діни сипаттары бойынша бөлінеді: бейбітшілік діндер арасында да, дін ішінде де жоқ.

**Реттеуші функция.** Дін - діндарлардың өзара және басқа да «әлемге» қатысты әрекеттерінің қатаң модельдерін тудыратын қуатты құралы болып табылады. «Ненің жақсы» және «ненің жаман» екені арасында нақты шекараны жүргізуге шақыратын кеңестер мен тыйым салулардың жүйесі құрылды.

Іс-әрекет діни нормаларының әрқашанда өзгерусіз қалмайтынын баса айтқан жөн. Бұл діннің құлдық және құл саудасына, түсік жасау және бала бітірмейтін шараларға, спирттік ішімдіктер мен кейбір тағамдарды тұтынуға байланысты қатынасынан айқын көрінеді.

Көптеген діндерде әр түрлі әлеуметтік топтардың өмір салтының шегі ереже бұзылған жағдайда жазаға бұйырылатын әскери жарғылардың деңгейіне дейін жеткізілген.

**Коммуникативті функция.** «Коммуникация» термині бір нәрсенің басқа нәрсемен, әлдекімнің басқа біреумен байланысын білдіреді. Діннің коммуникативті функциясы жөнінде айтылған жағдайда, дін ілімі мен ғибадат етуге негізделетін дінге сенушілердің байланыстары, қауымдастықтары туралы сөз етіледі. Коммуникация оларға өзара ақпараттармен бөлісуге және өзгерістегі жағдайда жылдам жауап беруге мүмкіндік туғызады.

Бұл функцияда қарым-қатынас орнату мен өзара қолдау көрсетудегі «әлеуметтік болмыс» ретіндегі адамның қажеттіліктері бейнеленеді. Қазіргі таңдағы діннің коммуникативтік функциясының артып келе жатқанын айтпай кетуге болмайды. Дінге сенушілер ғибадат ету ғимараттарында қарым-қатынас орнатудан басқа, баспа, радио, теледидар арқылы да табысуға зор мүмкіндіктері бар, мұндай мүмкіншіліктер олардың ақпараттық хабардарлығын арттырады және тұйықтық пен оқшаулық шекараларын бұзады.

**Тәрбиелік функция.** Діннің осындай функциясын ешкім ешқашан талқыламаған. Әрбір дін өзінің әрекеттегі нормаларына, дәстүрлеріне, құндылықтары мен мақсаттарына сәйкес, діни тұлғаның қалыптасуы мен тұрақтануына маңызды, кей кезде шешуші ықпалын тигізеді. Көптеген дінге терең табынушы адамдар тұрақты діндері үшін өздерінің ата-

аналарының, туған-туыстарының, рухани тәлімгерлері мен т.б. алдында міндетті.

Діннің тәрбиелік функциясының екі жағын қарастыру қажет:

**а)** дін өзінің діндестерінің жалпыадамзаттық құндылықтары мен нормаларын тарату кезінде **жағымды функциясы** байқалады;

**б)** діннің фанатизмге, атеистер мен өзгеше ойды ұстанушыларға қарсы қастандыққа тәрбиелеу, фатализм кезіндегі **теріс** функциясы.

Қалай болған жағдайда да, әсеріне тап болған адамдарды тәрбиелеудегі діннің ролін соңына дейін бағаламауға болмайды.

**Психотерапевтік функция.** Бұл функцияның мазмұны мен мәні діннің миллиондаған адамдар үшін жұбату, жақсы өмірге сеніммен қараудағы маңыздылығын қамтиды. Практика және тарихпен өлшенген адамның психикасы мен эмоциясына әсер ету тәсілдері өмірден түнілуден, торығудан, трагизм сияқты сезімдерден арылуға көмектеседі. Міне сондықтан да, дінге сенушілер өмірдегі кедергілерге тап болғанда, сабыр сақтайды, олардың арасында өз-өзіне қол жұмсау әрекеттері аз кездеседі, өлімнің жақындауын еш алаңсыз қабылдайды, өздерінің жеке қайғыларына түсіністікпен қарайды. Барлық кезеңдерде діни қызметкерлердің бостандықтан айыру мекемелері мен ауруханаларда қоғамның бақытсыздыққа ұшыраған топтары арасында өздерінің уағыздарын насихаттауға тырысатындары кездейсоқтық емес.

Сонымен, діннің әлеуметтік функциялары әр алуандығымен ерекшеленеді, өзара диалектикалық бірлікте жүзеге асырылады. К.Маркстың әлеуметтік діннің функциясын «қатігез әлемнің жүрегі» ретінде анықтауы дәл айтылған.

#### Әдебиет

1. Атеистический словарь. - М., 1983.
2. Зеньковский В. Апологетика. - Рига, 1992.
3. Мануйлова Д.Е. Социальные функции религии. - М., 1975.
4. Основы религиоведения Под ред. И.Н. Яблокова. - М., 1994.
5. Радугин А.А. Введение в религиоведение. - М., 1997.
6. Угринович Д.М. Психология религии. - М., 1986.

#### Қорытынды сұрақтар

1. Дін қандай әлеуметтік қызмет атқарады? Діннің әр функциясының мазмұнын талқылаңыз.

2. Жоғарыда аталған дін қызметінің белсенділігі мен нәтижелілігін ашатын мысалдарды келтіріңіз.

3. К.Маркс ұсынған діннің әлеуметтік қызметтерінің бағасын түсіндіріңіз.

4. Діннің әлеуметтік қызметтері қоғамдағы экономикалық, саяси, құқықтық және басқа да қатынастарына қалай әсер етеді?

### 3 Бөлім Ежелгі қоғамдағы діндер

Діни қатынастардағы ежелгі қоғам әр алуандығымен ерекшеленді. Сондықтан да, діннің жіктелуі ежелгі діни нанымдардың түрлері өзара шиеленісу себебінен күрделенеді. Олардың арасында нақты белгіленген шекараны жүргізуге болмайды, олар бір-бірінен алшақ өмір сүрмеді.

**Тотемизм** – бір жағынан, кез-келген тайпа арасындағы туыс қандастығы, екінші жағынан, жануарлар, құстар немесе өсімдіктердің белгілі бір түрімен жақындасумен түсіндірілетін ғажайыпқа сену. Тотем ретінде, нақты тегі ретінде кез-келген өсімдіктер немесе жануарлар дүниесі болуы мүмкін еді. Тотем – тайпаның тек нақты тегі ғана емес, оның қорғаушысы да, сонымен қатар, қамқоршысы болып табылады.

Ғылыми зерттеулерге қарағанда, көптеген тайпалар тотемның атауымен аталған. Іс жүзінде тотемды жануарларға және құстарға ұқсату және еліктеулер аз кездеспеді. Адамдар тотемге әсер ету арқылы тиісті нәтижелерге жетуге болады деп сенді.

Тотем символдары (бейнелер) қасиетті саналды және оларды байқаусызда балағаттау аяусыз жазаланды. Тотемдер тек табыну нысандары ғана емес, сонымен қатар, тұтыну нысандары болып табылды: кез-келген тотемның – күш, шыдамдылық, батылдық, қулық және т.б. қасиеттері тұтыну субъектілеріне өтеді деген сеніммен оларды салт бойынша өлтіріп, ас ретінде тұтынды.

Тотемизм ежелгі қоғамдағы әлеуметтік ұйымның, өзінің табиғатпен үйлесімділігі мен оған бағыныштылығын түйсінуге талпыну құралы болды. Сонымен қатар, тотемизм әлеуметтік-табиғи қатынастардың ең алғашқы баспалдағы болды.

Бұл дін өзінің кейбір сипаттамалары бойынша тек «ежелгі» деп аталатын тайпалар арасында ғана емес, сонымен қатар, қазіргі заманның салыстырмалы түрде дамыған қоғамында өмір сүрді: Үндістандағы кейбір жануарлар мен жәндіктерді пір тұту, православиялық және католиктік ырым бойынша денеге нан мен шарапты, Құдайдың қанын қатыстыру. Тіл мамандарының кейбірі тотемизмнің «іздері» адамдардың есімдері мен тектерінде сақталған деген пікірді ұстанады: Медведев, Орлов, Воронов, Роза, Қарлығаш және т.б.

**Дуалау** – белгілі бір нәтижелерге жету мақсатында табиғат құбылыстарына, жануарлар мен адамға әсер ететін ғажайып құралдарға сену. Дуалаудың түрлері адам іс-әрекетінің өндірістік, сүйіспеншілік, әскери, емдік түрлері сияқты сан алуан түрлі болады.

Ежелгі халықтар дінінің бұл түрі адамның алғашқы даму кезеңінің өзінде қоршаған ортаға бағынбай, белсенді болғанын, өз күштері арқылы табиғатқа әсер етіп, өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қызмет атқаруға талпынғандары туралы мәлімдейді.

Дуалау әрекеттері мен ырымдар оларды орындаушылардан дайындықты талап етеді. Ежелгі және қазіргі заман дуалаушыларының мамандандырылуы ғасырлар бойы жинақталған тәжірибеге, табиғат

құбылыстарына, адамға негізделеді. Нақты осы жағдай емдік дуалаудың негізінде жатыр.

Қазіргі заман қоғамы түгелдей дуа мен дуалаушылықпен «толықтырылған»: көптеген «сиқыршы-мамандар» қауымдастықтары бар, «ақ» және «қара» дуа бойынша көптеген басылымдар шығарылады, теледидар арқылы дуалау әрбір үйге енді.

Діни ұйымдардағы көптеген ырымдар «дуалау» әрекеттерін қамтиды, мысалы: шоқыну және шіркеуге жиналу, жаңбыр және өнімнің мол түсуі үшін дұға тілеу, көз тию мен дуадан арылту, өлгендерді жоқтау және ас беру.

Көптеген ырымшылдық пен жоқтан өзгеге сенушілік әрекеттері үлкендердің де, жастардың да ортасында, әр түрлі кәсіптегі адамдар арасында да кездеседі.

**Фетишизм** – табиғат және адам жасаған материалды жансыз нысандардың ғажайып қасиеттеріне сену. Фетишизмнің объектілері – кез-келген табиғи нысандар – ағаштар, аспан мен жұлдыздар, ғаламшарлар болып табылады.

Ежелгі түсініктерге қарағанда фетиш жанды нысан ретінде қабылданады, оның салттық құрметтелуі құрбандыққа шалудан бастап, «зорлау» әрекеттерінің түрлеріне дейін алуан түрлілігімен ерекшеленеді: қалай болған жағдайда да, фетиштан шынайы жауап, көмек, қорғаныс күтіледі.

Қазіргі заман қоғамындағы фетишизмнің алуан түрлілігі ежелгі адамның түсіне де кіріп-шықпаған. Бақыт әкелетін таңқаларлық амал-айлаларға, бақытсыздықтан қорғайтын тұмарларға сену барлық топтардың арасында кең таралған.

Қазіргі замандағы фетиштердің түрлері – үйге кірер алдындағы есікке ілінетін тағалар, мойынға тағатын кресттер мен «сәтті» жол билеттері, фотосуреттер мен кітаптар, отбасылық жәдігерлер. Адамдардың көпшілігіне табыну нысандары ретінде мемлекеттік символдар, ақша, билік танылады, мұның барлығы зайырлы фетишизм деп аталады.

Дүниежүзілік діндердегі фетишизмге қатысты табиғи немесе жасанды нысандардың таңғажайып күштеріне сенуді көре аламыз. Фетишизмнің түрлері өте көп, мысалы: мұсылмандардың Меккедегі Қағбаға (қара тасқа) табынуы, православияда иконалар мен күштерге (өлілердің қалдықтарына) табынуы, христиандықтардың крест пен басқа да ескерткіш бұйымдарға табынуы, зороастризмдерде – отқа, индуизм мен буддизмде атақты гурулерге табынулары және т.б. жатады.

**Анимизм** – өлген адамдардың ғажайып қасиеттеріне, рух пен жанның болуына сену. Ақсүйек және діни ойшылдар көп жағдайда анимизмды жеке діни наным ретінде емес, кез-келген діннің бір бөлшегі ретінде қарастырады. Анимизмді жеке дін ретінде де, әр діннің құрама бөлігі ретінде де қарастыруға болады деп ойлауға болады.

Анимизм дене өлімінен соң, мәңгілік жан идеясының мазмұнын қамтиды. Жан мен рухтың пантеондары жүйелеуге бағынбайды. Анимистік

бейнелердегі рухтар мен жандар жақсы, жаман болып бөліне отырып, өзінің жеке өмірімен тіршілік ететін және өзіне назарды қажет ететін кез келген *нысанның егізі болып табылады*. Нақты осы нанымдармен ежелгі және антикалық халықтардың дәстүрі, өлген адамдардың қабірлеріне еңбек құралдары мен ләззат тудыратын заттарды қоса көму ырымдары байланысты болды.

Әр түрлі кезеңнен өте отырып, анимизм анағұрлым абстрактты түрлерін қабылдап отырды. Мысалы, Құдай, Ібіліс, Періштелер әр түрлі діндердегі нақты-жеке атрибуттарын қамтитын абстракция болып табылады.

Жан және рух туралы анимистік ұғымдардың негізінде тірі жандардың өлілермен қарым-қатынас орнату мүмкіндігі – спиритизм туындады.

Анимизммен христиандықтар мен исламда құдайға құлшылық ету, аспан құдайларына табыну, ата-ананы еске алу байланысты. Анимизм діннен бөлек елеске, құбылғыш бейнеге сенуде айқындалады.

*Аграрлық-кәсіптік табыну* – адамның егіншілік және кәсіптік іс-әрекетінің нәтижелеріне әсер ететін табиғи құбылыстардың ғажайып қасиеттеріне сенумен байланысты нанымдардың жалпы атауы. Бұл дін рух-құдай пантеондарының табиғи процестер мен әлеуметтік-табиғи факторлардың сан алуандығы мен өзара байланысын бейнелеуімен ерекшеленеді.

Аграрлық-кәсіптік табынуларда мәңгілік идеясы бастапқы түрінде бейнеленген. Және бұл кездейсоқтық емес, өйткені, қарапайым тәжірибе шынайы «қайта тірілу», табиғаттың өзін-өзі жандандыру, уақытша өлімнің міндетті түрде қайта жандануы туралы мәлімдейді. Сонымен қатар, рухтың көпшілігі жерде емес, аспанда өмір сүреді, аспан шуақ, жылулық, салқындық, қар, жаңбыр, желді тарту етеді.

Аграрлық-кәсіптік табынулар әр түрлі және көптеген құрбандыққа шалуларды, оның ішінде адамды құрбандыққа шалуды қажет етті.

Қазіргі таңда бұл нанымдарды өткенге жатқызуға болмайды. Олар ауылдық жерлерде көп жылдар бойғы табиғат маусымдарын, жануарлар мен құстардың әрекетін, өсімдіктер дамуының ерекшеліктерін бақылауға негізделген нұсқаулар, ережелер, ырымдар түрінде сақталған. Көптеген аграрлық-кәсіптік табынулар дін ілімдері арқылы қайта түсіндірілген және діни тәжірибенің бір бөлігіне айналды. Христиандық әулиелердің арасында Георгий (егіншілікпен айналысудың қорғаушысы), Илья (жаңбыр мен күн күркіреудің жаршысы) сияқты көрнекті тұлғалар бейнеленеді. Ең маңызды протестанттық мейрамдардың ішінде «Егін ору күні» тойланады.

*Бақсылық* – жеке тұлғалардың адам мен рухтардың арасында делдалдық қызмет атқарудың ғажайып қабілеттеріне сену. Бақсылардың қызметтері жан-жақтылықпен ерекшеленеді: ауруларды емдеу, келешекті болжау, табиғи құбылыстарды өзгерту немесе өзгерістер енгізу, өмірдің әр түрлі жағдайларына байланысты салт-жораларын іске асыру, дау-жанжалдардағы төрешілік ету, рухтармен тілдесу және т.б.

Әрқашанда бойды шаттық билеген күйде өтетін камланиялар (**ерекше салт жоралар**) дабыл немесе басқа да музыкалық аспаптардың сүйемелдеуімен жүреді.

Әдетте, бақсының лауазымы жылдар бойы ерен еңбек атқарғаннан соң, мирасқорлықпен беріліп отырды. Бақсылардың беделі жоғары болды және олардың сөздері жеке немесе қоғамдық мәселелерді шешуге зор ықпал етті. Қазіргі таңда бақсылық руханилықтың басқа түрінен бейхабар тайпалар арасында кеңінен тараған.

Бұл дін адамды құдай деп танудан, бұқара халықпен байланысты діни қызметкерлерінің ерекше әлеуметтік кастасының пайда болуынан бастау алды. Бақсылар – тайпаның (рудың) берік күші, қазіргі заман діндарларының жаршысы, өздігінен білім алған ұстаздар, адамдардың әлеуметтік денсаулығын сақтауға ықпал жасаған қорғаушылар.

**Ата-бабаларға табыну** – өлген адамдардың ру, тайпа немесе жеке отбасының тіршілік әрекетіне ықпал етуге қабілеттілігі мен ғажайып мүмкіндіктеріне сену. Бұл наным өлген адамдардың рухтары мен жандары дербес өмір сүретіні туралы түсінікке негізделеді. Сондықтан да, олардың құрбандыққа шалулары міндетті және жүйелі сипатта болды.

Нәтижесінде, ата-бабаларға табыну әрекеттері тайпа арасынан шыққан құдайларға табынумен алмасты. Қоғам өзгерісіне байланысты көсемдерге, батырларға, әулиелерге, жоғары лауазымды адамдарға табыну түрлері пайда болды (К.Маркс, В.И. Ленин, Ким Ир Сен, Мао Цзэ Дун и др).

Алғашқы қоғамның діни нанымдарының мазмұны туралы қысқаша баяндаманы қорытындылай отырып, олардың синкретикалығын, диалектикалық қарым-қатынасы мен өзара сіңісуін, кез-келген дәуір адамдарының іс жүзіндегі әрекетіне зор ықпалын тигізуді баса айту қажет. Діншілдіктің алғашқы үлгілері – бұл қазіргі заманның дін жөнінде түсініктің бастапқы кілті және қазіргі заман дін басыларының ерте заманғы адамзаттың рухани түрлеріне жағымсыз қатынасына өкініш білдіруге тұрарлық жағдай.

#### Әдебиет

1. Атеистический словарь. - М., 1983.
2. Афанасьев А.Н. Древо жизни. - М., 1983.
3. Басилов В.Н. Избранники духов. - М., 1984.
4. Григоренко А.Ю. Разноликая магия. - М., 1987.
5. Из истории древних культов Средней Азии. - Ташкент, 1994.
6. Круглый год. Русский земледельческий календарь. - М., 1989.
7. Мень А. История религии в 7-и томах. - М., 1991, Т. 2.
8. Папюс А. Практическая магия. - М., 1992.
9. Токарев С.А. Ранние формы религии. - М., 1990.
10. Фрэнгер Дж. Золотая ветвь / пер. с англ. - М., 1980.
11. Царев И. Колдун России. - М., 1990.
12. Ятцен Г. В далеком Туркестане. Жизнь среди мусульман. - Бишкек, 1993.

### **Бақылау сұрақтары**

- 1. Ежелгі қоғамдағы діни нанымдардың қысқаша сипаттамасын беріңіз.*
- 2. Қазіргі заманның қандай нанымдары мен ырымдары өзінің бастауын алғашқы діни үлгілерден алатынын еске түсіріңіз.*
- 3. Қазіргі заманда дүниежүзілік діндерде ежелгі діндердің «белгілері» сақталған ба? (қандай үлгіде)*
- 4. Ежелгі қоғамның тарихи «ұзақ жасағыштығы» немен түсіндіріледі?*
- 5. Қазіргі заман дінтанушыларының ежелгі қоғамның діндеріне қарым-қатынасы қандай?*



## **4 Бөлім Шығыстың ежелгі және қазіргі заман қоғамындағы діндері**

### **4.1 Екісу халықтарының діндері**

Екісу – әлеуметтік-географиялық кеңістік, екі үлкен өзен – Тигр және Евфрат оның орталықтары болып табылады. Дәл осы жерде шалғайды мекендегі серіктері – билеушілер мен бір мезгілде жоғарғы абыздар басқарған ауылдармен қоршалған ең алғашқы қала-мемлекеттері пайда болды. Билеуші-абыз құдай деп танылмады және табыну нысанына айналмады.

Екісу халықтары дініне политеизм, яғни, көп құдайға табынушылық тән болды. Құдайлардың көп болғаны соншалықты, абыздардың мамандандырылуы да іске асты, олардың әрқайсысы арнайы ғибадатханада тек бір құдайға ғана «қызмет көрсетті». Олардың арасында қақтығыстар болмады, сондықтан да политеизм барлық мемлекеттік құрылымдарда бейбітшілік түрде өмір сүрді (Шумер, Ассирия, Вавилон және т.б.).

Біздің заманымызға дейін сақталған және мағынасы ашылған мәтіндер, сонымен қатар, археологиялық зерттеулер арқылы табылған заттар құдайларға антропоморфты, яғни, адам тәрізді бейне тән болғанын мәлімдейді. Ең бастылары - Ан (Аспан құдайы) және Киден (Жердің әйел құдайы) тұратын ерлі-зайыптылар болып табылды. Осы екі құдай басқа құдайлардың туындауына себепші болды, осылайша, өз кезегінде олар да тұқым таратты, нәтижесінде – құдайлардың саны көбейді.

Құдайларға мәңгілік өмір дарыған, ал адамдарға өлім тән. Өлгендердің енші жері – жер бетіне қайтып оралуға жолы жоқ өлгендердің жер асты патшалығы. Құдайлар өледі, бірақ олар басқа құдайлардың көмегімен жаңадан туып, өмірге қайта келе алады.

Екісу халықтарының аңыздары жердің, жануарлар мен өсімдік әлемінің, ең бастысы, адамның шығу тегі туралы сұрақтарға өздігінше жауап береді. Біз бұл аңыздардан ақиқаттың ғылыми түсінігінің пайда болғанын көреміз. Және бұл кездейсоқтық емес, шумерлік-аккадтық-вавилондық өркениет көптеген жетістіктерге жетті – олардың ішінде, доңғалақтарды, арбаларды, желкенді кемелерді, мыс пен қаладан жасалған заттарды ойлап табу, металлдарды дәнекерлеу, тасты қашау, күрделі ирригациялық құрылыс және т.б. бар. Олардың астрономия, математика, медицина және жазба әдебиеті, егіншілік күнтізбесі саласындағы білімдері таң қалдырады.

Космогониялық сюжеттер туралы айтатын болсақ, олар өзіне тән қасиеттермен ерекшеленеді – жер дөңгелек жазықтық, ал аспан заттық күмбез ретінде сипатталады, әлемді Ме заңдары басқарады.

Дүниенің басшысы құдайлар болып табылады, олар адамдар сияқты үйленіп, бала туады, жанжалдасады, жақсы көреді, қызғанады. Адам құдайларға табыну үшін дүниеге келеді, ол жер бетінде уақытша өмір сүреді және оның өмірі қайғыға толы болады.

Сонымен қатар, Екісу халықтарының аңыздарында адамды құлға, өлі жаратылысқа, тағдырдың ойыншығына айналдыратын заңдарды жеңуге тырысатын «құдайлар тәрізді» қаһарман-адамдарды (Адап, Этап, Гильгамеш) пір тұтуға қатысты мысалдар көп кездеседі. Бұл талпыныстар сәтсіздікпен аяқталады, өйткені адамның күші құдайлардың күдіретімен салыстыруға келмейді.

Екісу халықтарының діндерінде «ақ дақтар» көп, дегенмен, осы заманға дейін жеткен материалдар Тигр және Евфрат алқаптарындағы ежелгі қоғамдардың экономикалық, саяси, құқықтық және рухани мәдениеттерінің жоғары дәрежеде дамығаны жөнінде мәлімдейді. Б.з.д. IV-II ғғ. пайда болған бұл мәдениеттің белгілері Библия беттерінде сақталған (су тасқыны туралы, елді мекендердің атаулары).

Қазіргі заманғы дін ілімінің ұстанымына қарай, қарастырылып отырған дін пұтқа табынушылық ретінде бағаланады және шынайы емес, онда шындықтың сәулелері елес түрінде қалды.

## 4.2 Мысыр діні

Екісу қала-мемлекеттерімен салыстырғанда, біздің заманымызға дейінгі IV-III мыңжылдықтағы Мысыр мемлекеттігі құдай деп танылған билеуші-фараон басқарған орталықтандырылған мемлекет ретінде сипатталады.

Аңыздар мен қиялдардың пайымдауынша, Мысырды фараондардан бұрын құдайлардың өздері биледі. Ақырында, құдайшыл билік фараоннан беріліп отырды, олардың әрқайсысы Күн құдайының ұлы мен оның жер бетіндегі іске асырушысы саналды. Фараон – бұл патша-құдайы және бір мезгілде патша-абыз болып табылады, салт жоралар оның атымен іске асырылды. Ең алғашқы құдай деп танылған фараон – Мина, оның атымен көптеген жүз жылдықтар бойы сақталған барлық ырымдар мен салт-жоралар байланысты.

Биліктің көп бөлігін бір мезгілде мемлекеттік аппараттың қуатты шенеуіктер басқарған және жергілікті күдіретті құдайлардың қызметкерлері болған абыздар иеленді. Сол заманда абыздық әр түрлі ғылыми білімдердің негізі болған – абыздар өздерінің жетістіктерінің арқасында жаратылыстанудың әр саласы бойынша даңқы шықты.

Құдайлардың көпшілігінің арасынан анағұрлым құрметке ие болған - **Пта-Апис** (құдайлардың құдайы), **Ра** (күн құдайы), **Геб** (жер құдайы), **Нут** (аспан құдайы), **Осирис** (табиғаттың жасанды күштерінің құдайы), **Исида** (құнарлылықтың, судың, желдің және теңізде жүзу және басқаның құдайы). Эволюциялық дамуға байланысты бір құдайдың қызметі басқа құдайдың қызметіне ауысып отырды. Сонымен қатар, құдайлардың барлығына дерлік зооантропологиялық бейне тән болды.

**Пта** (Апис) бұқа, **Амон** – сиыр, **Мут** (Амонның әйелі) – күшіген, **Гор** – сұңқар, **Ра** – лашын, **Сет** – қолтырауын, **Осирис** - ешкі, **Тот** – маймыл түрінде бейнеленген. Кез-келген құдайды бейнелейтін

жануарларды пір тұтып, олардың құрметіне ғибадатханалар салынып, қызмет көрсетілді.

Өзінің маңыздылығына қарай бұқа ерекше құдірет иесі болды, оның құрметіне құрбандық шалынды, ал өлгеннен соң денесін майлап, сәнді саркофагтарға көмілді. Сет-қолтырауын да мысырлық абыздықтың «арнайы қамқорлығында» болды.

Мысыр империясының аумағында жүздеген құдайлардың мәйіті қойылатын орындар бар – жүзетін, ұшатын, құрлықта өмір сүретін тірі жәндіктердің барлығы дерлік кез-келген құдайды немесе әйел құдайын кейіптеді.

Ежелгі мысырлықтар дінінде ерекше орынды өлімнен кейінгі өмір сүру мәселесі ерекше орын алды. Олар өлімнен кейінгі өмір өз жалғасын табады деген пікірге сенді және сондықтан да, өлген адамның моласы қабірді, жерлеу орнын емес, тұрғын үйді білдірді. Сондықтан, жерленген орын мен тұрғын үйдің жағдайы ежелгі мысырлықтардың діни кешенінде ерекше орын алды. Фараондардың мәңгілігі мен қуатын, бекітілген тәртіптердің тұрақтылығын әшкерелейтін пирамидалардың да болғаны мәлім.

Фараондар билігі құлағаннан соң, олардың өлімнен кейін әлемді билеу мүмкіншіліктеріне сенім жоғалды – бұл туралы тоналған және бұзылған қабырлар мәлімдейді. Қоғамдық өмірдің өзі тұрақтылық пен сенімділіктен айырылды.

*«Арфашының әндері»* шығармасы – ежелгі мысырдың құлдырау гимні – бұл дүние мен о дүниеге қатысты қайғыға, мұңға, скептитизм мен үміттің үзілуіне толы болды. Осындай көңіл-күйлер **«Өз жанынан өзі күдер үзгенмен сыр шерту»** жинағына да тән, **«Сыр шерту»** шығармасының белгісіз авторы өмірдің емес, «қайғы тұтқынынан шығу», «масандық шегіндегі тыныштықты», «жорықтан үйге оралуды», «көп жылдар бойғы абақтыдан кейінгі үйге оралуды» елестететін өлім туралы гимнді айтты.

Көптеген мәтіндерде христиан және ислам діндерінің басты идеяларына айналған жоғарғы сот туралы, шындық салтанаты туралы, жамандықтың жазасын өтеу, жақсылық үшін марапатқа ие болу идеяларының қамтылатыны өте маңызды.

Осылайша, ежелгі мысыр қоғамының дінін адамгершілік-догматтық, сонымен қатар, діни-табынушылық қатынастарда анағұрлым дамыған деп сипаттауға болады. Тарихта ең алғаш рет жалғыз Құдайға табыну бағыттары айқындалды, яғни, кейінірек еврей қоғамының рухани көсемдері арқылы, ал олардан христандық және мұсылмандық көсемдермен енгізілген монотеизм бағыттары пайда бола бастады.

### **4.3 Зороастризм (парсизм, маздеизм)**

Зороастризм – ирандықтардың Ежелгі Шығыстағы басқа діни жүйелерден айқын ерекшеленетін ең ежелгі діндерінің бірі.

Бұл діннің пайда болуы Заратуштрамен (*Зороастром*) байланысты, оның тарихы әлі де нақты анықталмаған, дегенмен, ғалымдардың көпшілігі арасында ол шынайы тұлға, қоғамның әлеуметтік құрылымының реформаторы, тайпа көсемдерінің, абыздардың шексіз биліктеріне, ескі құдайларға табынуға қарсы күресуші ретінде танылады.

Зороастризмнің Отаны Иран болып табылады. Киелі кітабы - *Авеста*. Көптеген мәтіндердің авторлары белгісіз, олардың Гат деп аталатын көп бөлігі Зороастр мен оның ізбасарлары болып саналады.

Зороастризм жүйелі дуализммен сипатталады. Бұл бейбітшілік тәртіптің негізіне оң және теріс екі субстанцияның жататынын білдіреді.

Оң субстанция ретінде - Ахура-Мазда (*Ормузд*), терісі - Анхра-Майнью (*Ариман*) танылады. Екеуі де Шексіз уақытпен (*Эрван құдаймен*) туындаған.

Бүкіл әлем – жақсылық пен жамандықтың, жарық пен қараңғылықтың, өмір мен өлім арасындағы күрес. Бұл күресте келісім болмайды. Ең бастысы, адам бұл күресте жоғарғы күштердің ойыншығы емес, таңдау құқығына ие тұлға ретінде танылуы болып табылады. Авестаның адамгершілік кеңестері адамды кіршіксіз ойларға, мейірімді сөздер мен әрекеттерге, жақын адамға қолдау көрсетуге, жамандықпен күресуде ұстамды болуға тәрбиелеуге бағытталған, ұрлық пен басқа да қылмыс айыпталады.

Жанның тазалығы ерекше орынға ие, дененің тазалығы да міндетті саналды. Зороастризмде өлген адамдар жын-перінің символы ретінде қарастырылады, ал оған жанасу адамды бейпілауызға айналдырады. Өлген адамдардың денелері арнайы мұнаралардың қабаттарына орналастырылады, оларды жыртқыш аңдар шоқыған, ал сүйектерді мұнаралардың ішіндегі құдықтарға тастады. Ауру адамдар, жаңа туған әйелдер, сонымен қатар, өмірлік айналымының белгілі кезеңдеріндегі әйелдер лас деп саналған.

Авеста Дүниенің ең маңызды төрт элементіне құрмет көрсетуді қажет етеді: суға, жерге, ауа мен отқа. Зороастрлықтардың табынушылық тәжірибесінде от ерекше роль атқарады – сондықтан да, осы дінді ұстанушылар отқа табынушылар деп аталады.

Бұл дінді жақтаушылар көбінесе библиялық космогониядан асып түсетін ілімді ойлап тапты. Осылайша, Жаратушысы Ахура-Мазда болған ең алғашқы адам – жер бетінде өмір сүрген, жақсылық сыйлайтын, жерді игеретін, мал өсіретін Йима атты тірі жан пайда болды. Бірақ, мұның барлығы Йиманың қасиеті бұқалармен қоректене бастағаннан кейін аяқталды, өркөкіректеніп, жаратушысын ұмытты – ақыр соңында Ахура-Мазданың қалауымен мәңгілік өмір мен тіршілік әрекетінің қолайлы жағдайларынан айырылды.

*Эсхатология* – дүниенің және адамзаттың соңғы тағдыры жөніндегі ілім, зороастризмде жарық пен қараңғылық арасындағы күрес алғашқысының пайдасына шешілетіні жөнінде оқытады. Авеста жұмақтағы мәңгілік өмірді жауыздық күштерімен күрес кезінде өзін көрсете

білгендерге, ал тозақтағы мәңгі азапты жамандықты жақтаушыларға сыйлайды.

Дүниежүзілік тарихтың аяқталуының алдында жер бетінде өзінің жақтаушыларына дұшпандарды толық жеңуге көмектесетін Мессия пайда болады.

Зороастризм діні иудаизм мен манихейлік, павликиандық және катарлардың пайда болуына маңызды әсер етті.

Зороастризмді ұстанушылар саны шамамен 100 – 500 мың адамға жетеді, қазіргі таңда олар Түркияда, Иранда, Иракта, Арменияда, Грузияда, Қазақстанда және басқа да жерлерде өмір сүріп жатыр.

#### 4.4 Иудаизм

*Иудаизм* – біздің заманымызға дейінгі 2- мыңжылдықта пайда болған және қазіргі таңға дейін өмір сүріп келе жатқан, өте сирек кездесетін барлық адамзаттың рухани мәдениетіне ерекше зор әсер еткен ұлттық діндердің бірі. Христиан және ислам діндерінің бастаушысы бола тұра, салыстырмалы түрде бұл дінді ұстанушылар саны жағынан көп емес (Еврейлердің басымдығымен шамамен 15-16 миллион адам), бұл дін тек ғалым-мамандардың ғана емес, сонымен қатар, саясаткер, психологтар, мәдениет өкілдерінің назарын аудартады.

Иудаизмнің аяқталған жүйе ретінде болуына қарамастан, оның түрлері көп (ортодоксальдық, реформаланған, қайта құрылған және т.б.), өзінің басты ақиқат деп танылатын діни қағидаларында өзгерусіз күйінде қалады.

Иудаизмнің қасиетті кітаптары – Көне Өсиет (39 кітап) және Талмуд (13 кітап) болып табылады. Көне Өсиет кітаптары б.з.д. IX ғасырдан бастап жазылды; Талмуд ауыз әдебиеті ретінде б.з.д. II ғ. пайда болғанмен, жазбаша түрде б.з. III-V ғғ. көне өсиет мәтіндері түсіндірмелерінің жинағы ретінде құрастырылды.

Еврейлер арасындағы *монотеизмнің* қалыптасу процесі Көне Өсиет беттерінде сипатталады. Көне Өсиет мәтіндері ежелгі еврей тайпаларының нақтылы политеизм жайында, Құдайдың «өз халқымен» күресі туралы мәлімдейді, нәтижесінде, еврейлер үшін барлығына ортақ дінге табынуға әкеп соқты. Иудаизмның көптеген сюжеттері таяу шығыс аймағы бойынша орналасқан көршілес мемлекеттерден, мықты монотеистік бағыттары бар Аравиядан, Месопотамиядан, Мысырдан алынғанында еш күмән жоқ.

Иудаизмның қалыптасуы мен таралуына еврей тайпаларының жауынгер көршілері арасындағы қақтығыстары мәңгілік таңба салды. Көне Өсиет беттерінде қанның, дұшпандарға деген қатігездік пен жауыздықтың белгілері байқалады. Сонымен қатар, мұнда дүниенің «бастауы», рухани құндылықтар, адамның қарым-қатынастары, әлеуметтік даму келешектері туралы терең ойлар қамтылады.

Иудаизмнің догматикасы өзінің аяқталған түрінде келесі компоненттерді қамтиды.

**1. Яхвеге табыну.** Яхве – атауға тыйым салынатын Құдайдың жалқы есімі: христиандар сияқты діншіл еврейлер де дұға тілегенде және уағыздарын оқығанда «Яхвенін» орнына «Менің Тәңірім», «Менің Құдайым» деп айтады. Яхве – Дүниені жаратушы, құдайдың алдында есеп беретін күні төреші болады. Басқа құдайларға табынуға тыйым салынады. Яхваға сену жер бетінде өмір сүру мен о дүниедегі қолайлы жағдайлардың басты шарты болып табылады.

**2. Көне Өсиеттің киелілігі және құдайдың рухы туралы ілім.** Иудейлер Көне Өсиет (*Талмуд*) пен оған қатысты пікірлер адамдардың өз еркімен емес, Құдайдың қалауымен орындалатынына сенеді. Иудейлердің пікірінше, көне өсиет пен талмудтық мәтіндердің түсіндірмесін тек діни қызметкер-мамандар жүзеге асырады.

**3. Мессияның келуі туралы ілім.** Мессия тақуалардың қорғаушысы және барлық иудейлік халықтарды, барлық пұтқа табынушыларды және барлық діннен бас тартқандарды жоюшы ретінде танылады. Талмудта Мессияның келуінен кейін, табиғат пен адамдар сапалы түрде өзгеретіні; аурулардың, соғыстардың болмайтыны туралы айтылады.

**4. Еврей халқының құдайдың таңдаулысы туралы ілімі.** Бұл догматтың мәні - барлығына ортақ бір Құдайдың әр түрлі халықтардың арасынан еврейлерді бөліп, олармен Өсиет (*шарт*) жасасқаны болып табылады. Құдайдың таңдаулысы болу идеясы еврей қоғамының тағдырында үлкен роль атқарды, бүкіл дүние жүзіндегі, жат мемлекетте өмір сүріп жатқан шашыраңқы еврей халқына психологиялық жағынан әсер етті.

**5. Тозақ, жұмақ және құдайдың алдында есеп беру күні туралы ілім.** Жаннның мәңгілік өмір сүруі туралы постулатқа сәйкес, иудаизм жер бетіндегі тіршіліктің о дүниенің мәңгілік өміріне дайындық ретінде қабылдану қажеттігі жөнінде оқытады. Иудаизмнің киелі кітаптарында, әсіресе, Талмудта иудейлік қауымдастықтың ересек мүшелері үшін 613 жарлық міндетті түрде орындалуы қажет саналады. Жұмаққа апаратын жолдың адам тіршілік әрекетінің барлық салаларына қатысты сан қилы қиындықтарға толы болатынын түсіну қиын емес: ырымдарды орындау, отбасылық қатынастар, сауда келісімдері, балаларды тәрбиелеу және т.б.

Иудаизмде басқа діндердегідей көптеген элементтерден қалыптасатын табыну тәжірибесіне баса назар аударылады.

Құдайға сенетін бірде-бір иудей ешбір маңызды ісін Яхваға сиынбай бастамайды. Сонымен қатар, бір құдайға сиынушылардың ғибадатхана қабырғасында жалпы дұғаларды – синагогтарды оқуы мадақталады.

**Цицит.** Бұл сөз тік төртбұрыш түріндегі кездеме матаның кесегін білдіреді, ол жүн шашақтармен көмкерілген және сыртқы киімнің сыртынан киіледі. Цицит қорғаныс қызметін атқарады және үнемі Құдайдың Израиль Құдайы ретінде өмір сүргенін елестетеді. Цицитті кию – иудейдің қасиетті міндеті болып саналады.

**Кошер және трэф.** Кошер – тұтынуға рұқсат етілген, трэф – тыйым салынған тағам. Қоянның, тышқанның, шошқаның, етпен қоректенетін

құстың етін, сонымен қатар, өлексені тағам ретінде пайдалануға тыйым салынады.

**Сүндетке отырғызу.** Раввин ұл балаларды 8 күн өткен соң салтанатты түрде сүндетке отырғызады. Алайда, егер адам иудаизмді жасы толған кезде қабылдаса, бұл жағдайда да, сүндетке отыру міндетті саналады. Бұл жағдайда көне өсиет бөлімдеріне сүйенеді, онда Авраамның 99 жаста, ал оның ұлы – Измаилдың 13 жаста сүндетке отырғызылғаны туралы айтылады (Бытие, 17, 23-37 қарау).

Сүндетке отыру – Яхве мен иудейлер арасындағы «ұлы өсиеттің» символы, Яхве Құдайына бағыныштылығының дәлелі.

**Дәрет алу.** Бұл өсиетке сәйкес, сенбі немесе басқа да мереке күндері қарсаңында арнайы жабдықталған бассейндерде жаңбыр суы немесе бұлақ суымен дәрет алу қажет. Моншада немесе үйдегі жуынатын бөлмеде дәрет алу адамды тазартпайды деген пікір таң қалдырады: адам миквада жуынған соң ғана тазарады.

Көптеген діндерде, соның ішінде, христиан, ислам діндерінің діни салттарында судың міндетті элемент ретінде қолданылуын атап кету қажет.

**Пасханы тойлау.** Пасха (*ежелгі евр. – мимоның пайда болуы*) – б.з.д. 1313 ж. Египеттен қудаланған еврейлердің құрметіне байланысты иудейлердің басты шіркеулік және үйде тойланатын мейрамы. «Исход» кітабында еврейлердің Мысырдан жер аударылу кезіндегі сан қилы қиындықтарды бастан кешулері, мысырлықтардың құлдығынан босатылуы туралы айтылады. Сондықтан да пасха – бұл еркіндік пен тәуелсіздік символы. Жеті күнге созылатын пасханы тойлау мейрамдарында негізгі салттық әрекет - еврейлердің болашақ Қорғаушысын бейнелейтін қозы етін жеу және құрбандыққа шалу болып табылады. Ашытылмаған тұзсыз нан аса маңызды орын алады. Ашытылмаған нан халықтың бақытқа, молшылыққа жету жолындағы символын сипаттайды.

**Егін ору мерзімін тойлау мерекесі.** Пасханың екінші күнінен кейін 50-ші күні елу күндік (шебоут) тойланады.

Егін егу мерзімін тойлау мерекесі Пасхаға тікелей қатысы жоқ егіншілердің мейрамы ретінде бекітілген. Қазіргі таңда шебоут ең алдымен еврейлердің Синай, Торы тауларында Пятикнижие: Болмыс, Нәтиже, Левит, Сан мен Екізаңдылық ретінде белгілі қол жеткізулерінің естелігі ретінде тойланады.

**Қущейлер мейрамы** (Сукос). Құдайдың израилдықтарды Мысырдан жер аударып, Қушаға қоныстандырған күнін тойлау мерекесі. Бұл күні ғажайыптың туындауына әрекет жасау - мерекенің маңызды салттық бөлімі болып табылады. Қущейлер мейрамының соңғы күні Торды (**Тор-Симхасы немесе Тор Қуанышы**) көпшілік алдында бір жыл бойғы оқу айналымының аяқталуы мен келесі сәйкес айналымның басталуымен сәйкес келеді.

**Құдайдың алдында есеп беру күні.** Иом-Кипур Құдайдың алдында кешірім сұрап, күнәлардан арылу күні. Құдайдың алдында есеп беру күнімен байланысты екі жағдайды айта кету қажет. 1) себебі құдайдың алдында есеп беру күні Құдай әркімнің өткен жыл бойғы жасаған мейірімді

әрекеттерін саралап, келер жылға шешімін шығару күні болып табылады, бұл күні 10 күн бойы қатаң түрде пост ұсталады және құдайдың алдында көптеген күнеларын кешіру дұғалары оқылады; 2) есеп беру күні діни Жаңа жылдың басында тойланады (*Рош-Ашоно*), бұл «екіжақтылық» жағдайы еврейлерді қаншалықты дін жағынан әлсіз болуына қарамастан, осы мейрамдарды тойлауға міндеттейді: тозығы жеткен, қажетсіз заттар үйден шығарып тасталады немесе таратылады, дұшпандар арасында «*татуластық*» қарым-қатынас орнатылады - адамдар бұл әрекеттері арқылы күнеларынан арылуға бір қадам жасауын білдіреді.

*Пурим.* Еврейлердің б.з.д. 474 ж. парсы патшасы Артаксеркс уақытындағы Амман қастандығының себептеріне байланысты қауіп-қатерден толық арылу күнін тойлау мерекесі.

*Ханука.* Иуда Маккавей және б.з.д. 165 ж. ақсақалдар бекіткен Сәуле шашу мерекесі, жыл сайынғы шіркеудің басты бөлмесін жарықтандыру және Киелі Ғибадатхананы тазартумен байланысты мейрам ретінде тойланады.

*Суббота.* Иудаизмде қасиетті күн болып табылады. Әлемді жарату бойынша Яхвенің алты күндік еңбегінің аяқталуын тойлау мерекесі. Қазақстан аумағындағы қазіргі заманғы иудаизмінің өкілдері еврей ұлтының азаматтары арасынан шыққан. Кейбір аудандарда діни ұйымдарда тіркелмеген, арнайы ғибадатханалары жоқ діндар еврейлер бірге жиналып, ең ірі мейрамдарды тойлайды, иудейлік салт бойынша сүндетке отырғызу, неке қию ғұрпын жүргізеді, ана тілін үйренеді. Иудейлік құндылықтарды насихаттау еврейлердің мәдени орталықтары арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстанның Израильмен дипломатиялық қарым-қатынас орнатуға байланысты иудейлік қауымдастықтың және еврей мәдени орталықтарының әрекеттерін белсендетудің жаңа мүмкіндіктері пайда болды.

## 4.5 Индуизм

Индуизм дін ретінде біздің заманымыздың I мыңжылдығының ортасында пайда болды. Оның негізі - діншілдіктің ежелгі формалары болып табылады, ондағы табиғи құбылыстар, жан-жануарлар, өсімдіктер таңғажайып қасиеттермен толықты.

Біздің заманымызға дейін Арилердің (қазіргі заман индустарының ата-бабалары) қасиетті «*Ведалар*» атты мәтіндері жетті, олар құдайлардың асыра мадақтауын, әнұранын, дұғаларын, Құдайға құлшылық етулерін қамтиды. Төрт Ведада құдайлардың сансыз сипаттамалары, олардың ерліктері, өзара қарым-қатынастары, Әлем тағдырына ықпал етулері туралы жазылған.

Ведалық дін негізінде брахманизм туындады (*б.з.д. X-VII ғ.ғ.*). Осы кезеңде ежелгі индия қоғамында күрделі әлеуметтік құрылым қалыптасты. Халықтың барлығы 4 варнаға бөлінді (*касталар*): *брахмандар, кшатрийлер, вайшьилер, шудралар*. Басқа қастаға ауысуға мүмкіндік болмады: тек өз касталарында ғана белгілі бір дәрежеге жету мүмкіншілігі



болды. Өз кезегінде әрбір каста іштей бөлінді. Қоғамдағы жетекші орын аксүйек-брахмандарға тиесілі болды. Олардың жеке өмірлері мен мүліктеріне араласуға болмайтын, тек солар ғана ведалық мәтіндерге дұрыс түсінік беру құқығын иеленді.

Брахмандар бар күшін сала отырып, көптеген Ведаларға арналған түсініктемелерді құрастырды, олар жалпы «*Упанишадтар*» деп аталды (150-235 жинақ). Упанишадтардың негізгі идеялары:

**1. Жаза туралы ілім.** Жазаның мәні - әр адам өз күнәсі үшін өзі жауап береді және өткен өмірінің рақымшылы болып табылады. Адал және мейірімсіз істер жаңа өмірдегі келешектен күтулерді анықтайды. Әдеттегідей өлім жоқ: тәннен ұшқан жан жаңа тәнге қонады. Жаңа бейнеде қандай болуың өзіңе байланысты болады. Құдайлар сенің қайғың үшін кінәлі емес. Сенің өмірің, қайғың, қуанышың - өз қолыңда. Жаза туралы заң аскет-тақуалардан басқа барлығына ортақ.

**2. Брахман туралы ілім.** Брахман – жоғарғы рухани ақиқаттылық, ол өзін адамдар арасында, табиғатта білдіреді. Оған Пуруша ұқсас келеді – ол да жоғары рухани бастама, Атман – әрбір тұлғаның жұмбақ және ақылға сыймайтын, таңғажайып субстанциясы түріндегі Брахманның эманациясы, Тот – асыра шаттық, ақырында, Ом – өткеннің, осы шақ пен болашақтың қорытындысы болып табылады. Әрине, бұл жұмбақтың «мәнін ашу» мүмкін емес, алайда, Жоғары Ақиқаттылық, Абсолюттілік, әлемді ашудың тұңғыш себепкері ретінде Брахманның өзін атауға болады.

**3. Әлемнің құрылымы жөніндегі ілім.** Әлем жаратылысының екі негізі бар: пракрити (*материя және энергия*) және пуруша (*рухани атомдардан құралған рухани субстрат*). Практика – санасыз шығармашылық энергия; пуруша – санасы бар шығармашылық энергия. Практика мен пурушидің өзара қарым-қатынасы алуан түрлі Әлем элементтерін туындатады.

**4. Адам туралы ілім.** Адам өмірінің мақсаты – пракрити билігінен құтқарылу, сансараны үзу (*қайта туу тізбегі*), толық ляззат (*нирвана*) пен бостандыққа (*мокша*) жету. Бұл мақсатқа жету үшін б.з.д. III-IV ғ.ғ. туындаған йога жүйелерімен айналысу қажет.

Йоганың бірін-бірі өзара толықтыратын төрт бағыты бар: джнана-йога (*таным жолы*), карма-йога (*әрекет жолы*), бхакти-йога (*құдайға деген сүйіспеншілік*), раджа-йога (*өз тәңіңе үстемшілік ету жолы*).

Индуизмның алғашқы тарихын қорытындылай отырып, оның діни-философиялық негізі ретінде ведалық, сонымен қатар, брахманизм болғанын айта кеткен жөн. Сонымен қатар, индуизм өзіне қарсы джайнизм, буддизм, одан әрі сикхизм сияқты діни жүйелермен күрес барысында туындады, ақырында олар аса күрделі және өрнекті жүйенің ықпалына түскен.

Қазіргі заманғы индуизмге политеизм тән, алайда олардың ішінде тек үшеуі ғана ең маңызды құдайлардың қатарына жатады: (*тримурти*):

**а) Брахма** – барлық тірі жанды жаратушы. Өзінің Брахман атты прототипімен салыстырғанда, антроморфты сипаттамалары бар. Бұл құдай

өзін шығармашылық әрекеттері арқылы білдіреді, ғарыштағы күн мен түнді, өмір мен өлімді, Дүниенің өлімі мен өмірін реттейді;

**б) Шива** – өлім мен күйзеліс, өзгеріс құдайы, тыныштық пен тепе-теңдіктің қарсыласы, эзәзілдердің дұшпаны, би мен көңіл көтеруді ұнатады. Шивамен фаллосқа (*лингама*) және оның рухтандырғыш күшіне табыну байланысты. Көптеген жинақтарда Шива бірнеше әйел алғаны жөнінде баяндалады;

**в) Вишну** – бейбітшілікті, тыныштықты сақтаушы. Өзінің Лакшми атты әйелін шексіз сүйеді, әр түрлі жануарлар мен адамдар бейнесіне айнала алады. Рама, Кришна, Будда сияқты кейіпкерлер Вишнудың өзгертілген, басқа кейіпке енген **аватары** болып табылады және оның болмысы ретінде танылады.

Индуизм адамды шексіз құрметтеу қажеттігі жөнінде уағыздайды, өйткені кез-келген адам мен оның рухани мәнділігі - Брахманың Әлемдік Жаны, яғни, *эманация* (іске асыру) болып табылады. Дәл осы себептерге байланысты *индуизм келесілерді өсиет ретінде уағыздайды*: құдайларға, брахмандарға, гурулерге құрмет көрсету, оқытушылар мен үлкендерді сыйлау, өз сезімін бағындыра білу, әрқашанда мейірімді қалпын сақтап, құлаққа жағымды дауыс ырғағымен сөйлеу. Басқалары қиын кезеңге тап болғанда, қол ұшын беру, балалар мен әйелдерге сыйлық сыйлау, өзін-өзі мықты және еңбекқор болуға тәрбиелеу. *Индуизмда* өтірік айтуға, балағат сөздер айтуға, ұрлық жасауға, ауруларды, дәрменсіз адамдар мен өзіңнен төмендерді азаптауға, біреуді теріс әрекеттер жасауға мәжбүрлеуге, қылмыскерлермен қарым-қатынас жасауға, аузын ашып жөтелуге немесе күлуге, масайтатын шараптарды ішуге, жезөкшелерге баруға, үлкендердің алдында сөйлесуге және шылым шегуге *тыйым салынады*. Кез-келген жағдайда ата-аналармен, жұбайымен, оқытушылармен кеңесу; тағамды мөлшерінен тыс пайдаланбау және ойын-сауықтарды шектеу қажет.

Кейбір жазбалар мен тиым салулардың пайымдауынша, индуизм діні адам өмірінің кез-келген саласында кездесетін жамандық пен жақсылық арасында айқын шекараны бөледі.

Бұл дін көзге көрінетін шынайы дүние мен көрінбейтін рухани дүниенің бар екені туралы оқытады: кейінгісі алғашқысының себепкері болып табылады. Адамның міндеті – шынайы әлемдегі кедергілерден өтіп, рухани биік әлемге жету, сол өмірге қанығу. Үндістер үшін көзге көрінетін дүние құдайлар мен перілерге, ал көзге көрінбейтін дүние – бұрын өмір сүрген адамдардың жанымен толысқан.

Осы көзге көрінетін дүниеде гуру (*оқытушы*) ең маңызды орынға ие, ол тек киелі кітаптардың мазмұнын түсіндіріп қана қоймай, басқаларды өзінің өміріне, әрекетіне, сөзіне және сыр сақтауына үйретеді. *Гуру* – тек жай ғана ірі тұлға емес, сонымен қатар, абыздың ғажайыптылығы мен аскеттің ақыл-еріктілігі, философтың даналығы мен сикыршының дарыны, күнәға батпаған адамның қарапайымдылығы мен табынушының батырлығы сияқты қасиеттерге толы Тұлға. Оның оқушыларды тәрбиелеуде жеке өзіндік әдісі болады, бұл әдіс байқампаздық машықтарының, табиғат

құбылыстары мен жануарлар әрекеттерін сараптау мен біріктіруін дамытуды қамтиды.

Ең ірі гурулар брахман касталары арасынан шыққан. Оларсыз бірде-бір мемлекеттік немесе отбасылық мереке тойланбайды. Брахманның беделі оған қарсы айтылған кез-келген сынды жояды.

Индуизм көптеген әдет-ғұрыптарымен, салт-жораларымен және мейрамдарымен әйгілі. Олардың ең бастылары құдайлармен байланысты болады және олар сол құдайлардың құрметіне арналып тойланады. Жалпыүндістік және жергілікті, отбасылық мейрамдары бар, олар бір-бірінен қалың бұқараның қатысу дәрежесіне қарай ажыратылады, алайда, бұлардың барлығына ортақ әрекет - көркемдік, ақындық және мұқият ойланып қарастырылған театралдылық көріністерді қою болып табылады. Отбасына қатысты діни салттарды қысқаша қарастырайық.

**Неке қию рәсімі.** Индуизм бойынша «әйелдер – бала туу үшін, еркектер тұқым тарату үшін жаратылған». Сондықтан да, неке қиған отбасы мүшелерінің өмірі тақуалық қоғам мүшелерімен салыстырғанда діни міндет ретінде қарастырылады. Неке қию рәсімі тек бірдей касталардың арасында ғана болмайды. Индуизм діни бойынша қыз балаларға 12 жастан бастап тұрмысқа шығуға рұқсат етіледі. Тұрмыс құрмаған қыз бала – отбасы үшін нағыз сорақылық деп саналады, сонымен қатар, ұрпақ бермейтін әйел – жұбайының абыройына қара таңба басады.

Неке қиюдың бірнеше тәсілі бар, оның ішінде келісімді түрде өзара махаббатпен үйлену немесе сүйген қызын ұрлау сияқты түрлері кеңінен таралған. Жігіт пен оның ата-аналарына келін үшін қалың мал сұрауға тыйым салынады.

Неке қию кезінде куәгерлердің, жақындары мен алыс туыстарының болуы міндетті. Той күні жастар киелі отты жеті рет айналады және оған күріш пен хош иісті заттарды тастайды. Сол мезетте абыз тиісті мантрасын оқиды, әуен ойнайды, келген қонақтар жастарға күріш шашады. Отбасы тұрмысындағы әйел мен ер адамның қызметі мұқият қарастырылған және оны орындау міндетті саналады.

**Жерлеу рәсімі.** Егер Үндістанда молалар кездесетін болса, олар тек христиандық және мұсылмандық молалар. Өлген үндістің денесі отқа өртеледі, ал оның сүйектері жиналып, өзенге тасталады. Өлген адамның туыстары мен отбасы мүшелері он күн бойы қаралы киім киеді. Ертеде өлген күйеуінің мүрдесі өртелетін отқа әйелін де қоса өртеу тәжірибесі қолданылып, рұқсат етілген – қазіргі таңда тәжірибеде мұндай әрекет (сати) өте сирек кездеседі.

Брахманның жерлеу рәсіміне қатысуы мен басшылық етуі міндетті болып табылады. Құдай асы жыл бойы, әр ай сайын беріледі, сонымен қатар, міндетті түрде марқұмның рухына бағышталып піскен күріш немесе сүт түрінде құрбандық шалынады.

**Инициация рәсімі.** Бұл рәсім қайта туудың символы ретінде танылған және 8 жастан бастап, 24 жасқа дейінгі ұл балаларға қолданылады: әр кастада инициация жүргізу үшін арнайы жас аралықтары белгіленеді. Бұл

рәсімге шашты қию, дәрет алу, жаңа киім кию және қызыл ұнтақты себу әрекеттері жатады.

Содан соң, ұл баланы (бозбала) гуруге алып барады, ол ұл баланың иығы бойымен киелі бауды байлайды. Осы рәсім орындалғаннан кейін, гуру бозбаланың екінші әкесі саналады, ал бауды олар өмір бойы сақтайды. Осылайша, инициация рухани қайта дүниеге келу болып саналады.

**Ораза ұстау және діни ант.** Ораза ұстау және діни ант беру дәстүр ретінде міндеттеледі, сонымен қатар, бұл рәсімдер ерікті түрде де орындала алады. Бұл кезде тағамның тек белгілі түрінен бас тарту ғана емес, сонымен қатар, некедегі жыныстық қатынастарға түсуге, түрлі әшекей-бұйымдарды тағуға, ойын-сауық құруға, басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсуге тыйым салынады. Көпшілігі діни ант беру бойынша міндетті түрде табынумен айналысады, қажылыққа барады және құрбандық шалады, қайырымдылық көмек көрсетіп, ғибадатханалар салады.

**Тыйым салулар.** Индуизмде әрқашанда тиімді түсініктерге бағына бермейтін тыйым салулардың болғаны мәлім. Мысалы, тағамды сол қолымен жеуге және оған жақындауға, неке қию салтанатын күндіз, ал, жерлеу рәсімін түнде өткізуге тыйым салынады. Дәретке қалай отыру, түкіру, қақыру, жөтелу, жылау, күлу керек екені жөнінде нұсқаулықтар бар. Жүздеген тыйым салулар балалық шақтың ерте кезеңінен бастап қалыптастырылады, олар жылдар өткен сайын дағдыға айналып, түйсік сезімі арқылы орындалады.

**Индуизмнің түрлері.** Индуизм шеңберінде брахманизм арқылы тамыр жайған жүйелер пайда болды, алайда, бұл жүйелер брахманизмге өздерінің әлеуметтік және діни мәселелері бойынша көзқарастарын қатыстырған.

Индуизмнің осындай оппозициялық ағымдарының бірі - **джайнизм** болып табылады. Негізін салушы – М.Джина, б.з.д. VI ғ. өмір сүрген. Кейбір деректерге қарағанда, Джина Буддамен тек таныс болып қана қоймай, сонымен қатар, полемикалық пікірталасқа түскен: екеуі де кшатрилер қастасынан шыққан және екеуі де брахманизм дініне көңілдері толмаған.

М.Джина 24 оқытушының ішінен карма мен мансараны жеңген соңғылардың бірі саналады. Аскеза және тақуалық-монахтық өмірдің ұзақ жолын өтіп, ақыр соңында тақуалардан, абыздардан және қарапайым қара халықтан құралған, қатаң тәртіп орнатылған қуатты қоғамдастық құрды.

Джайнизм теориясы адам жанының (**рухтың**) өз тәнінен басым болу принципінен туындаған. Карманың қарғысы жан үшін де, тән үшін де бірдей қауіпті. Сондықтан да, өмірдің мақсаты – кармадан босау (**мокша**). Рухтың өзі – мәңгілік, оның әр түрлі материалды денелерге бірітіндеп қонатын қасиеті бар.

Джайнистердің пікірінше, әрбір адам кіршіксіз болмайды, дегенмен, ол өзін-өзі бақылауға, өз іс-әрекетіне жауап беруге, өзін-өзі жетілдіруге міндетті. Ол үшін ілімнің ақиқаттылығына сену, ол туралы терең білім алу, сол ілімнің қағидалары бойынша өмір сүру қажет. Бұл қауымдастықтың

қатарына қосылатындар бес діни антты қабылдайды: 1) ешбір тірі жанға залал келтірмеу; 2) ұрлық жасамау; 3) зинақорлық жасамау; 4) пайда іздемеу; 5) өтірік айтпау. Осы аталған діни анттар қатарына қосымша келесідей шек қоюлар жатады: шарапты, қайнамаған суды ішпеу, еттің кез-келген түрін жемеу және бағалы әшекей-бұйымдарды тақпау.

Джайнизмде кастааралық неке қиюларға тыйым салынбаған. Құдайларды, ақылшы ұстаздарды, киелі кітаптарды құрметтеу кең тараған. Йога және медитация жүйелері бойынша жаттығуларды орындауға біршама уақыт бөлінеді.

Джайнистер қауымдастығында тәуіп-тақуалар ерекше орынды иеленеді, олардың жеке үйлері мен мүліктері болмайды, бар болғаны – тамақ ішуге арналған кокос жаңғағынан жасалған шыны аяқ, отыратын орындарын тазалауға арналған сыпырғыш және ауыздарын басуға арналған мата қажет. Олар аз ұйықтайды, өте қарапайым болады, біреулердің қайырымдылыққа беретін қаражатына өмір сүреді, өз діндері туралы тақырыпта ғана әңгімелеседі, ағзаларын шынықтырады, тәндерін жансыздандырады, аштықтан қаза табуға дейін барады.

Джайнистер Үндістан жерінің аз бөлігін алып жатса да (шамамен 2-4 миллион), экономикалық, саяси және мәдени өмірге зор үлестерін қосады. Ауқатты джайнистер ғылым мен өнерге табынады, киелі әдебиеттерді қайта басып шығарумен айналысады, өз студенттерінің барлық шығындарын төлейді. Олардың арасында өзара көмек көрсетіп, қол ұшын беру сияқты рақымшылдық іс-әрекеттері кеңінен таралған.

**Сикхизм.** Индуизмнің бұл бағытының туындауына бір Құдай барлығына ортақ деген идеясы бар Ислам діні зор әсерін тигізді. Сикхизмнің негізін салушы – Нанак (1469-1539 жж.), ол балалық және бозбала шағында индуистік және мұсылмандық мектепте оқыды.

Нанак теологиясында Құдай тұлғасы жоқ жан ретінде танылады, оның құпиясын тек гурудың (оқытушы) көмегімен ашуға болатыны туралы жазылған. Құдайдың алдында барлығы бірдей: әйелдер мен еркектер, халықтар мен касталар. Құдай тақуалықты талап етпейді.

Сикхтер үшін киелі саналатын «Грант Сахиб» кітабында (**Оқытушы Мырза**) Нанак өз дінінің тек теориялық негіздерін баяндап қана қоймай, сонымен қатар, көптеген өсиеттерге толтырған.

Сикхтер Нанак өлімінен кейін бірін-бірі алмастырған гурулерді құрметтейді. Олардың арасында Гавинд ең маңызды орынға ие, ол 1699 жылы сикх қоғамдастығын басқарды. Ол моңғол императорлары шабуылдарына қарсы қуатты, жауынгерлік ұйымдастырылған өз әскерін (**хальса**) құрды. Бұл әскер қатарына қару-жарақты қолдана алатын барлық ер адамдар қабылданды. Әскер қатарына кіру үшін бес міндетті орындау міндеттелген: 1) шаш қимау және сақал өсіру, 2) шайқасқа ыңғайлы шолақ шалбар кию, 3) шашына тарақ тағу, 4) өзімен бірге үнемі садақ алып жүру, 5) қолына жауынгерлік болат сағатты тағып жүру.

Гавинд ағылшындардың 1849 жылы басып алғанға дейін өмір сүрген, оның өлімінен кейін жаңа тәуелсіз мемлекет құрумен аяқталған Ұлы

Моңғолдар империясына қарсы күресті басқарды.

Қазіргі таңда сикхизмнің киелі орталығы болып әйгілі алтын ғибадатханасы бар Пенджаб штатындағы Амритсар қаласы болып табылады. Индуизм жүйесінде сикхизм ерекше орын алады. Бұл моноатеистік дін эволюция барысында ортодоксальдық индуизмге қатысты жылы көзқарасты таныта бастады. Бірақ, Нанактың индуизм мен ислам діндерін жалпы Үндістан үшін ортақтандыру туралы ойлары жүзеге аспады. Мұсылмандар да, үндістер де сикх қоғамдастығын ерлердің қаһармандығымен және әйелдердің даналығымен, ынтымақтастық орнау және бір тәртіпке бағынумен ерекшеленетін ерекше каста ретінде қарастырады.

Джайнизм және сикхизм – бұл енді діндер индуизмге қарсы емес, керісінше, оның ажырамас құраушы бөлігіне айналды. XIX-XX ғғ. Индуизмді қайта құру әрекеттері бірнеше мәрте қайталанған. Бұл әрекеттер күні бүгінге дейін жүзеге асырылуда. Үндістанның шекарасынан тыс жерлерде *«Брахмо самадж»*, *«Арья Самадж»*, *«Миссия Рамакришны»* және басқа да «заман талаптарына сай қадам басатын» қоғамдастықтардың іс-әрекеті белгілі. Индуизмді ұстанушылардың жалпы саны – 650-700 миллион адам.

Қазақстанда индуизм діні *«Махаришидің ведалық қайырымдылық ұйымы»* немесе, басқаша айтқанда, *«Трансценденталды медицина қоғамдастығы»* атауымен танылған.

#### 4.6 Конфуциандық

Бұл дін б.з.д. 551-479 жж. Қытайда өмір сүрген негізін салушысы - Конфуций (Кун-цзы) есімімен аталады. Бұл есім әрбір қытайлыққа балалық шағынан бастап *«ұлттың ұлы оқытушысы»* ретінде танылған. Оның моласының жанынан Қытайдың ұлттық құрметіне айналған ғибадатхана мұражайы салынған. Ғибадатханалар мен үй мехраптарында Оқытушының мүсінді тұлғасы бар, оның алдында әр түрлі салттық діни рәсімдер орындалады.

Конфуция ілімінде ең маңызды мәселелердің бірі болып адамның қоғам мен отбасындағы әрекеттері табылады, бұл жөнінде *«Лунь-юй» (Әңгімелер мен талқылаулар)* атты жинақта мазмұндалған. Космологиялық идеялар өткеннің шындығының айнасы болғандықтан, қызықты болған.

Негізгі космологиялық категория – *Аспан*. Конфуций заманында Аспан құдірет күші, Реттеуші, Төреші және сана мен әділдікті танытушы ретінде айқындалған. Аспан нақтылықтан алшақ, ол дерексіз. Аспанның мейірімділігі немесе қаһары жөнінде табиғи құбылыстар арқылы пікір айтқан: қуаңшылық, су тасқыны, құрғақшылық, індет және т.б. Аспанның ашу-ызасын білдірді. Керісінше, қоғам мен мемлекеттегі оң істер аспанның адамдарға деген жақсы көзқарасын білдіріп отырды.

Адамдар мен Аспан арасындағы басты делдал ретінде *«Аспан ұлы»*

лауазымын алған Қытайдың жоғарғы билеушісі танылды. Императордың өзі ырым, салттарды орындап, Аспанға құрметіне құрбандық шалып отырған. Император діни құдіреттілікке ие болды, бірақ мүмкіншіліктері шектеулі еді. Қызметшілерді мемлекетке қызмет ету, мемлекетке табыну және ол арқылы Аспанға табынуды білдіру жөнінде сендірген. Билеушінің өзі де бір мезгілде Аспанның түрлі міндеттемелерін орындауға мәжбүр болды. Оның барлық іс-әрекеті мұқият алдын-ала белгіленген. Ол тамаққа, киімге, ырымдарға қатысты ежелден белгіленген қағидаларға сүйенеді.

Конфуциандық діні билеушілердің өзімшілдігі мен өз еркімен әрекет етушілігіне қарсы болған. Егер билеуші Аспан бұйрығын орындамаса, ол мемлекетті басқару құқығынан айырылады. Бас тарту дәрежесі император ақсүйектері жанындағы кеңесшілер мен министрлердің басты ұстанымдарын қолдаған конфуциандық ғалымдармен анықталады. Конфуций әркімді билеушіге қарсы жағымсыз шындықты да бетіне тік айтуға, ешбір үрейсіз сын айтуға үйретті. Оның көптеген шәкірттері шындықты жақтайтын, өз антын ұстану мақсатында өлім жолына дейін баратын міндеттерін орындады.

Конфуций ілімінде тақсыр тек Аспан Ұлы ғана емес, сонымен қатар, халықтың, мемлекеттің қызметшісі болып табылатынын айту қажет. Егер ол халықты қанап, қатігездік пен әділетсіздік танытса, Аспан бұйрығын орындамаса, халық оны зорлықпен орнынан тайдыруға дейін барады.

**Керемет тұлға жөнінде ілім.** Конфуций адамның табиғатын, оның мейірімді және опасыз жақтарын ұзақ және мұқият зерттеді. Мұның нәтижесі – философтың жоғары адамгершілік қасиеттеріне толы тұлғаны қалыптастыру. Адамның басты рақымшылдары – адамгершілік пен міндет сезімдері. Кіршіксіз тұлға – бұл әділ және қарапайым, байсалды және риясыз, даналықты құметтейтін, шыншыл, тамаққа, байлыққа және қолайлылыққа парықсыздық көрсететін адам, шындықты іздеуші, адамдарға қызмет етуші мейірімді тұлға және ата-бабаларын, ата-аналарын құрметтеп, билік басындағыларға ілтипат көрсетеді, ежелгі салт пен ырымдарды ұстанады.

**Әлеуметтік құрылым туралы ілім.** Конфуций өзінің әлеуметтік құрылым туралы ілімінде қоғамды бөлікке бөлудің, иерархиялық әлеуметтік құрылымды қалыптастыру қажеттілігі жөніндегі қағидаларды басшылыққа алады. Адам орны оның байлығы немесе шығу тегімен емес, оның адамгершілігі мен кәсіби шеберлігімен белгіленеді.

Әркім өз орнын біліп, соған қатысты қызметтерін тиісті түрде орындауы қажет: «әке-әке болсын, ұл-ұл, билеуші-билеуші, шенеуік-шенеуік болсын».

Қарым-қатынас иерархиясына ата-анаға, оқытушыларға, шенеуіктерге – жалпы үлкендерге бой ұсыну жатады. Конфуций мемлекетті үлкен отбасы, ал отбасын шағын мемлекет деп қарастыра отырып, жастар тарапынан үлкендерге әлипат көрсетіліп отырғанның арқасында тәртіптің орнауы қажет деп санаған.

**Ата-бабалар, отбасы және рулық қауымдастық туралы ілім.**

Өлгендерді құрметтеу – конфуциандық дінінің ажырамас бөлігі. Ата-аналарға құрмет көрсету одан әрі зор маңызға ие. Балалардың ата-аналарын а ізеттілік танытуы қасиетті парыз саналады. Балалар өмір бойы ата-аналарына арқау болып, сөздеріне әрдайым құлақ асулары қажет. Әкелері адамгершілікке жат өмір салтын жүргізсе де (ұрлық жасайды, шарап ішеді, шешелерін қорлайды және т.б.), ұлы немесе қызы оны жазғыруға құқығы жоқ, олар тек жаман қылықтарды жасамауын өтініп сұрайды. Қажет болған жағдайда, балалар ата-аналарының денсаулығы мен тыныш өмір сүрулері үшін қандай да болмасын тәуекелге барулары қажет. Балалары кез-келген шешімді ата-аналарының рұқсатымен ғана қабылдай алады. Шешесі немесе әкесінің өлімінен кейін балалары үш жылға дейін қаралы күйді бастан кешеді.

Конфуциандық діні ата-аналарды құрметтеуден басқа, отбасын да құрметтеуді меңзеген, әр отбасы мүшесінің мүддесі қорғалған.

Қытайда отбасы-туысқандық байланыстарға көп көңіл бөлінген. Үйленген ұлдары, келіндері, немерелері және шөберелері бар үлкен отбасылар бір шаңырақтың астында болмаса да, жақын жерлерде тұруы қажет. Қазіргі заманғы Қытайдың өзінде де туысқандар тобын құрайтын үлкен деревнялар бар. Мұндай рулық қауымдастықтарда өзара көмек көрсету арқылы жүзеге асырылатын қатаң тәртіп сақталады, салт пен әдет-ғұрыптарды сақтамайтындар қатаң түрде жазаланады. Бір адамның мәселесі барлық отбасы мүшелерінің мәселелеріне қатысты қарастырылады. Конфуций отбасы мен туған-туысқандарды қай жерде жүрсе де, естен шығармауға үйретті: әрбір қытайлық өз Отанынан қанша алшақ жүрсе де, қартайған шақта, ауру мен өлім аузына жеткенде, қалай да өз жеріне жетіп, руластары жатқан зиратқа көмілуі қажет.

***Тәрбие және білім беру жүйелері.*** Тәрбие беру балалық шақтан басталған. Балаларды жастайынан ата-бабалар салттарына үйреткен, ата-аналар мен жасы үлкендерді қоғамда, көпшілік арасында өзін-өзі ұстауға тәрбиелеген. Кез-келген адамгершілік және салттық міндеттерден бас тарту міндетті түрде жазаланған.

Конфуцийдің өмір сүрген кезеңінде кез-келген адамның білім алуға мүмкіндігі болмаған. Ең бастысы, көпшілікке мыңдаған иероглифтердің мазмұнын тану, оның арқасында кітап оқу қиынға соққан. Қызмет сатысына жоғарылау үшін конкурстан өту және емтихан тапсыру тәртіптері арқылы іріктеу жүйесі бойынша жүзеге асырылған. Міне, сондықтан да, халық қалаулыларының басқарушы тобы тек қабілетті азаматтардың көмегімен қалыптасты – протекционизмге мүлдем жол берілмеді.

Аталмыш дінде ненің қалай жасалатыны анықталады – бұл тағамға, киімге, қарым-қатынасқа, ырымдар мен сөз сөйлеу өнеріне қатысты мәселелер.

Конфуциандықтар өздерінің таза және адал атақтарын бағалайды, сондықтан да, олар үшін біреуге кез-келген қылығы үшін жала жабу рухани жанының өлгенімен тең болады.

Ұзақ тарихи кезең бойы конфуциандық діні мемлекеттік идеология



қызметін орындаған. Оның қытай халқының қаны мен тәніне енгені сонша, қазіргі заманғы коммунистік Қытайдағы халықтың ұлттық сипаты, оның психологиясы, сөйлеу мәнері мен өмір сүру дағдысы ұлы Конфуцийдің идеяларымен толысқан.

Статистика мәліметтері бойынша конфуциандықтардың саны жүздеген миллион адамға жеткен. Бұл сан тек Конфуцийдің ортодоксалды қолдаушыларын ғана қамтиды деген ой келеді. Әрбір ересек қытайлық христиан болсын, мұсылман болсын, жақынырақ көз салсаңыз, конфуциандық болып табылады.

Конфуциандықта дін қызметкерлерінің ерекше сөздері болмайды. Діни рәсімдер мен салтанаттарды отбасы отағалары мен ағайындары орындайды.

#### 4.7 Даосизм

Даосизмнің негізін салушы – б.з.д. IV ғ. Қытайда өмір сүрген Лао-Цзы болып табылады. Оның өмірі туралы нақты ақпарат жоқ. Даостар үшін киелі саналатын басты еңбек «Дао-дэ-цзин» (*Адамгершілік жолы*) деп аталады.

Лао-Цзы жөніндегі ілім өте күрделі тілмен жазылған. Философиялық-діни орталығының доктринасы ретінде *Дао жөніндегі ілімді* атауға болады. Дао дегеніміз не? Бұл терминнің мазмұны көп мағынаны білдіреді: Дүниежүзілік заң, Ақиқат, Тәртіп, Абсолют, Бастамалардың бастауы, Табиғаттың жалпыға ортақ заңы. *Дао* – ол барлығы да, ештеңе де емес, ағзалардың сезімдерді қабылдауы, оны ешкім туындатпаған, бірақ ол барлық жерде және әрқашанда жүреді.

Біз Дао жөнінде не біле аламыз? Оны анықтаудың құралы Даоның нақты сапасы дә болып табылады. Дао туындатады, дә – қоректендіреді, өсіреді.

Даоны зерттеу және онымен етене жалғасу – адамзат өмірінің мәні және мақсаты. Даолықтар өмірді бағалаған және бағалайды. Олардың сан ғасырлар бойғы мәңгілік өмірге ұмытылыстары аса зор назар мен құрметтеуді қажет етеді. Біріншіден, даосизм ауыр, орташа, және ең соңында жеңіл тағамнан бірітіндеп бас тартуды қарастыратын тамақтану жүйесін әзірлеген – даолықтың тек ауамен, сумен және өзінің сілекейімен қоректену қажеттігі ғажайып құбылыс саналады.

Даолықтар ұзақ өмір сүретін жануарлардың тіршілік әрекетін мұқият зерттеген – сондықтан да, олардың ұзақ өмір сүруге жеткізетін жетістіктері туралы ілімдерінде йога жүйесі бойынша дене шынықтыру және дем алу жаттығуларына көп көңіл бөлінеді. Даолықтар мұнымен шектеліп қана қоймай, Даоны толығымен танып, онымен жалғасу үшін адам ағзасының жүздеген жылдарға дейін өмір сүруіне мүмкіндік туғызатын – *«мәңгілік өмір сүру дәрісін»* ойлап табуға тырысты.

Олар көптеген диеталық тағамдарды ойлап тапты, олардың құрамына кейбір минералдар кірген. Даолықтардың мәңгілік өмір туралы ілімі қытай

қоғамының жоғары лауазымдағыларын қатты қызықтырғанын айта кету маңызды. Мәңгілік өмір сүруді аңсаған императорлар даолықтарға тек моральді көмек көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар, қаржылай көмек көрсетіп отырған.

Мәңгілік өмір сүруге жетудің түрлі тәсілдерінің ішінде практикалық жыныстық қатынасқа көп көңіл бөлінген, онда қажетті ережелерді орындау жағдайында, екі жақтың да ағзаларын нығайтып, жасару қабілеті туындайды. Әр түрлі тілдерге аударылған *«Махаббат Даосы»* кітабы дүниежүзінде зор сұранысқа ие.

Даосизм жүйесінде адамгершілік аспектісі аса мәнді саналады. Даолықтар барлық жағымды істердің кем дегенде бір теріс қылықпен толысып отыратынын айтты.

Ең жоғары құрметтелетін ізгіліктердің ішінде бірінші орынға - 1) ата-ананы құрметтеу; 2) басшыға, оқытушыға, үлкенге бас ию; 3) барлық тірі жанға сүйіспеншілік таныту, 4) өзін-өзі құрбандыққа шалу; 5) барлық мұқтаж жануарлар, құстарды қоректендіру; 6) өсімдіктерге қамқор болу; 7) жетімдер үйлерін, қонақ үйлерді, керуен сарайлары орналасатын мекемелерді салу; 8) білімді және адамдарға қызмет көрсетуді насихаттау; 9) киелі әдебиеттерді оқу; 10) салттарды және құрбандыққа шалу әрекеттерін сақтау.

Осыған орай, даолықтардың кез-келген аурулар туралы талқылаулары маңызды болып табылады. Даолықтардың пікірінше, барлық аурулар адамдардың өз іс-әрекеттері мен күнәларының нәтижесі. Әрбір теріс әрекет ақырында аурумен аяқталған. Сондықтан да, көп жағдайда ауруларды емдемеген, керісінше, сау адамдардан алшақтатқан, оларды өздігінен өмір сүріп, жасаған күнәлары үшін тәубе қылуға мәжбүр еткен.

**Даосизмнің ұйымдастырушылық құрылымы.** Даолықтарды патриарх-әкелер басқарған. Даолықтар бір қауымдастыққа жиналған, олардың басшылығында шектеусіз міндеттемелері бар, билікке мұрагерлік жолмен қол жеткізген басқарушылар тұрады. Әрбір қауымдастық рухани қалаулы топтардан және қатардағы даолықтардан құралды. Рухани тәлімгерлер салттарды ұстанады және діндарлардың қатаң ұстану тәртібін қадағалайды.

Қауымдастықтар міндетті қайырымдылық есебінен ерікті түрде қызмет атқарады. Барлық маңызды істер қауымдастық басшысының кеңесімен шешіліп отырады. Қауымдастықтың қатардағы мүшесі кез-келген ойлаған шараны жүзеге асыру үшін рұқсат немесе бата алуы қажет: үйлену тойы, тұрмысқа шығу, үйдің құрылысы, оқуға кету, өлген адамның көмілген жері.

Даосизмде қауымдастықтардан басқа, монахтық өмірге зор көңіл бөлінді. Даолық монахтар жеке оқу орындары болып табылатын монастырларда өмір сүреді. Онда олар шеберлерді практикалық жұмыстарға дайындайды және өзін-өзі жетілдірумен айналысады.

Даолық дін басылардың екі категориясының болатынын белгілеу қажет: христиан шіркеуіндегі діни қауымның өмір сүру жағдайынан ешбір

айырмашылығы жоқ отбасы құрмаған бетке ұстар қалаулы тобы мен қатардағы қызметшілер.

Даостық қауымдастықтың рухани көшбасшылары да, қатардағы мүшелері де тірі жандарды өлтірмеу, жүрегің қаламаған заттарды сөзбен айтпау, шарап ішпеу, ұрлық жасамау, нәпсіге жол бермеу сияқты діни анттардың сақталуын қадірлейді.

**Даосизм өсиеттері.** Жоғарыда аталып кеткендей, индуизм мен конфуциандық діндері «өмірдің кез-келген жағдайына» байланысты тыйым салулар мен өсиеттерді әзірлеген. Даосизм де осылардың қатарына кіреді. Оның ең маңыздылары 212 ішінен төменде келтірілгендері болып табылады.

- ақиқат жолымен жүр, жалған жолға түспе;
- рақымшыл адамдарды жина және абыройыңды арттыр;
- мұқтаж адамдарға қол ұшын бер;
- біреудің қуанышына ортақ бол;
- біреудің қайғысына ортақ бол;
- жамандықтан сақтанып, жақсылыққа ұмтыл;
- қайырымдылық таныт, бірақ оның орнына марапат күтпе;
- өзіңнің кереметтілігіңді айтып, мақтанба;
- өтірік айтпа, қулық пен айлакерлікке жол берме;
- мейірімді адамдарды балағаттама;
- өз қамыңды ойлап, өзіңнен төмен адамдарға нашар қарама;
- қайырымдылық үшін басшыларға жағымпазданба;
- жақсы істерді жасауды ұмытпа;
- кек сақтама;
- жазықсызды жазалама;
- біреудің орнын алу үшін жолынан тайдырма;
- басқа біреуге өз кінәңді жаппа;
- біреудің мүлкін ұрлама;
- адамдарды қайыршылық күйге түсірме;
- өзіңнің қарыз берушіңе өлім тілеме;
- қарыздарды өте;
- әйелің мен күніңнің айтқанын тындама;
- әке мен шешенің бұйрықтарын бұзба;
- ойланбай сөйлеме;
- және т.б. (Өсиеттердің толық тізімін: Беггани и Дуглас. Великие религии Востока, часть вторая. М., 1899 қарау).

#### **4.8 Синтоизм**

Синтоизм – жапондықтардың ұлттық діні. Синто (*құдайлар жолы*) дін ретінде б.з. 6-7 ғғ. қалыптасты. **«Кодзики»** қасиетті кітабы болып табылады, онда ежелгі нанымдарға негізделетін космологиялық, тарихи және өсиет идеялары мазмұндалған.

Синто іліміне сәйкес, бастапқыда әлемнің жаратылысына дейін

Идзанаги құдайы мен Идзанами әйел құдайы өмір сүрді. Бірақ, Идзанами әйел құдайы босану кезінде қаза табады. Қайғы-қасіретке толы Идзанаги жас төккен, оның сол жақ көзінен Күн құдайы – ең құрметті әйел құдайы, япондық императорлардың бабасы саналатын Аматаэрасу Омикамиге (*Аспанды сәулелендіруші*) айналған көз жасы төгіледі.

Шығыстың басқа діндері сияқты, синтоизмде де белгілі бір нақты қызметтерді орындайтын сансыз құдайлар бар. Таулардың, өзендердің, ормандардың, жаңбырдың және т.б. құдіретті күші құрметтеледі. Ата-бабалардың жат дүниеге сіңсе де, жер бетіндегі оқиғаларға әсерін тигізетін ғибадаттары аса маңызды орынға ие. Жапонияда көптеген құдайлардың құрметіне құлшылық ету және ақшалай немесе тағамдар түрінде тасаттық берулер жүзеге асырылатын мыңдаған ғибадатханалар салынған. Абыздардың лауазымдары атадан балаға аманат ретінде беріліп отырған.

Синтоизм таза түрінде жоққа шығарылатынын атап айтқан жөн. Мәселе, Жапонияға сіңген буддизм мен конфуциандық діндерінің синтоизммен етене жалғасқаны сонша, олардың арасындағы шекара аса шартты сипаттамада болады. Мысалы, синтоистік құдірет күштері буддисттік пантеондардың әр түрлі құдайларының нақтылы түрде көрсетілуімен танылады. Әдетте, жапондықтар екі дінді бір мезгілде ұстанады. Балаға ат қою, неке қию рәсімі, императорларды таққа отырғызу және басқа да салттар синтоистік ғибадатханаларда жүргізіледі, ал, жерлеу-ас беру рәсімдері буддистік ғибадатханаларда буддистік ырымдар бойынша орындалады.

Синтоизм буддизм дінінен жапондықтардық ұлттық рухтағы төмендегі ережелерін тікелей пайдаланысқа алған:

- а)* оқытушы мен оның білімдерінің сөзсіз беделі;
- б)* мақсатқа жету барысындағы психотехника және өзін-өзі бақылау;
- в)* білімге мен оқытушыға жан-тәнімен берілу.

Синтоизм және буддизм синтезі (*дзен-буддизм*) самурайлар (жауынгерлер) кодексін қалыптастырды. *Самурайлар* – қоғамның ерекше табы, оларға ержүректілік, өзін-өзі құрметтеу сезімі, отбасы мен абыройы үшін өзін-өзі құрбандыққа шалуға дейін бару, өз патшасына ессіз берілу қасиеттері тән.

Өлім аузына түсетін самурайлар о дүние туралы ойламаған. Олар үшін ең бастысы – тірілердің есінде мәңгі қалу, өлімнің өзі болмашы түрінде, яғни, жанның бұ дүниеге жаңа тәнге қонып, қайтадан жандану түрінде қабылданады.

Синтоизм буддизм дінінен ең керемет жақтарын ала отырып, жапондардың ерекше өсиеттерін қалыптастырды, оның ең мәнді сипаттамаларына әсемдік, сыйластық, өзін-өзі шектеу, еңбек пен адалдыққа ұмтылыс жатады.

Синтоизм діні конфуцийлықтардан өзінің қорғаушысына, отбасына және туысқандарына адалдық таныту қасиетін алған. Сонымен қатар, олардан ата-бабаларға, ақсақалдарға, үлкендерге табынушылық қасиеттері дарыған.

Синтоизм жапондық ұлтшылдықтың символы болған және әлі бұл де сақталып келеді, ол императорға, Отанына жан-тәнімен берілгендігін, ұлттың ерекше екендігін мойындауды қамтиды. Бұл өмірде жапондықтың фирмаға бір рет орналасып, қартайған шағына дейін сол жерде қалып, жұмыс істеуінен көрінеді. Фирмада мұндай қасиеттер құндылығына қарай бағаланды, сондықтан да, жапондық кәсіпорындарда жұмыс күшінің тұрақсыздығы жоқ.

Сонымен қатар: жапондықтар – ұлы плагиаторлар. Олар біреудің идеяларын, ойларын және тәжірибелерін шын көңілмен өз тәжірибелеріне енгізеді. Онда ешбір пайдалы зат жарамсыз болып қалмайды. Тұрақтылық, өзінің ұлттық ерекшелігін жоғалтпай, өмір сүре білу, басқа мәдениетті құрметтеу, жұмысқа қабілеттілік, адалдық, әдептілік – жапондық ерекшеліктің ажырамас бөлігі ретіндегі синтоизмнің соңғы іс жүзіндегі жалғыз көрсеткіші емес.

Синтоизмнің табынушылық жағын қарастыратын болсақ, онда оның жүзеге асырылуы шартты түрде келесі элементтерге бөлінеді:

- шіркеулік синтоизм, онда барлық шаралар жалпы жапондық құдайларға арналған;

- үй синтоизмі, онда барлық шаралар отбасы (ру) шеңберінде жүзеге асырырылады және ең бастысы, Аматаэрасу құрметіне арналып діни ырымдар орындалады;

- ұлттық синтоизм, ондағы рәсімдер шіркеуден, отбасынан бөлек орындалады және кез-келген жергілікті құдайлар мен рухтардың құрметіне арнайы бағышталады;

- секталық синтоизм, ол әр түрлі мектептері мен дәстүрлерінің болуымен сипатталады, олардың әрқайсысы «*Кодзики*» атты киелі кітаптың мәтінін өзінше жеткізеді және оны күнделікті тұрмыстағы қолданысқа енгізеді.

- Синтоизмді ұстанушылар саны - 85 миллион адам, негізгі бөлігі жапон ұлтының өкілдерінен шыққан.

#### Әдебиет

1. Арутюнов С.А., Светлов Г.Е. Старые и новые боги Японии. - М., 1968.
2. Атеистический словарь. - М., 1983.
3. Афоризмы старого Китая. - М., 1988.
4. Беленький М.С. Иудаизм. - М., 1966.
5. Боги, брахманы, люди. - М., 1969.
6. Васильев Л.С. Культы, религии, традиции в Китае. - М., 1970.
7. Васильев Л.С. История религий Востока. - М., 1983.
8. Гусева Н.Р. Индуизм. - М., 1977.
9. Мифы народов мира. Энциклопедия. Т. 1-2. - М., 1987-1988гг.
10. Савченко П.Д. Сравнительное богословие. – М., 1991.
11. Сидихменов В.Я. Китай: страницы прошлого. - М., 1978.
12. Философская энциклопедия в 5-и томах. - М., 1960-1970 гг.

### **Бақылау сұрақтары**

1. Екісу мен Ежелгі Мысырдың діни жүйелерінің ерекшеліктері қандай?
2. Зороастралық дін оқуына сипаттама беріңдер.
3. Иудаизмдегі дін оқуы мен табыну дегеніміз не?
4. Индуизмнің ерекшелігі неде? Джайнизм мен сикхизмнің индуизмге қатынасы қандай?
5. Конфуциандық пен даосизмнің бір-бірінен айырмашылығы және оларға ортақ қасиеттері қандай?
6. «Иудаизмнен қандай діндер» шыққан?
7. Синтоизмді және оның жапон халықтары мәдениетіне қалай әсер ететіні туралы сипаттаңдар.

## 5 бөлім Дүниежүзілік діндер: тарихы, негізгі түсініктері мен бағыттары

### 5.1 Буддизм

Буддизм ең «*ежелгі*» дүниежүзілік дін болып табылады. Бұл дін б.з.д. VI ғ. Үндістанда пайда болды. Буддизм дінін ұстанушылар саны - 800 миллион адамнан асады. Буддистердің көп бөлігі Вьетнам, Кампучия, Қытай, Корея, Лаос, Мьянма (Бирма), Непал, Таиланд, Шри-Ланка, Жапония сияқты мемлекеттерде тұрады. Буддистер қауымдастықтары барлық құрлықта, соның ішінде, Еуропа мен Америкада қоныстанған.

**Буддизмнің негізін қалаушы тұлға.** Ғылыми дүниеде буддизмнің негізін салушыға қатысты екі ұстаным бар. Мифологиялық мектеп Будданы ойдан табылған, мистикалық, халық қиялынан ойлап шығарылған тұлға деп есептейді. Басқа тарихи мектептің жақтастары Будданы шынайы тарихи тұлға ретінде таниды. Буддистердің өздері үшін Будда қаншалықты қиялға жайып тұлға болса да, оның шынайы тұлғасы ешбір күмән тудырмайды.

Будданың танымал бес өмірбаяны белгілі, оның өмір сүрген кезеңдеріне қатысты біршама айырмашылықтар бар: б.з.д. 623-544 жж., б.з.д. 564-483 жж., б.з.д. 560-480 жж. Буддизмнің негізін салушылардың әр түрлі есімдері мәлім: Сиддхартха (*жеке аты*), Гаутама (*рудың аты*), Шакьямуни (*шакья тайпасының көсемі*), Бхагаван (*мақтанышы*) және т.б.

**Сиддхартха** мемлекет билеушісінің ұлы болды, бірақ оның өмірі қарапайым адамдардың өмірімен еш ұқсастығы болмады. Ол молшылық пен байлықта өсті, оның өмірі қарағылық пен жағымсыз заттардан қорғалды. Мұнымен қоса, сүйікті әйелі мен ұлы болды. Бірақ күндердің бір күнінде ол ақсақалды, ауру адамды, жерлеуге арналған екі аяқты күйме арбадағы өлген адамды және данышпан-тақуаны бір мезгілде кездестіреді. Олардың қайғы-қасіретін: қартайған шақтың қасіреттерін, аурулардың, дос-жарандардың, өлгендердің туған-туысқандарының және ақиқат жолын іздеушілердің қайғы –қасіретін көреді. Сиддхартха алдында көптеген мәселелер туындады: қайғы-қасіреттердің мәні бар ма? қайғы-қасіреттің көзі болып не табылады? қайғы-қасіреттен қалай арылуға болады?

Өзінің ұстаздары арасынан бұл сұрақтардың жауабын таба алмай, қара шаңырағын тастап, ақиқатты іздеу жолына түседі. Оның сан жылдар бойғы жиһан кезуінің нәтижесінде ақиқаттың жауабы өздігінен табылады. Дәл осы сәттен бастап, Шакьямуни Гаутама Будданың, жоғары данышпандық нұрына бөленген, сөйтіп, адамзаттың ұстазы және қорғаушысына айналды.

Шындыққа жеткен Будда одан әрі белсенді діни уағызшы бола бастады, оның барлық айтқаны мен ісетеген істерін қолдайтын шәкірттері пайда болды. Жаңа ілім бірігіп адамдардың жаны мен ойын өзінің қарапайымдылығымен және анықтылығымен жаулап ала бастады. Үндістанда Будданың өмір сүрген кезеңінің өзінде Ұстаздың өсиеттері мен

ережелері бойынша өмір сүрген монахтық қауымдастықтар ұйымдастырылған.

Бұл ұлы дана 80 жасында өмірден өтті. Сол кезеңдегі Үндістан (қазіргі заманда да) дәстүрі бойынша денесі отқа тапсырылды, ал күлінің бір бөлігі шәкірттері арасында бөлінді, қалғаны желмен ұшып кетті.

Оның өмірбаянында көптеген мифологиялық өзгешеліктер бар, олардың «ақиқаттығы» ортодоксальды буддистер үшін ешбір күдік тудырмайды. Осылайша, әр түрлі пікірлердің бірінің пайымдауынша, Шакьямуни Гаутама Будда болғаннан бұрын, жер бетінде өмір сүргеннен бастап көптеген дүниеге келу шақтарын бастан кешірді. Ол 83 рет әулие, 58-патша, 24 – монах, 18 – маймыл, 12 – тауық, 13 – саудагер, 8-қаз, 6 – піл атанды, сонымен қатар, балықтың, егеуқұйрықтың, бақаның, қоянның бейнесінде болған және ондай қайта туулар саны 550 жетеді.

Буддизмнің негізін салушылар туралы мазмұндауды аяқтай отырып, бұл дінде жеке есімдері бар бірнеше Буддалардың болғаны жөнінде айта кету қажет. Олардың ішінен тек біреуі ғана жоғары Ұстаз алдыңғы буддалардың синтезі болып табылады. Сондықтан да, Гаутама эпитеті - Будда (**«жарқын»**) әрқашан да бас әріппен жазылады.

Е.Рерих буддизмнің негізін салушыға керемет сипаттама берді: «Будда Құдай тұлғасының бар болуын жоққа шығарды. Будда мәңгі және өзгермейтін жанның болуын жоққа шығарды. Будда әрбір күннің өмір сүру туралы заңдылықтарын көрсетті. Будда меншікке қарсы әрекет етті. Будда өз еркінше касталардың жауыздығы мен таптардың басымшылықтарына қарсы күресті. Будда іс жүзіндегі, шынайы білім мен еңбек құндылығы туралы баса айтты. Будда әлем өмірін оның толық шынайылығымен зерттеуді өсиет етіп тапсырған... Жүздеген миллион Будданы құрметтеушілер бүкіл дүние жүзіне тараған және былайша пайымдаған: «Буддаға, оның іліміне, Қауымдастыққа сүйенемін» [1].

**Будданың догматикасы (ілімі).** Будданың ілімі қасиетті кітаптарда жалпы «Трипитака» (**үш себет**) атауымен мазмұндалған. «Трипитака» - бұл 17 кітап пен жинақ түрінде берілген, онда дін оқуының өзі, оның түсіндірмесі, адамгершілік өсиеттері, монахтық қауымдастықтардағы өмір сүру тәртібі, аман қалу жолдары және т.б. баяндалады.

Буддистік әдебиетте Будданың нұрлану фактісі маңызды орынға ие, соның нәтижесінде ол арқылы **«Себеттер тізбектері»**, ең соңында жамандықтың қайнар көзі табылды: 12) Өмірдің өзі қайғы-қасірет, өйткені онда кәрілік, ауру, өлім мен адамгершілік тұрғыдан азап шегулер болады; 11) Мен қайғырамын, өйткені мен дүниеге келдім; 10) Мен дүниеге келдім, себебі, болмыс әлеміне бағынамын; 9) Мен туамын, себебі, мен өзімнің өмірге келгеніме ризамын; 8) Мен ризамын, өйткені, менің өз тілектерім бар; 7) Менің тілектерім бар, себебі, менде сезім мен сезімталдық мүшелері бар; 6) Мен сезінемін, себебі, қоршаған ортамен жақындасамын; 5) Бұл жақындастықтар менің алты сезімім арқылы жүзеге асады; 4) Менің сезімдерім айқындалады, себебі, болашақ тұлға ретінде мен өзімді өзіндік қасиеті жоқ адам қасиеттерінен қарсы қоямын; 3) Мен – тұлғамын, себебі,



менде сана мен сол сананы түйсіну қасиеттері бар; 2) Бұл сана менің бұрынғы өмірімнің нәтижелері болып табылады; 1) Бұл өмір менің санамды күңгірттеді, себебі, мен мұны білмегенмін.

Себептіліктің бұл тізбегі кері тәртіппен мазмұндалады: 1) Авидья (қараңғылық, надандық, күңгірттік); 2) Сансара (карма, жаза); 3) Вижнана (сана, түйсіну); 4) Кама (форма, сезімталдық немесе сезімі жоқтық); 5) Шадаятана (алты сезім); 6) Спарша (жанасу, өзара байланысу); 7) Ведана (сезіну); 8) Тришна (аңсау, құмарлық); 9) Упадана (әуестік, жақындасу); 10) Бхгава (болмыс); 11) Джати (дүниеге келу); 12) Джара (қарттық шақ, өлім).

Будда ілімі төрт постулатқа негізделеді, олар әдебиеттерде **«төрт игілікті ақиқат»** атауымен мәлім және Бенарес қаласында мазмұндалған.

**1. Өмір деген-қайғы-қасірет.** Барлық тірі жан дүниеге келген кезінен бастап, өмірінің соңына дейін қайғы-қасіретке душар болады. Будда ең алғаш дүниені қалаушылар (**материалды және рухани**) қандай да бір ажырамас бөлшектер болып табылатыны туралы оқытады (**дхармалар**). Барлық тірі жандар дхарманың қисындастыруы болып табылады. Адам тәннен, сезімнен, күштен және сана актілерінен құралады. Көру, есту, сезу арқылы қошаған ортамен байланыста болады, оған жақындасады. Оның іс-әрекеті, надандығы, құмарлығы мен тілектері жақсы немесе жаман карманың себептері болып табылады. Индуистер сияқты буддистер адамның жағдайы өткен және қазіргі өмірде істеген әрекеттері мен ойларымен анықталады деп сенеді. Өлім жоқ, тек шексіз өзгеріске түсу процесі ғана (сансара) болады. Қайғы-қасірет пен өмір өзара байланысты болады: қайғы көрмей, өмір сүру мүмкін емес; өмір сүрмей, азап шегуге болмайды. Адам өз қайғы-қасіреттеріне өзі кінәлі.

Буддизм физикалық және психикалық дүниенің арасында айырмашылықты көрсетпейді: бұл – бір шындық.

**2. Қайғы-қасіреттің қайнар көздері тілектер, қажеттіктер, нәпсілер, құштарлықтар** – яғни, өмірлік процестің мәнін құрайтын және өмір сүру үшін күреске шақыратын қасиеттер **болып** табылады. Карма заңы адам немесе кез-келген тірі жанның төмен немесе жоғары жағдайда болуын анықтайды. Карманың түрлері жеке, отбасылық, рулық, ұлттық, ғарыштық болып бөлінуі мүмкін: барлығы да өткенде істеген істерінің нәтижесін көреді. Карма тек саналы әрекеттер мен тіршілік арқылы құралады: сана болмаған жерде карма да болмайды.

**3. Қайғы-қасіреттен арылу үшін тілектерден, қажеттіктерден, құштарлықтан арылу қажет.** Адам өмірінің соңғы мақсаты – қайта туу, (сансара) бұғауынан шығып, тілектер өрмегінен босатылып, **нирвана** күйіне өту. Нирванада қайғы-қасіреттің туындауына жол берілмейді. Сонымен қатар, нирвана өзін-өзі толық жоюға ықпал жасамайды, ол «Мен» деген өзімшілдіктен босатуды, эмоциялардың толық басылуын білдіреді.

**4. Қайғы-қасіреттен арылып, сегіздік жолы – нирвана күйіне көшу жолы төмендегілерді қамтиды:**

1) дұрыс ұғыну (ырымшылдық пен адасудан босату); 2) дұрыс ойлау (ақылды адамға лайықты қасиет); 3) дұрыс сөйлеу (мейірімді, ашық,

шыншыл); 4) дұрыс іс-әрекет (бейбітшіл, адал, таза); 5) дұрыс өмір сүру салты (тірі жандарға зиян немесе қауіптілік әкелмейтін); 6) дұрыс талпыну (өзін-өзі тәрбиелеу мен бақылау); 7) дұрыс назар білдіру (белсенді қырағы ақыл); 8) дұрыс жинақталған ой (өмірдің шынайы мәнділігіне терең медитация жасау).

Будда ұсынған сегіздік тәсіл *«орташа»* атауын білдіреді.

Сонымен, игілікті төрт шындық мыналарды білдіреді: қайғы-қасіреттің болуы, қайғы-қасіреттің себебі, қайғы-қасіретті жою жолы.

Сонымен қатар, буддизм қайғы-қасіреттен арылу жолындағы аса маңызды он кедергілерді бір мезгілде қарастырады: 1) Қиял; 2) Күдік; 3) Ырымшылдық; 4) Нәпсіге құмарлық; 5) Өшпенділік; 6) Бауыр басу, әдет; 7) Ләззат пен қанығуға талпыну; 8) Тәкаппарлық; 9) Өзімшілдік; 10) Надандық.

**Буддизм гибраты.** Буддизм діні өзінің адамгершілік бөлімінде құдайлардың адамдар сияқты қайта туу бұғауына түсіп, қайғы-қасіретке душар болатынынан бастау алады. Сондықтан да, сансараны үзген Будда құдайлардан жоғары тұрады. Дегенмен, Буддаға талпыну емес, оның өсиеттеріне сәйкес өмір сүру маңызды болып табылады. Бұл өсиеттердің өзін бірнеше категорияға бөлуге болады:

**а)** қысқартылған нұсқа (*панча гилла*): адамның өлтіруден, ұрлық жасаудан, зинақорлықтан, өтірік айту мен ішімдік ішуден бас тартуы.

**б)** кеңейтілген нұсқа: жоғарыда аталып кеткен бесеуіне қосымша – қастандық жасамау, дәрекі сөйлемей, мағынасыз бос сөйлемей, біреудің меншігіне қол сұқпау, зұлымдық танытпау, әділ ойлау.

**в)** толық нұсқа (*монахтар үшін*): монахтарға нені істеуге рұқсат етілетіні, нені істеуге тыйым салынатыны көп орынды алар еді – монахтың халықпен қарым-қатынасы жайлы айтумен шектелетін.

Монахтың буддистік қоғамдағы мәртебесі өте жоғары, сондықтан да, оған деген қарым-қатынас құрметтеу және сыпайылық танытумен ерекшеленеді. Монах ешкімнен еш нәрсе сұрамауы қажет. Керісінше, оған қайырымдылық танытқандар олардың бергендерін қабылдағаны үшін алғыс айтулары қажет. Үйде монахты ең құрметті орынға отырғызады. Ол үшін әйел адаммен жақындасу әдепсіз қылық саналады. Монах өзіне тағамдарды қабылдағанда қатаң шектеуліктер қояды – олардың барлығы вегетариандықтар және таңертеңгі уақытта ғана тамақтанады. Монахтың мүліктері – кесе, терең ыдыс, ұстара және аса таяқ. Монахты ыңғайсыз жағдайға қалдыруға болмайды – қарапайым адамдар оларға ненің қажет, ненің қажет емес екендігін білу қажет, олар мұны отбасында, мектепте, ғибадатханаларда үйренеді.

Жалпы, буддизмнің гибрат өсиеттері адамгершілік жағынан және даналығымен ерекшеленеді. Онда жақсылық пен жамандық түсініктері нақты көрсетіледі. Будданың көптеген идеялары (мысалы, қайғы-қасірет туралы) бірітіндеп христиандық және ислам діндеріне етене жалғасып кетті. Буддистік өнегенің өзегі: *«Сүйетін жүрек – ең жоғары саналады»* деген сөздер болып табылады.

**Буддизмнің бағыттары.** Сангх ұстаздың өлімінен кейін (монахтық қауымдастық), Үндістан шекарасынан ары қарай қадамдар жасады және миссионерлердің келуіне дейін өмір сүрген діни жүйелерге бейімделуге тура келді.

Қауымдастық арасында Будданың шынайы ілімінің дәстүріне сәйкес нирванаға жету жолының мәселелеріне байланысты қарама-қайшылықтар бірітіндеп қарқындай бастады.

Ең алғаш ірі бөлінулер II-буддистік шіркеуде б.з.д. 340 ж. болды, буддистер стхавирлер мен махасангхактарға бөлінді. Олардың арасындағы дау Ашока патшаның үшінші рет жиналыс өткізуінде б.з.д. 253 ж. дейін жалғасты. Жиналыста қарама-қайшылықтардың алдын алып, буддизмді Үндістан шекарасынан тыс жерлерде насихаттау шарасы қабылданды. Қарама-қайшылықтар біраз уақытқа дейін тынышталды, бірақ артынша қайтадан жандана бастады. Әр түрлі мектептер мен бағыттардың ұстанымдарын біріктіру үшін төртінші буддистік жиын (б.з.І соңы) қайтадан ұйымдастырылды.

Нәтижесінде, буддизмнің догматикасын, оның салтын, тәртіп жарғысын және т.б. бір ізге салуға бірнеше рет әрекет жасалды, бірақ бұл әрекеттер жүзеге аспады. Қазіргі заман буддизмінде төмендегідей бағыттар бар.

### **1. Хинаяна** (кіші жол, кіші екі аяқты күйме арба).

Бұл мектептің тарихы Будданың өлімінен кейінгі кезеңнен басталады және қатаң жарғы мен тәртібі бар монахтық ұйымды қамтиды. Хинаянистер өздерін «тхеравада» деп атайды, ал «хинаяна» атауы балағат сөз ретінде ретінде қабылданады. Қауымдастық екі принципті қатаң ұстанады – жекеменшіктен бас тарту және кіршіксіз адамгершілік.

Осы ілімге сәйкес, Будда 550 рет қайта туып, адамдар арасында әрбір 5000 жылдан соң пайда болып отырды. Хинаяна – буддизмнің өзгеше ойлау және өздігінен әрекет етушілікті болдырмайтын аса ортодоксальді бағыты. Монахтардың өмір сүру салты жеке басын сақтау жолы бойынша Будданың өсиеттерін ұстануға бағытталған. Қандай да бір ортақ ұйымдастырушылық әрекет жоқ: даулы мәселелер монах ғалымдардың жиынында шешіледі (**сангити**).

Хинаянның көптеген қоғамдастықтары Мьянма (Бирма), Шри-Ланка (Цейлон), Таиланд, Лаос, Кампучиде қызмет етеді. Олардың саны Үндістанда, Бангладешта, Вьетнамда, Непалда және т.б. жерлерде аз тараған.

### **2. Махаяна** (кең жол, үлкен екі аяқты күйме арба).

Хинаянмен салыстырғанда, махаяна құтқару амалдарын монастырға кетпей-ақ табуға болатын жолдарын қарастырады. Махаянаны уағыздаушылар әркімнің тек өзін ғана ойламай, басқаларға да еркіндік жолындағы күресте қол ұшын беру қажет деп есептейді. Будданы жер бетінің ерекше қасиеттерге толы иесі деп санайтын хинаяна ілімдеріне қарсы махаяна оның қасиеттерін белгілі бір дүниенің принциптері арқылы туындаған адам, ғажайып жан ретінде қарастырады.

Діндар адамдар үшін ең жағымдысы болып әрбір адамның сансара шегінен босатылып, Будда күйіне жете алу мүмкіндігі табылады. Бодхисаттва – нирвана күйіне түспейтін, Буддаға жатпайтын, өз еркінше карма заңдарына бағынатын және жер бетіндегі барлық тіршілік иесіне көмектесетін адам.

Махаяна бағыты Монғолияда, Қытайда (Тибет), Жапонияда, Кореяда және Азияның басқа да солтүстік аймақтарында тараған.

### **3. Ваджраяна, тантризм** (алмас екі аяқты күйме арба).

Бұл бағыт Будда ілімін қолдаушылардан тұрады, көпшілік оның құпиясын аша алмаған.

Бұл жерде ең бастысы медитация феномені, яғни, ішкі түйсіктің кез-келген ойға көңіл аударуы болып табылады.

Осындай зейінге көңіл бөлу сезім мүшелерінің әрекетін ұзартады және ішкі үйлесімділік пен көңіл жайлану жағдайына, болмыстың жоғары мәнділігін түсінуге жетелейді. Медитация көмегімен қарапайым ақылға, мүмкін болмайтын заттарға қол жетеді.

Медитацияның негізгі мақсаты – барлық тіршілік иесінің болжампаздыққа талпынысы болып табылады. Сәуегейлердің пайымдауынша, кез-келген ауруды сипаттауға және оны емдеудің жолын табуға, қылмыскерді табуға, алдын-ала болжам жасауға қабілетті.

Сонымен, ваджраянаның мәліметі бойынша, медитация адамға Будда ілімдерінің шынайылығына сенімді нығайтуға, практика жүзінде осы ілім жолын ұстануда энергетикалық құндылықтарды арттыруға, ойың мен ісінде, сөзінде шынайы болуға, жоғары даналыққа жету мақсатында көбірек медитация жасауға көмектеседі.

Ваджраяндың ең тартымды ерекшелігі – әйел немесе ер адамның жыныстық мүшесіне табиғаттың өзін-өзі ұрықтандыру символы ретінде табыну. Жыныстық қатынас пен йогалық практика адамның ұйқыдағы ішкі мүмкіндіктерін материя шырмауынан босатып, оны нирванаға жақындатады деп есептеледі. Аскет-тақуалардың өзі өз әйел құдайымен бірге күш салу рәсімдерін жүргізу қажет (шакти). Буддизмдегі эротикалық тақырып екі жақты талданады: оны қолдаудан бастап, толық жоққа шығаруға дейін.

Ваджраянды (тантризм) ұстанушылар саны көп емес және буддизм кең тараған барлық мемлекеттерде өмір сүреді.

**4. Дзен-буддизм.** Дзен – Жапонияда, Қытайда, ал XX ғасырдың басынан бастап АҚШ пен дамыған Батыс Еуропа мемлекеттерінде күшті ұстанымдары бар аса ықпалды және танымал ілім. Әрине, әр мемлекетте дзеннің бір-бірінен айрықша ерекшеленетін өз нұсқалары бар.

Аутотренингке баса назар аударылады, ол үшін практикада йогадан алынатын отырған күйде орындалатын (*лотос қалпында*) медитация қолданылады. Осымен қатар, парадокстарды қамтитын зерделі ойларды шешу практикасы бар: міндеттің мазмұны және оны аса зор ауыртпалықпен қалай да болса шешуге талпыну санада ештеңенің қалмауына әкеп соғады. Мақсаттың мәні мен оның жауабы кенеттен табылады.

Дзенге дүниежүзілік өзара қарым-қатынасты білдіретін «*барлығы-бірінде, бірі - барлығында*» формуласы лайықты. Сондықтан да, Будда әрбір адамда өмір сүреді. Дзен нирвана мен сансара, өмір мен өлім, шындық пен жалғандық, білім мен надандық арасындағы шекараны жоққа шығара отырып, әрбір тұлғаның оған қатысты шығармашылық энергиясын жүзеге асыруға талпынысын демдеді. Осы себептен аскетизмнің кез-келген түрі жоққа шығарылады: адамзат тілектерін жоюдың қажеті жоқ, керісінше, білім мен басқа да рухани мақсаттарды тануға бағыттау және игілендіру қажет.

Дзен басқа ерекшеліктердің арасында келесілерді бөліп қарастырады: білім құпиясының ұстаздан шәкіртке «тікелей» берілуі, жүректен жүрекке; әр адамда өмір сүретін Будданың жоғары даналығымен тікелей байланысу; әріптерден, сөздерден, сөйлемдерден құралған жазбаша дереккөздерден тәуелсіз және еркін болу; өзінің ішкі дүниесі арқылы Буддамен теңдікке жету.

Дзен осы дінді қабылдаған қоғам мәдениеттерінің көптеген салаларына зор әсерін тигізді. Мысалы, атақты жапондық икебана мен шай ішу рәсімі, бау-бақша егу мен су айдындарының құрылысы – бұлар тек мәдениеттің бөлшегі ғана емес, сонымен қатар, өмір сүру салтының маңызды элементіне айналған. Дзен идеяларының арқасында көптеген ғажайып сурет салу, сәулет өнері, поэзия, музыка, философия және т.б. шығармалары туындады.

Дзен жақтаушыларының саны 10-30 миллион адамға дейін жетеді.

**Буддизмнің таралуы.** Буддизм адептерінің белсенді миссионерлік әрекеттері б.з.д. 253 ж. үшінші буддистік жиыннан кейін басталды. Халық арасында от пен семсер арқылы танытқан христиандық және ислам діндерімен салыстырғанда, буддизм өз әрекеттерін және ұстанымдарын ешқашан да зорлықтың күшімен нығайтпаған. Буддистер өзінің жалпы тарихта өмір сүру кезеңінде кез-келген діни жүйелер арқылы бейбітшілік жолмен қарым-қатынас орната білді.

Буддизм алғашқы кезеңнен бастап кедейлер мен байлардың, билеушілер мен қызмет етушілердің және жалпыға ортақ дін болды. Ол өзінің үлгісін жергілікті дәстүрлерге ықпалдастыра отырып, сәттілікпен бейімделе бастады. Білімді насихаттау жергілікті тілде жүргізілді. Буддизм ешбір жағдайда басқа діндердің құдайларынан бас тартпаған – олардың барлығы буддистік тәңірлердің кең пантеонына кіреді және оларға табыну қалыпты жағдай саналады. Бұл жерде Христосқа да, Мұхаммедке де орын табылды.

Егер буддизмнің Үндістаннан «шығуын» хронологиялық ретпен қарастыратын болсақ, онда келесідей жүйені аламыз: б.з.д. III ғ– Шри-Ланка; б.з. I ғ– Орта, Орталық және Алдыңғы Азия, Қытай. II-IX ғғ. – Лаос, Кампучия, Вьетнам, Таиланд, Мьянма; IV ғ. – Корея; VI ғ. – Жапония; VII ғ. – Тибет. XIII - XVI ғғ. – Моңғолия; XVII-XVIII ғғ. – Бурятия, Тува; XIX-XX ғғ. – Еуропа, Америка, Африка.

Буддистік тәңірлердің иерархиясы баяу және бірітіндеп қалыптасты.

Қазіргі заманда ол мынандай сипаттамаларды қамтиды:

- а)* Буддалар – сансара әлемін нирвана әлеміне алмастырғандар;
- б)* Бодхисаттвтар – нирванаға жақындар, бірақ адамдар арасында олардың білім алуы мен ақылға толысуларына ықпалдасатындар;
- в)* Архаттар – өмір сүрген кезеңдерінде рухани жағдайының жоғары дәрежесіне жеткендер;
- г)* Идамдар – нақты адамды, руды, отбасын қорғаушылар.

Өзінің көнелігіне қарамастан, буддизмнің қарқынды және өмірге бейімді дін болып қалатынын айта кету қажет. Халықаралық жағынан буддистер Дүниежүзілік буддистер бауырластығы мен Азияның буддистік конференциясына біріктірілген. Бұл дін Қазақстан аумағында ІІ ғасырда пайда болды. Қазіргі таңда буддистердің 2-3 қауымдастығы мен йоганы сүюшілердің бірнеше бейресми бірлесіктері бар.

#### **Әдебиет**

1. Рерих Е. Основы буддизма. - Новосибирск, 1991. С.4
2. Атеистический словарь. - М., 1983.
3. Боги, брахманы, люди. - М., 1969.
4. Буддизм (словарь). - М., 1992.
4. Васильев Л.С. Культы, религии, традиции в Китае. - М., 1970.
5. Васильев Л.С. История религий Востока. - М., 1983.
6. Кочетов А.И. Буддизм. - М., 1983.
7. Кривелев И.А. История религий. - М., 1988. Т. 2.
8. Мифы народов мира. Энциклопедия. Т. 1-2. - М., 1987-1988.
9. Савченко П.Д. Сравнительное богословие. – М., 1991.
10. Судзуки Д. Дзэн – буддизм. Бишкек, 1993.
11. Так говорил Будда. - М., 1990.
12. Чжан Чжэнь-Цзы. Практика Дзэн. - Красноярск, 1993.
13. Философская энциклопедия в 5-и томах. - М., 1960-1970.
14. Яковлев Е.Г. Искусство и мировые религии. - М., 1985.

#### **Бақылау сұрақтары**

1. Дүниежүзілік ғылымда Будданың тұлғасы жайлы не мәлім?
2. Индуизмнен буддизмге қандай элементтерді кірістірілген?
3. Буддизмнің «төрт игілікті ақиқатын» құрастырыңыз.
4. Адамның өзін-өзі жетілдіруінің «сегіздік жолы» қандай элементтерден құралады?
5. Будданың негізгі адамгершілік өсиеттерін атаңыз және оларға баға беріңіз.
6. «дхарма», «сансара», «нирвана», «ахинса», «санкхья» терминдері нені білдіреді?

## 5.2 Христиан діні

Христиан діні шамамен 2 миллиардқа жуық табынушылар санын қамтитын дүниежүзілік дін болып табылады. Христиан дінінің пайда болу кезеңі – б.з. I ғ. Пайда болған жері – қазіргі заманғы Палестина аумағындағы бұрынғы Рим империясының әкімшілік-территориялық бөлігі. Христиандықтар барлық құрлықта өмір сүреді, бірақ көп бөлігі Еуропа мен Америкада шоғырланған.

**Христиан дінінің негізін салушы тұлға.** Бұл тұлғаның есімі – **Иисус Христос**. И. Христостың шынайы болғандығы туралы үш ұстаным бар. Кейбіреулері үшін Иисус Христос – халықтың қиялынан туындаған аңыз, басқалары үшін Иисус Христос өлімінен соң құдай деп танылған тарихи тұлға саналады, ақырында, үшінші ұстаным Иисус Христосты Адам кейпіндегі құдай деп таниды.

Бұл діннің негізін салушысының толық өмірбаяны христиандықтардың қасиетті **«Библия»** атты кітабында баяндалған. Онда Иисус Христостың ер адамның қатысуынсыз ұрықтанып, туылғаны жөнінде айтылған. Туылған күні, кресте байлап өлтірілген күні жайлы нақты мәлімет жоқ. Евангелиені (Библияның құрама бөлігі) оқи отырып, Иисус Христостың дене бітімін елестету қиын, себебі, ешбір жерде оның сырт келбеті туралы сипаттамалар берілмеген.

Иисус қысқа және қиын ғұмыр кешкен, бар болғаны 33 жыл өмір сүрген. Осы уақыттың ішінде көптеген пайдалы істер атқарылды: ауруларды емдеу, аштарды тойдыру және т.б. Ол адамдарды жақсылыққа сілтеп, жамандықтан бас тартуға шақырды. Оның уағыздары қарапайым халыққа арналды және оларды құтқару жолындағы қамқорлықпен толысқан.

Иисус Христостың тіршілік ету әрекетінің ажырамас бөлігі болып оның ғажайып істері табылды: судың үстімен жүрді, өлілерге жан берді, суды шарапқа айналдырды және тағы басқалары. Ол қылмыстық-күнәлі әрекеттер жасамаған, алайда бұл еврейлердің рухани көсемдеріне Иисус Христосты бүлік шығарушы ретінде ізіне түсуге бөгет болмады.

Ол ақыр аяғында қамауға алынып, азапты жазаға тартылды. Евангелиенің пайымдауынша, өлген Иисус қайта тірілді және жер бетіне қайтадан келуге үміттендіріп, көкке ұшып кетті.

Иисус Христос жайлы көптеген әдебиеттер жазылды, христиан дінінің негізін салушы тұлғасы қаншалықты сан қырлылығымен баяндалғанмен, христиан дінінің дұшпандары Иисус Христостың өз өмірін де, бұл ілімнің өзін де ерекше, революциялық және жоғары гуманизмге толы деп мойындайды.

**Жалпыхристиандық догматтар.** **«Догмат»** термині шынайы, мәңгілік және өзгермейтін, қайтадан қарастыруға жатпайтын, күдіктерді жоятын және барлық кезеңде халықтар үшін толық ақиқат ретінде қабылданатын жағдайларды түсіндіреді.

Христиандық догматтар жүйесі ұзақ уақыт бойы қалыптасты және ресми түрде тек б.з. IV ғ. екі бірінші Әлемдік соборда (325 және 381 жж.) бекітілді. Нәтижесінде, христиан дінін көптеген тармақтарға бөлу салдарынан, бұл догматтардың кейбірі жоққа шығарылды немесе күрделі өзгеріске түскен. Сондықтан да, христиан дінінің әрбір тармағында Библияға негізделген жеке догматикасы бар. Сондықтан да, жалпы христиандық догматтар туралы шартты түрде айтуға болады. Догматтар келесідей:

1. Үштұғырлы Құдай туралы ілім: Құдай-Әке, Құдай-Ұл бала, Құдай-Рух.

2. Құдайдың адам келбетіне айналып, бір мезгілде адам «тәнінде» өмір сүруге сәйкес құдайға айналу туралы ілім.

3. Өзінің қайғы-қасіретімен және өлімге бару әрекеті арқылы барлық адамзаттың күнәсін жойған Иисус Христостың күнәсі үшін құрбандыққа шалыну туралы ілім.

4. Иисус Христостың өлілер арасынан шығып, өлімді жеңгеннен бастап қайта өмірге келуі туралы ілім.

5. Өз өлімінен кейін аспанға, Құдай-Әкеге қайта барған Иисус Христостың көкке көтеріліп мадақталуы туралы ілім.

6. Жанның мәңгіліктігі, шексіздігі және жойылмайтындығы туралы ілім.

7. Тәні өлген адамдардың соңғы тіршілік ету орындары ретіндегі жұмақ пен тозақ туралы ілім.

8. Ең алғашқы жер бетінде өмір сүрген адам - Адамның Құдайдан бас тарту нәтижесі болып табылатын жалпы адамзаттың күнәлары туралы ілім.

9. Құдайға қарсы шығушы және адамдарды құтқарылу жолынан тайдыратын Ібіліс туралы ілім.

10. Христостың ортақ «тәнін» қамтитын шіркеу туралы ілім, адамдарды ұйымшылдыққа тәрбиелейді және оларды құтқаруға көмектеседі.

11. Шіркеуге жақындастыратын, ал ол арқылы Құдаймен теңдестіруге қажетті шоқыну туралы ілім.

12. Әрбір адамның жер бетіндегі тіршілігіне қорытынды жүргізетін қатаң сот жүргізу және әркімнің өз ісіне қарай жауап тартатыны туралы ілім.

13. Әрбір христиандық үшін Құдай Сөзі мен өмірге жол сілтеуші болып табылатын Библияның құдайлық рухы туралы ілім.

***Христиан дінінің адамгершілік принциптері.*** Христиандық өсиет жалпы адами құндылықтардың табиғи бөлшегі болып табылады. Христиандардың өміріндегі христиандық адамгершілік мәнін асырып айту немесе кемсіту дұрыс болмайды, себебі, оның өмірге іс жүзінде сіңуі проблемалық жағдайда болған. Ең бастысы, Библия ілімдеріне сәйкес, кез-келген күнәсі бар адам күнә жасамай өмір сүре алмайды, сондықтан да, ол христиандық ретінде орындауға тиісті адамгершілік нормаларын бұза алмайды.



Христиандық адамгершіліктің өзегін Декалог және Шаттық өсиеттері құрайды. *Декалог* (онсөздік), әр түрлі нұсқаларға қарамастан, келесідей өсиеттерді қамтиды:

1) Сенде менің тұлғамнан басқа басқа құдайлар болмасын; 2) Көктегі және жер бетіндегі немесе жерден төмен судағылардың мүсініне, бейнесіне табынба; 3) Өз Құдайыңның, Құдірет күшінің есімін бос атама; 4) Сенбі күнін құрметтеу үшін ол күнді жадыдан шығарма. Алты күн жұмыс істе және сол күндері өз ісіңмен айналыс, ал жетінші күні (сенбі) – Құдайға құлшылық ет; 5) Өз әке-шешенді құрметте, сонда сенің Жер бетіндегі өмірің ұзарады; 6) Адам өлтірме; 7) Зинақорлық жасама; 8) Ұрлық жасама; 9) Өз жақындарыңа жалған куәгерлік жасама; 10) Өз жақыныңның үйін сұрама; өз жақыныңның әйеліне сөз салма, өз жақыныңның құлына, мал-мүлкіне қол сұқпа.

Израиль халықтарына арналған жоғарыда айтылған өсиеттер Жер бетіндегі барлық халықтарға, барлық адамзатқа арналады деп есептеледі.

Христиан дінінің адамгершілік нормалар жүйесі мен басқа да олардың арасындағы адамгершілік ғибраттарының ұқсастығы мен айырмашылығын осы сияқты діндермен салыстыра отырып байқау қиын емес.

Егер мұны плагиат немесе комиляция деп атауға болмаса, онда адамзат тегінің бірлігі мен оның алуан түрлілігі туралы қорытынды шығаруға тура келеді: адамгершілік нормалары әр түрлі өркениеттің тарихи даму ерекшелігінің белгісін қамтиды.

**Библия.** «Библия» сөзі грек тілінен алынған және «кітап» деген мағынаны білдіреді. Жалпыхристиандық канондық Библия Көне Өсиеттің 39 кітабы мен Жаңа Өсиеттің 27 кітабынан құралады – барлығы 66 шығарма бар. Православиялық нұсқа оларды канондық деп санамағанда 11 кітапты, ал католиктік – 6 кітапты енгізеді.

Ғасырлар бойы библиялық сюжеттер мен әңгімелер тарихшылардың, археологтардың, философтардың, географтардың, әдебиетшілердің зерттеу нысаны болған және әлі де қалады. Рембрандт, Греко, Шекспирдің, Дантениң, Достоевскийдің және көптеген басқа да данышпандардың жұмыстары Библияның әсер етуімен орындалған.

Мамандардың пайымдауынша, Библияның бірінші кітаптары б.з.д. XV ғ., ал соңғы кітаптары – б.з. I ғ. жазылған. Библияның авторлары (олардың саны қырықтан астам болды) әр түрлі әлеуметтік топтардың өкілдері болды: бақташы (Амос), әскери басшы (И. Навин), балықшы (Петр), дәрігер (Лука), шарап дайындаушы (Неемия), патша (Соломон) және т.б. Сондықтан да, Библияның әр түрлі кітаптарының терминологиясы бір-бірінен айқын ерекшеленді.

Библиялық мәтіндер әр түрлі жағдайларға байланысты жазылды: бейбітшілік және соғыс кезеңдерінде, үйде және саяхатқа шығу кезінде, абақтыда немесе бостандықта, Азияда және Еуропада. Көне Өсиет кітаптары иврит және арамейлік тілде, ал Жаңа Өсиет грек тілінде жазылған.

Библияға деген қарым-қатынас көп мағыналылығымен ерекшеленеді: бір полюсте – толық остракизм немесе оны аңыздар жиынтығы деп есептеледі, басқа полюсте – толассыз мадаққа немесе табыну нысанына айналдырады. Осы полюстер арасында библиялық мәтіндердің өзара қарама-қайшы талқылаулары бар. Әлдекім Библияны әркімнің өздігінше ән салатын музыкалық аспап деген.

Библия әдеби жанрларының байлығымен ерекшеленеді: қара сөз, поэзия, өлең, жоқтау, өсиет әңгіме, қысқа хабар, тарихи әңгіме және басқалары. Онда аса жоғары философиялық мәні бар мәселелер талқыланады: Дүниенің бастауы мен соңы, өлім мен мәңгілік өмір, адам өмірінің мәні мен мақсаты жайлы мәселелер.

Бұл кітап ой толғауға себеп болады, ойлауға мәжбүр етеді. Библияның оқырмандары мен оны құрмет тұтатындар әр түрлі ойларымен ерекшеленеді. Бұл жағдай христиандық дін ілімінің тармақталған жүйесінің туындауына ықпал етті. Қазіргі таңда библиялық ілімді әр түрлі жақтан талқылайтын және түсінік беретін көптеген дін іліміне байланысты пәндер бар:

- *апологетика*, құдайға сенбейтін және өзгеше ойды ұстанушылар алдындағы негізгі догматтарды қорғаумен айналысады;

- *практикалық* (адамгершілік) адамдарға дұрыс өмір сүру салтын насихаттайтын дін ілімі;

- *салыстырмалы дін ілімі*, берілген конфессияның артықшылығы мен басқа дін оқуларының дәлелсіздігін көрсетеді;

- *шіркеу қызметшілерінің дін ілімі*, діни және шіркеу қызметкерлеріне арналған нұсқаулықтар жинағын қамтиды;

- *гомилетика*, алдын-ала дайындық пен уағыздарды оқуға арналған маңызды сұрақтар баяндалады;

- *экзегетика*, жалпы Библияның және оның құрама бөліктерінің ақиқаттылығын растаушы дәлелдемелер кешенін қамтиды;

- *герменевтика*, мәтіндер мен жеке сөздердің сезімталдық-нақты, адамгершілік-абстрактты және жұмбақ мағыналарын анықтауға және дұрыс түсінік беруге үміттендіреді.

Христиандардың пайымдауынша, Библия құдайдың Сөзі болғаннан соң, қарама-қайшылықтарды қарастырмайды.

Қазіргі заманғы жағдайда Библия кез-келген руханилық пен адамгершілікке қызығатын адамға қол жетімді.

**Христиан дінінің тарихи жолдары.** Христиан дінінің тарихы екі мыңжылдықты қамтиды. Христан дінінің негізін салушы *«Я есмь Путь»* дей отырып, оның шәкірттерінің әр түрлі жолмен және бағытпен жүретінін болжамаған болар. Иисус Христостың өмір сүрген кезеңдерінің өзінде оның шәкірттері арасында келіспеушіліктер мен даулар туындаған.

Христиан дінінің тарихы аяқталғанмен, ол әлі де болса жалғасуда.

Оның дамуының негізгі кезеңдерін белгілейік:

**Ерте христиандық (б.з. I-VI ғ.ғ.).** Христиан дінінің алғашқы тарихын баяндайтын негізгі дереккөздер –өте маңызды жаңа кітаптар және ең

бастысы, «*Деяния апостолов*» кітабы болып табылады. Ерте христиандықтар туралы б.з. I-II ғғ. өмір сүрген және өз пікірлері бойынша пұтқа табынушылық ұстанымдары бар Тацит, Светония, Плиния Кіші және Флавия шығармаларында баяндалады.

Ең алғаш христиандық шіркеу Иерусалимде қалыптасты, содан соң, апостолдардың күш салуымен Христос ілімі бүкіл Жерорта теңізіне таралды.

Шіркеу қызметкерлері 2 категорияға бөлінді:

*а)* харизматикалық қызметкерлер – апостолдар, пайғамбарлар, евангелистер, пасторлар және ұстаздар;

*б)* әкімшілік қызметкерлері – епископтар, пресвитерлер, диакондар.

Әдет-ғұрып формалары Иисус Христостың екі парызын орындаумен шектелді: шоқыну және міндетті түрде қатысу қажеттілігі бар құпиялы кеште болу.

Ерте христиандық қауымдастықтар өзара көмек көрсету ұстанымы арқылы әрекет етті, қайырымдылық әрекетімен айналысты. Шіркеу құлдықты айыптамады, дегенмен, Құдайдың алдында барлығының бірдей екенін мойындады. Басшыларға қатысты «*Богу – богово, а кесарю – кесарево*» деп жауап қайтару қажет, христиандықтар Құдай мен Кесарьдің ішінен Құдайды таңдады. Осы себептен олардың көбісі азапты қорлыққа душар болып, өлім жазасына тартылады.

Христиандықтарға пұтқа табынушы-көршілерімен жақсы қарым-қатынаста болуға тыйым салынбаған, бірақ олардың «пұтқа табынушылық» ырымдарын орындауға мүлдем рұқсат берілмеген.

Рим басшыларының ерте христиандық қауымдастықтарға немқұдайды қарағанын айта кеткен жөн, себебі, олардың ойынша, христиандықтар сол кезеңдерде рұқсат берілген иудей дінінің бір түрі болып табылады деген теріс пікір айтқан. Үш мыңжылдыққа аздап үзіліспен созылған қуғындардың туындауына қандай себептер болды? Осындай бірнеше себептердің болғаны мәлім:

- христиандықтарды Рим императорына бас июге шақыру, бұл жағдайды басшылар мемлекет қауіпсіздігіне қауіп тудыратын және сатқындық таныту ретінде бағалады;

- христиандардың халық арасында тараған пұтқа табынушылықты жоққа шығаруы;

- христиандықтардың аса қарапайым және тақуалық өмір сүру салты жалпы бұзықшылыққа қарсы наразылық туындатуға шақырды, қоғамның барлық тобында түсініспеушілік танытты;

- Римдік Траян императорының билік жүргізген кезеңдерінде жиындар өткізіп, діни насихаттар жүргізуге тыйым салынған;

- ақырында, Рим империясының «рухани элитасының» «ата-бабаларына» табынбау.

Мұндай қуғындар мен тыйым салулар христан дінінің дамуына кедергі бола алмады, Тертуллианның айтуынша, азаптаушылардың қаны христиандарды шынықтырды, христиандық шіркеудің «өзегі» болды.

Ерте христан діні тек сыртқы жаулардан ғана емес, сонымен қатар, ішкі жанжалдардан да зардап шекті. Діннен бас тартқандар немесе евангелие ілімінің тазалығын бұзғандар саны көп жарияланды.

Біріншіден, олар Иисус Христосты Иосифтың ұлы деп санаған, Құдайдан көптеген адамның күші жетпейтін қасиеттері дарыған, бірақ өзі Құдай деп танылмаған *эбиониттер* деп саналды. Эбиониттер сүндетке отырғызу рәсімінің орындалуын міндеттеді және Павел мен басқа да апостолдардың қасиетті жолдаулары ретінде қабылдамады.

Екіншіден, христиандық емес философияны христиандық киімге теңестіріп, грек философиясын христиан дінімен біріктіруге тырысқан *гностикистер* қауіп төндірді. Гностицизмнің келесідей негізгі принциптері болды:

- материя зұлымдықтың қайнар көзі, сондықтан да, Құдай мейірімді жан ретінде материя мен зұлымдықты тудырушы деп танылмады;

- құдай тек рухани дүниені, жақсылық пен сүйіспеншілікті туындатады;

- Құдай мен материя арасында көне өсиет зұлымдығы – Иеговты тындататын аралық мәніс (Демиург) бар;

- Христос адамдарды құтқару үшін ерекше білім берген (Гносис) адам болған;

- жұмаққа тек Иисус Христос ілімінің құпия сырын меңгерген пневматиктер мен сенімді діни нанымды ұстанушы психиктер түседі;

- адамның тәні өлім құрығынан құтылмайды және ешқашан тірілмейді; оның тек жаны мәңгілік өмір сүреді.

Үшіншіден, *манихейлік* діні ерте христиандықтарға көптеген қолайсыздықтар тудырды (Мани немесе Манихей, 216-276 жж.), оның атауы негізін салушысы есімімен аталған. Манихейліктің негізгі идеяларына мыналар жатты:

- екі патшалық болады: жарық пен қараңғылық патшалығы, оларды екі билеуші басқарған;

- адамның денесі қараңғылық құдайының билігінде, ал жаны – жарық құдайының билігінде;

- Христос адамдардың жанын тән құлдығынан құтқару үшін көмекке келді;

- дін жолындағылар тақуа болу керек және адамдарды құтқару үшін олардың жыныстық қатынасқа түсуге, отбасын құруға, сезім ләззатына бөленуге тыйым салынады.

Манихейлік – Зороастр мен Христос ілімінің синтезі.

Төртіншіден, ерте христиандықтар *неоплатонизм* әсерін бастан кешірді және оған қарсы күрес жүргізген. Неоплатониктер ілімінің мәні – адамның Құдайға жақын болуы үшін Библияны білуіне және санасын қажетке жаратуға міндетті болмады: Құдай туралы ілім және оған жақындасу іштей нұрлану, ғажайып интуиция, Қасиетті Әулиенің әсері арқылы жетіледі. Барлық тірі жандарды Құдай жаратқан және олар Құдайға қайтып барады.

Бесіншіден, христиан діні *монтанизмді* жоққа шығаруы мүмкін емес еді, оның негізін салушы (Монтан) бірден епископ басшыларына қарсы шығып, шіркеу тек Қасиетті Әулиенің ғана тікелей басқаруы тиіс деп үйретті. Монтан өзін осындай таңдаулылардың қатарына жатқызды, оның сөзімен Қасиетті Рух тіл қатады. Олар манихейлік сияқты қатаң аскетизмді тағамда да, өмір сүру салтында да уағыздады.

Алтыншыдан, ерте христиан діні Құдайдың үштілігі мен Иисус Христостың ғажайып табиғатын жоққа шығарған *монархтыққа* назар аудармай тұрмады. Құдай - жалғыз: көне өсиет заманында ол еврейлерге Әке болды, жаңа өсиет заманында - Әке, Христостың өлімінен кейін – Рух ретінде келді. Монархиялықтардың Құдай тұлғасы мен адам жөніндегі аналогиясы өте қызықты: адам бір мезгілде жалғыз тұлға бола отырып, әке, ұлы және аға бола алады.

Христиан дінінің ішіндегі ерестер жөніндегі мәселені аяқтай отырып, бұл келіспеушіліктердің объективті түрде шіркеуді өз ұстанымдарын дәлелдеуге және түзетуге, қағидаларды әзірлеуге, Библияның дәлелдемелері көмегімен кез-келген діни әрекеттерді негіздеуге міндеттегенін айта кеткен жөн. Қазіргі заманғы христиандық дін ілімінің жүйесі - әлемге апологеттер мен полемистердің керемет саңлақтарын шығарған ерте христиан дінінің түлегі.

Ерте христиандық қауымдастықтар шіркеу ережелері мен басқарылуына аса зор көңіл бөлді, себебі, II ғ. соңында шіркеу өзін Әлемдік (католиктік) деп атаған – бұл орталықтанған ұйымдарды құруды, жалпыға ортақ қолданыстағы дін ілімінің парыздарын әзірлеуді, дінді үйлестіруді, сонымен қатар, Көне және Жаңа Өсиет мәтіндерін заңдастыру мәселелерін тәртіпке келтіруді талап етті.

Ерте христиан дінінің тарихтағы жаңа беті 313 жылы, император Константиннің арнайы жарлығындағы барлығына, соның ішінде, христиандықтарға ортақ дінге сенушілік еркіндігін жариялаған кезінен – яғни, шіркеу қысым жасаушы орнынан мемлекеттік, жеңілдіктер мен артықшылықтарды қамтитын орынға айналған кезеңнен басталады.

Христиан діні өзінің жаңа сипатына қарай аса белсенді және нәтижелі түрде әрекет етті. Бірақ, ол өз дұшпандарының жәбірін кешірмеді және қалай да болса пұтқа табынушылықты жоюға тырысты. Ең бастысы – христиан діні Рим империясынан тыс жерлерге тарау мүмкіндігіне ие болды. V ғасырдың басына қарай христиан дініне 2,5-3 миллион адам табынды – ең алғаш өзін ресми түрде христиан мемлекеті деп таныған (Армения) мемлекеті пайда болды. Христиандық қауымдастықтар Еуропаның барлық мемлекеттерінде, Африканың солтүстігінде және Алдыңғы Азияда қалыптаса бастады.

Қарама-қайшылықтардың өршуі барлық христиан қауымдастықтары мен олардың басшыларына (епископтар) нақты және түсінікті болатын құжаттарды қабылдау қажеттігін ұсынды. Мұндай құжаттар меншікті жер иелігіндегі беделді шіркеулерде (соборларда) қабылданды.

Христиандық дін ілімінің дамуына Иоанн Златоуст (347-407 жж.), Феодор (350-428 жж.), Августин (354-430 жж.) және басқа да «**Шіркеу Әкелері**» атанған көптеген ірі тұлғалар зор ықпал етті. Дәл осы «шіркеу әкелерінің» еңбектері христиандық дін ілімінің ерекше саласы – **патристиканы** құрады.

Ерте христиандықта пайда болған **монахтық** деп аталатын институт туралы айта кету қажет. «**Монах**», «**инок**» терминдері грек тілінен аударғанда «жалғыз», «өзге» дегенді білдіреді. Монахтықтың себептері болып христиан шіркеулерінің басқарушы құрылымдарындағы адамгершілік қасиеттерінің құлдырауы мен ішкі жайсыздықтар табылды.

*(Монахтық – қарсыласу түрі, жер бетіндегі зұлымдықтан қашып, Құдаймен қарым-қатынас орнатуға талпыну. Сонымен қатар, Жаңа Әсиетте монахтардың ең алғаш және кейінгі ұрпақтары әлемнен ашақтаудың «дұрыстығына» дәлелдемелер тапты. Көптеген «шіркеу әкелері» ішінен (Ориген, Иероним, Тертуллиан) Иисус Христостың некесіздігіне нұсқап, неке құрмауға шақырды.*

Монахтықтың туындау кезеңі – IV ғасыр. Оның негізін салушы жастық шағында мысырдың шөл далаларын кезіп, 80 жыл өмір сүрген Антоний болып саналады. Оның үңгірінің айналасында басқа да тақуалар қоныстана бастады, Антоний ешкімді еш нәрсеге үйретпесе де, монахтарды өз басшылығына алмаса да – оны қасиетті және беделді басшы, ақылшы ұстаз ретінде құрметтеді.

Ең алғашқы монахтар табиғат байлықтарымен тамақтанып, қайырымдылық көмектерінің арқасында өмір сүрді. Нәтижесінде, монастырлар салынды, монахтардың өмір сүруі, олардың құқықтары мен міндеттеріне қатысты ережелер әзірленді. Олар дұға тілеу, ораза ұстау арқылы тек өзінің жеке құтқарылуымен ғана емес, сонымен қатар, өз еңбегімен нан табуға, тәуап етушілерді қабылдауға, басқа адамдарды құтқару үшін уағыз айтуға міндетті болды.

Шіркеу басшылары монахтықты қолдады, олардың ойынша, монахтар дін үшін кез-келген ерлікке баратын «**Христостың жауынгерлері**» деп танылды. Ерте заманнан бастап монахтар тәжірибеге үш діни антты енгізді: некесіздік (целибат), пайдакүнемдікке салынбау және әр нәрсеге бой ұсыну – бұл тәжірибелерді қазіргі заман монахтары әлі де болса қолдануда.

Монахтық институтты қалай бағалауға болады? Монахтар әдебиет беттерінде жиі жалқау, азғын, пайдақұмар және т.б. ретінде сипатталады. Шын мәнінде, адамзаттың әлеуметтік өміріне қосқан үлестері өздерінің нәтижелері арқылы зор мәнге ие болды. Монастыр қоғамнан аласталғандардың паналайтын орны болды, онда өте құнды жазбалар қайта жазылып, сақталған, бейнелеу өнері мен музыкалық-әдеби шығармаларының ең үздік үлгілері туындады. Монахтар жоғарыда айтылған өнерлердің өкілдерін кескіндерін қатаң мүсіндеген, олардың арасында ғылыми-зерттеу ісімен айналысатын адамдар болды. Монахтар батпақтарды құрғатқан, жолдар салған, ауылшаруашылық өсімдіктерін сұрыптаумен және өсірумен айналысқан. Демек, монахтық институт

феноменіндегі кемшіліктерді ғана емес, сонымен қатар, артықшылықтарды да бағалау қажет.

**Ортағасырлық христиан діні (VI-XVI ғғ.).** Ғылымда ортағасырлық уақытта аралықтарға қатысты ешқандай пікір айтылмаған. Бірақ ғалымдардың көпшілігі VI-XVI ғасырларды атаған соң, біз де сол кезеңді ұстанамыз, Ортағасырлардағы кезеңдердің өтуі сол кездің адамдары үшін жылдам және байқаусыз өткен.

VI ғасырдың басына қарай Рим империясының Батысында Рим епископы, ал Шығысында Константинополь епископы басқа епископтармен (Антиохийндық, Иерусалимдік, Александриялық) салыстыруға келмейтін даңқ пен мәртебеге ие болды. Саяси себептердің арқасында **«тең күштер арасындағы алғыры»** атты бірінші орын Рим епископының тағына өтті. Сонымен қатар, Рим епископы Петр апостолының мирасқоры болып жарияланды және осы себептермен адамгершілік жағынан және заңды түрде өзінің мәртебесі бойынша бауырластарынан жоғарыда тұрды.

Лев I замандастары оның даналығы мен ерен еңбегі үшін **папа** (әке) деп атаған Рим епископтарының ең алғашқыларының бірі болды. Оған **Ұлы Папа** атағы берілді, ол өзі рухани және ақсүйектер қоғамының билігіне ие болды – мемлекет шіркеудің қол астындағы құралға айналды.

Империяның Шығысында шамамен осы уақытта Батыста болып жатқан жағдайларға қарама-қайшы процесс жүріп жатты – шіркеу мемлекет, император билігіндегі құралға айналды.

Қағаз жүзінде шіркеу бірыңғай болып қала берді. Оның әрекеттеріне қарай келесідей нәтижелерге қол жетті: қайта тірілуді қасиетті күн ретінде мойындау, Рождество Христова және оған Шоқыну күнін тойлау мерекесін бекіту, Марияны қыз абыройы бар ана құдайы деп тану, әулиелерге, иконаларға табыну.

Сонымен қатар, мұндай нәтижелерге пұтқа табынушылықты жоюды жатқызуға болады: барлық пұтқа табынатын шіркеулер жойылған, пұтқа табынушылыққа сыйынуға тыйым салынған, пұтқа табынушы және антихристиандық авторлардың шығармалары отқа жағылған, христиан дініне тіл тигізу, басқа дінге ауысу сияқты қарама-қайшы әрекеттер үшін қылмыстық жаза енгізілген.

Ортағасырлардың басынан бастап христиан дінінде 2 орталық болды: Византия және Рим. Олардың арасында тек шіркеулік-құдайға құлшылық ету қарым-қатынастар ғана емес, сонымен қатар, әскери қақтығыстар да болды. Қарастырылып отырған кезеңде кезекті дін бұзушылыққа қарсы – **монофелиліктің** алдын алу бойынша көп күш салынған. Оның мәні – Иисус Христостың бойындағы екі табиғатты (**құдайшыл және адами**) мойындай отырып, монофелиттер оларды бір еркіндікке біріктіруі, оның Иисус Христостың барлық әрекеттерін анықтауы болып табылады.

**VI Дүниежүзілік собор** (680 ж.), монофелилікті айыптады және епископтарды махаллаларда жоюға шақырды.

Иконаға қарсылар және оны құрметтеушілер арасында қатаң күрес жүрді. Күреске христиан шіркеуінің барлық жоғары иерархиялары,

монахтар, әулиелер және қатардағы діндарлар қатыстырылды. Соңында, **VII Дүниежүзілік собор**да (787 ж.) иконаны құрметтейтіндердің жақтастары жеңіске жетті. Содан бастап, православиялық және жартылай католиктік шіркеулер өз әрекеттерінің әдет-ғұрпын иконаларға табынумен байланыстырды.

Сол шақта шығыс және батыс шіркеулері арасындағы шиеленіс одан әрі өрши түсті. Жоғарыда аталып кеткендей, Шығыста шіркеу мемлекетке толық тәуелді болды, император бір мезгілде рухани билеуші болып табылды. Батыста жағдай басқаша болды: Рим папасы бір мезгілде Батыс Еуропаның рухани және саяси билеушісі болды.

Сонымен, христиан дінінің бөлінуінің соңғы кезеңіне алып келген жолы қандай? Біріншіден, оның ішінде ең маңыздысы болып Рим және Константинополь арасындағы күрес, нақтырақ айтқанда, биліктің монополизациясы үшін күресі болды. Екіншіден, Шығыста философиялық-құдайға құлшылық ету мәселелеріне, ал Батыста – саяси, басқару мәселелеріне басты назар аударылды. Үшіншіден, Шығыс шіркеуі жалпыға ортақ целибаттан бас тартты, оларды тек монахтар үшін сақтады, ал Батыста барлық діни қызметкерлер некесіздік діни антын қабылдауға міндетті болды. Төртіншіден, Шығыста грек тіліне баса назар аударды, ал Батыста – латын тілі басым болды. Бесіншіден, Батыс өзін епископтық кафедраларға сайлауды міндеттеген, ал Шығыс бұл шараны ішкі жағдай деп санады. Алтыншыдан, Шығыс пен Батыс мәдениеттерінің айырмашылығы құдайға құлшылық ету механизмдеріне өзгеріс енгізбей тұрмады.

Келіспеушіліктер салдарынан туындаған соңғы шегі 1054 жылдың 16 шілдесінде жүргізілді, онда Рим папасы Лев X өз елшілеріне қарғыс айтып, патриарх Константинопольскийді шіркеуден қудалады. Патриарх Михаил Керуларий де папаның әрекеттері сияқты жауап қайтарды. Сол кезден бастап христиан дінінің Шығыс тармағы **православиелік** (ортодоксальді), ал Батыс тармағы – **католиктік** (әлемдік) деп атала бастады. Өзара бөлінісулер, қарғыстар **II Ватикан соборында 1965** жылдың 7 желтоқсанында ғана Рим қаласында Рим папасы Павел VI мен Константинопольдық Афиногормен жойылды. Дегенмен, қазіргі заманға дейін шіркеулерді ортақ «киелі, соборлы, әлемдік және апостолдық шіркеуге біріктіру» мүмкін болмады.

Ортағасырлық христиан дінінің тарих беттерінде XI соңынан бастап, XIII ғасырдың соңына дейін жалғасқан **крест жорықтарына** арналған тараулары бар. Таяу Шығыстың өзіне 8 крест жорықтары ұйымдастырылған. Крест жорықтары діни ұрандарды басшылыққа алып, экономикалық және саяси мақсаттарды көздеді: жат елдің билігіндегі христиан шіркеуінің әулиелері мен Палестинаны азат ету. Барлық жорықтар Рим епископтарының рұқсатымен жүзеге асырылып отырды.

**Бірінші крест жорығын** (1096ж.), Урбан папасы II Иерусалимді сарациндерден босату мақсатында ұйымдастырды. Папа кімде-кім жорыққа қатысып, оған қаржылай көмек көрсетсе, соның күнәларынан арылтамын деп уәде берген. (Дәл осы кезден бастап практикаға **«индугенция»**-



күнәлардан арылу түсінігі енеді). Жорықтың нәтижелері – табытты сақтап қалу және тауап етушілерге көмек көрсету мақсатында Иерусалимді азат ету, жаңа жерлерді, монахтық-рыцарлық орден мекемелері мен ауруханаларды жаулап алу.

**Екінші крест жорығы** (1146ж.), сонымен қатар, **үшіншісі** (1189г.) және **төртіншісі** (1204г.) және басқа да мұсылмандардың қасиетті жерлерін жаулап алуға бағытталған жорықтары жеңіліспен аяқталды. Крест тағушылар тек дінге сенбейтіндер, мұсылмандарға ғана емес, сонымен қатар, бір дінге табынушыларға қарсы соғыс жүргізген: олар 1204 жылы 1261 жылға дейін Рим епископының билігінде болған Константинопольды жаулап алды.

*(Крест жорығы тарихында 1212 жылғы «балалар жорығы» қайғылы аяқталды, осының нәтижесінде он мыңдаған жасөспірім-ер балалар туған жерінен алыс жерлерде жерленді немесе тұтқынға алынып, құлдыққа сатылған).*

Барлық крест жорықтары қан төгумен, тонаумен, мәдени құндылықтарды жоюмен, жүздеген адамдардың өлімімен аяқталып отырды.

Олар белгілі бір уақытқа дейін папа кеңесінің ролін күшейтті, бірақ шіркеудің бірлігін қалпына келтіру мүмкін болмады. Мұсылмандарды христиан дініне зорлықпен тартудың жеңіліспен аяқталу тәжірибесі бұл мақсатқа жету үшін бейбітшілік жолмен шешу тәсілдерін қарастыруға мәжбүр етті.

Дәл осы шақта христиандық-құдайға құлшылық ету ортасында араб тілін, Құранды, басқа да жазбаша дереккөздерін оқыту, миссионерлерді араб-түрік мемлекеттерінде жұмыс істеу үшін дайындау бойынша жұмыстары басталады. Крест жорығының нәтижелері - еуропалықтардың бай және арабтардың төл философиясымен, ғылыммен танысу, сауда және саяси қарым-қатынастарды орнату болып табылды.

Ортағасырлық христиан діні монахтық өмірдің әсер етуінің нығаюы және кеңеюімен сипатталады. Батыс Еуропада ең алғаш монахтық орденнің 530 жылы **Бенедикт Нурсийский** негізін қалады. **Бенедиктіктердің** жарғысы кедейлікті, тазалықты, бой ұсынуды жария етеді. Монахтар негізінде өзін-өзі қамтамасыз ету ұстанымы бойынша өмір сүрді, олар калориялы тағамдармен тамақтанды: балық, май, жеміс-жидектер, көкөністер және т.б. Бенедиктіктер арасынан көптеген дарынды діни уағызшылар шыққан, олар славян және балтық теңізі жағалауындағы халықтардың жерінде миссионерлік жұмыстарды атқарған.

1209 жылы **Франциск Ассизский** кейіннен өз есімімен аталған (**францискандық**) мардымсыз орденнің негізін салды. Бенедиктіктер сияқты, францискандықтар өз жарғыларына кедейлік, тазалық және бой ұсыну анттарын енгізді. Бенедиктіктермен салыстырғанда, олар монастырларда емес, адамдар арасында өмір сүрді, көп жиһан кезді, халыққа түсінікті тілде уағыздар айтты. Олар өздерін қайырымдылық, байлық пен мансап, тақуалық өмір сүру салты арқылы құрметтеді. Францискандықтардың өзіне тән орден филиалдары болды: **а) әйелдердің кларисинок** ордені (рухани қыз бала Франциска Клара есімімен аталған)

және **б) терциарилер ордені**, онда жарғы бойынша өмір сүретін, бірақ әр түрлі себептермен ақсүйек ортадан кете алмаған тұрғындар (ерлер мен әйелдер) болды.

Францискандықтардың миссинерлік әрекетінде шек болмады. Орденнің мүшелері - Роджер Бэкон, Бонавентура, Дунс Скотт, Уильям Оккам сияқты тұлғалар болып табылды.

1216 жылы христиан дінінде маңызды орынға ие болған испандық монах **Доменико де Гушан** орденнің негізін қалады – оларды «**мырза төбеттер**» деп тегін айтпаған және олар бұл атауды мақтаныш тұтқан. **Доминикандықтар** діннен азғандар және еркін ойлайтындарға қарсы өздерін ымыраға келмейтін және қатігез ретінде көрсетті. Доминикандықтардың ордені қатаң және орталықтандырылған құрылымды қамтыды, онда қатаң тәртіп пен «басшыға» толық бағыну үстем болды. Орден дін ілімінің жарқын саңлақтарын тәрбиеледі: Ұлы Альберт, Фома Аквинский, Савонарола.

Монахтық бауырластықтар халыққа жақын болды және көп жағдайда халықтың қайғысына ортақтасқан. Рим папаларының үй жағдайында ауруларға медициналық көмек көрсетулері арқылы монахтық ордендер ауруханалар салды, халыққа білім берумен, қайырымдылық және миссионерлік әрекетпен айналысты. Сонымен қатар, бұл ордендер папа кеңесінің құралы ретінде танылды және осындайлар жиі жағымсыз жақтарынан көрініп отырды.

Монахтықтың мойнында болмысын баса айту қажет саналатын инквизицияның құрбандары саналады. **Инквизицияны** (латынша – «іздеу салу») Григорий папасы IX – XIII ғғ. жаңа күпірлерге қарсы күрес үшін құрды. Оны құрудың идеялық негізі болып бидай және арамшөбі туралы атақты өсиет әңгімесі қызмет етеді, мұнда арамшөптерді жинап, «өртеу» қажет (Мф. 13:24-30).

Қоғамды әр түрлі «арамшөптерден», яғни, күпірлерден құтқару қажеттігін «періште дәрігер» атанған Фома Аквинский және басқа да христиан шіркеуінің беделділері уағыздаған.

Күпірлер шіркеулік және ақсүйектік билік иелеріне қандай қасиетімен жақпады? Біріншіден, олар рухани және ақсүйек билеушілер арасында орнаған зұлымдық пен азғындықты кескіндеді, бұған олар И. Христостың қарапайым қасиетін қарама-қайшы қойған. Екіншіден, олар Библияға түсінік беруде дін басылары мен рәсімдерді орындаудағы монополиядан бас тартты: шіркеуде дұға қылу басқа жерлерде дұға қылудан жақсы жер емес. Үшіншіден, барлық күпірлер шіркеудің өзімен жеке «мағынасы ашылмаған», Наным символында құрастырылған қағидаларға қол сұққан.

Күпірлер арасында ұйымдастырылған келесі бағыттар анықталды:

**а) павликиандықтар** (VII ғ, Армения), манихейлікке апаратын дін оқуы. Павликиандықтар шіркеуді Ібіліс құрған тәртіптерді ұстанушы ретінде санап, одан бас тартты. Ана құдайына, пайғамбарларға, әулиелерге, иконаларға табынудан бас тартты; қоғам мен шіркеудегі қарама-қайшылықтарды кескіндеді.

**б) богомилдар** (X ғ., Болгария), өзінің *«Иоанново евангелие»* атты басты кітабында павликиандардың көзқарастарын нақты көшіріп алған, бірақ олардан қосымша шіркеулік құпиялар мен құдірет күштеріне табынуды жоққа шығаруды алды. Христиандықтың өміріндегі ең бастысы – дұға ету, бой ұсыну, зорламау.

**в) катарлар** (*грек тілінде – таза*), Италия мен Францияда XI ғасырда пайда болды. Катарлардың радикализмдері павликиандықтар мен богомилдарға қарағанда анағұрлым революциялық сипатта болды, олар И. Христостың қайта тірілуі мен өлімі туралы догматты жоққа шығарды, олардың ойынша шіркеулер, иконалар, кресттер, ырымдар қажет саналмады. Катарлар Көне Өсиетті құтқару кітабы деп санамады, ақсүйектер қоғамы мен шіркеу заңдарына бағынудан бас тартты, тақуалықты, некесіздікті, қарсылық білдірмеуді уағыздады.

**г) альбигойлықтар** (XII ғ., Франция, Италия, Германия), осылар катарлардың дүниетанымдарын басшылыққа ала отырып, одан әрі папа кеңесіне қарсы шығып, оған бой ұсынбауды бастады. Католиктік шіркеуге қарама-қайшы альбигойлықтар «жын-пері күші» деп санаған жеке шіркеулерін салды.

Инквизиция жоғарыда аталған күпірлікті жою үшін құрылған және сан мыңдаған жылдар бойы папалар мен монах-доминикандықтардың басшылығымен әрекет етті.

Инквизиция арсеналында барлығы болды: құпия тергеу, сөз тасушылар мен жалған куәгерлерді пайдалану, айлашыл тәсілдерді қолдану, мүлікті тартып алу, үшінші атаға дейінгі туған-туысқандарға айып тағу, күпірлік шығармаларды жою және т.б. Құрбандарды жазаға тарту тәсілдері алуан түрлі болды: халық алдында жауап беру, айыппұл салыну, абақтыға камалу, шықпырту, дене мүшесін зақымдаушылық, отқа жағып өлтіру. Инквизиция құрбандарының саны миллиондаған адамға жеткен – олардың арасында атаусыз шаруалар мен қолөнершілерден бастап, атақты ғалымдар мен бостандық сүйгіштер (Джордано Бруно, Галилео Галилей) болды. Жалпы парадокстың мәні – инквизиция жауыздығының Құдай үшін және Құдайдың құдіреті үшін орындалуында. Инквизиция – ортағасырлық христиан дінінің тарихындағы ең қанды және ұятты беттері.

Мейірімсіз инквизициямен қатар, ортағасырлық ойшылдар монахтарға, күпірлерге арнап, діни догматтардың шыншылдығын дәлелдеу үшін тиімді тәсілдерді әзірлеген.

Тарихи ғылымда бұл философия *«схоластика»* (*латынша - schola-mecten*) атауына ие болды. Схоласттар жаңа ақиқатты табуға талпынған жоқ, керісінше, философиялық көзқарастағы танымал діни, нақтырақ айтқанда, библиялық ережелерді дәлелдеуге күш салды. Олар сол кезеңдерде Еуропаның білім беру орталарында кең тараған Аристотель философиясын жоққа шығара алмады, содан соң, аристотелизм мен христиандықтың теориялық синтезін жүзеге асыруға тырысты. Схоластиканың атақты өкілі болып Фома Аквинский саналды.

Ортағасырлар келесі жүзжылдықтарда өз жалғасын тапқан білім беру жүйесіне себепкер болған. Әңгіме XIII ғасырдың басында пайда болған университеттер жөнінде болмақ. «*Университет*» термині алғашқыда студенттер мен оқытушылардың қала мен тұрғындар тарапынан тіл тигізулерден қорғайтын корпорацияны білдірді.

Ең атақты университеттер қатарында Париж, Болон, Оксфорд және Кембридж университеттері болды, онда құдайға құлшылық ету, құқық, медицина, математика, философия, астрономия, риторика және музыка пәндері оқытылды. Ол жерде «бакалавр», «магистр», «доктор» сияқты ғылыми дәрежелер берілген. Сабақ латын тілінде өтті, емтихандар көпшілік алдында ауызша және жан-жақты түрде тапсырылды. Әр университеттің белгілі бір құқықтары мен артықшылықтары болды, өз мәртебелерін бағалады және сол заманға лайықты алдыңғы қатарлы мамандарды даярлады.

XV ғасырдың басына қарай Еуропада барлығы 75 университет болды. Осының арқасында мамандарды даярлау монастырлар мен соборлар жанындағы мектептерден анағұрлым жоғары және көпшілік дәрежеге ауыстырылды.

Ортағасырлардағы католиктік шіркеулердің қуаттылығы айқын болатын. Алайда, шіркеуге үнемі сырттан және іштен қауіп төніп отырды. Католиктікті дүр сілкіндірген ең басты өзгерістердің жаршылары Дж. Уиклиф, Ян Гус және Савонарола болып табылды.

**Дж. Уиклиф** (Англия, XIV ғ.), ең алғаш болып шіркеу байлықтарын тәркілеу және папа билігінен тәуелсіз болу қажеттігін айтты. Ол библияның түсінікті ана тілі – ағылшын тілінде жазылғаннан соң, мәртебесінің артқанын баса айтты. Оның көзқарастарына айып тағылды, ал Константиндік собор (1415 ж) оның мәйіті мен шығармаларын жағуды қаулы етті.

**Ян Гус** (Чехия, XV ғ.), Болашақ Прага университетінің ректоры бола отырып, ағылшындық Дж. Уиклифтің реформалық идеяларын жақсы біліп, қабылдаған. Индульгенция саудасымен айналысуды айыптады, шіркеу реформаларын талап етті, билік басындағылар мен шіркеудің «құдай заңын» бұзу кезінде бой ұсынбау идеясының негізін салды. Ақырында, Ян Гус отқа жағылды.

**Савонарола** (Флоренция, XV ғ.), доминикандық-монах, Италияның адамгершілікке жат діни католиктік өмір сүру салтын айыптап қана қоймай, сонымен қатар, республика мен теократияны біріктіру арқылы аты шыққан. Оның әуесқой уағыздары халықтың қызығушылығы мен тілектестігіне бөленді. Ақырында, Савонарола жазаға кесіліп, дарға асылған.

Бұл ұлы адамдар Реформацияның негізін салушылар, оның хабаршылары мен папалардың шіркеу мен мемлекеттік істердегі ажырамас үстемшілігін бұзушылар болды. Католиктерге қарсы оппозиция Петрарка, Боккаччо, Рейхлин, Эразм Роттердамский және басқа да ұлы гуманистердің шығармаларынан көрініс тапты.

Католиктік биліктің құлауына билеушілеріне папа билігі қиындық тудыратын жаңа ұлттық мемлекеттердің, сонымен қатар, бұл мемлекеттерде қарқынды жаңа буржуазия топтарының пайда болуы әсер етті. Дәл осы топқа тарихтың келесі беттерін жазуға тура келді.

**Қайта өркендеу дәуірі мен Жаңа кезеңдегі христиан діні (XVI-XIX ғғ.).** XVI ғасырдың басына қарай ескі ережелерді орындауға мүмкіндік бермейтін оқиғалар туындады.

Біріншіден, Христофор Колумб пен Магелланның жаңалықтарының арқасында жақсы өмір сүру мен байлыққа он мыңдаған адам ұмтылған. Дүние туралы түсініктері өзгерді, еуропалықтар мүлдем басқаша мәдениет түрлеріне кез болды.

Екіншіден, Еуропа картасында билеушілері папаға бағынудан бас тартып, керісінше, өз мемлекеттерінің шегінде шіркеуді билігіне алған ұлттық мемлекеттер пайда болды.

Үшіншіден, маңызды экономикалық өзгерістер туындады: сауда халықаралық саудаға айналды, жаңа еңбек нарықтары туындап, өндірістік революция дами бастады, қоғамда жаңа әлеуметтік топтар пайда болды.

Төртіншіден, әлеуметтік ұтқырлықтың қарқыны мен масштабы күрт артты, жер иеленушілік құқығы жойылды және адамның жеке қасиеттерін көрсетуге жол ашылды. Осылайша, ортағасырлық феодалдық қоғамның статикасы ерте капиталистік қоғамның қарқынды дамуымен алмасты.

Римдік-католиктік шіркеудің папаға жан-жақтан ұсынылған реформалардан бас тартуы ерте ме кеш қандай да бір нәтиже беруі тиіс еді. Мұның нәтижесі болып 1517 жылдың 31 қазанындағы оқиға еді, ол кезде августиндік-монах, құдайға құлшылық етуші дәрігер және епископ М. Лютер индульгенция саудасы көмегімен арсыз және озбыр түрде ақша алуды айыптаған 95 тезисті жарыққа шығарды. Индульгенция деп әр түрлі бағадағы арнайы бланктер аталды, оны сатып алған күнәхарлар өздерінің күнәларының кешірілетініне сенімді болған.

Шіркеу М. Лютерға қарсы тұруға тырысты, бірақ бұл әрекет ешбір нәтиже бермеді: күрес логикасы христиан дініндегі католиктік және жаңа бағыт арасындағы кейіннен **протестантизм** атауына ие болған шекараның бөлінуіне әкеп соқты.

Мартин Лютердің негізгі идеялары индульгенцияға сын айтумен ғана шектелген жоқ. Оның катехизисі келесі постулаттарға негізделеді:

1. Христиандық үшін шынайы жалғыз абырой Библия болып табылады. Сонымен қатар, дінге сенушілер Библияны өздерінің ана тілдерінде оқулары қажет.

2. Адамның Христосқа деген нанымсыз құтқарылу мүмкін емес .

3. Папа азаматтық істерге араласпауы керек. Ол (папа) шіркеудің басшысы болып табылмайды, ал шіркеудің өзі адам мен Құдай арасындағы делдал болмайды.

4. Шіркеудің ешбір құпияшылдықтары құтқару күшіне ие болмайды. Олар тек ырым-символдардың мәні.

5. Монахтық – адамның табиғи заңдылығынан тыс күйі: дін басылары неке қиюға құқылы.

6. Әрбір христиандық Құдайдың рухани әулиесі болып табылады, оған делдалдардың қажеті жоқ және ол дұға арқылы Құдаймен тікелей тілдесе алады.

Мартин Лютердің өлімінен кейін, оның идеялары Германия шекарасынан тыс жерлерге дейін тамыр жайды. Дегенмен, лютерияндық протестантизмді христиан дінінің біртұтас тармағына айналдыратын өзегі бола алмады. Қатаң даулар протестантизмді көптеген жеке ұйымдарға ажыратты. Хронологиялық ракурста олардың пайда болуы келесідей тәртіппен бейнеленеді:

**1522 жыл, Швейцария.** Пастор Уильям Цвингли *цвинглиандық* атауымен белгілі шіркеудің негізін салады. Цвингли әрекеттерінің нәтижелері келесідей болды: монастырлар жабылып, индульгенция саудасы тоқтатылды, ғибадатханалардан иконалар мен крестер, мүсіндер мен алтарьлар, органдар мен қоңыраулар және т.б. алынды. Құдайға құлшылық етудің қарапайым жолдары табылды, ол тек уағыз айту, дұға тілеу және ән айтумен шектелді. Азаматтар үшін екі діни салт – шоқындыру және түрлі салттық рәсімдер орындалды. Діни қызметкерлер сайланып, тағайындалды және діндарлардың жиналысында қызметтерінен алынды, шоқындыру, неке қию, жерлеу рәсімдерінің ақысын төлеуге тыйым салынды.

**1525 жыл, Швейцария.** Цвингли шәкірттері қайта шоқындыру мәселесінде онымен ойлары ортақ болды және ережеге екінші рет қайта шоқындыруды енгізеді. *Анабаптистер* шіркеулері пайда болады (*грек тілінен аударғанда – қайта шоқындыру рәсімін орындаймын*). Анабаптистер кез-келген мемлекет ісіне араласу әрекеттерінен бас тартты және шіркеудің мемлекеттен бөлінуін қолдады. Шіркеулік иерархияны мойындамады және байлықты, мемлекеттік іске араласуды және әскери борышын өтеуді айыптады. Анабаптистер қатаң қуғынға ұшырады. Нәтижесінде, анабаптизмнен *меннониттер, мельхиориттер, гуттерлік ағайындардың* шіркеулері пайда болды.

**1536 жыл, Нидерланды.** Өз еркімен католик мәртебесінен бас тартқан әулие Менно Симонс бір дінге табынушыларды басқаруды – олардың қорлануы мен қуғынға түсуінен құтқару үшін қабылдайды. Оның ізбасарлары өздерін *меннониттер* деп атаған. Меннониттер зорлау әрекеттерінен бас тартып, өзін-өзі адамгершілік жағынан жетілдіруге талпыну, шіркеудегі иерархияны жоққа шығару мен әрбір қауымдастықтың өзін-өзі басқаруды қолдайтын қасиеттерімен ерекшеленді.

**1579 жыл, Польша.** Ф. Социн христиандық Құдайдың үштігі туралы догматына қарсы шығады. Оның ізбасарлары – *социандықтар* Иисус Христосты өзінің тақуалық өмір сүруі мен Құдайға құлшылық етуінің арқасында қайта тірілгеннен соң, Құдайдың қасиеттеріне ие болған адам деп санаған. Социандықтар ең алғаш күнә жасауды, Христостың Құдіретін, күнәні өтеуді және сана мен түйсікке қарама-қайшы догматтарды жоққа шығарған және олардың тиімді түсініктемелеріне мүмкіндік тудырмайды.

**1534 жыл, Швейцария.** Протестанттардың екінші ұрпақтарының көсемі Жан Кальвин Женевада христиан дінінің тарихында маңызды рольге ие болған шіркеудің негізін салды. Жаңа бағыттың атауы негізін салушының есімімен – **кальвинизм** деп аталды. Ж. Кальвиннің басшылығымен Женева реформаланған шіркеудің моделі болды, оның үлгісі бойынша басқа да реформалық шіркеулер қалыптасқан.

Ж. Кальвиннің дін ілімінде тағдыр туралы идея басты орынға ие, ол арқылы адам тағдыры Құдаймен шешілген және ешбір рақымшылдың еш нәрсені өзгертуге мүмкіндігі жоқ.

Ж. Кальвин өзінің рухани кең мұрасында (57 томдық) христиандық теория мен күнделікті өмірдің барлық аспектілерін толық және егжей-тегжейлі баяндаған. Оның идеялары қысқаша былай түсіндіріледі:

- құдай толық егеменді, Оны ешбір дұғамен немесе жақсы істермен мейірімдендіруге болмайды, Ол адамдардың тағдырын алдын-ала белгілейді: біреуді – құтқарады, біреуді - өлімге жазады;

- адам Адамның кінәсін мұра етеді және өзін-өзі құтқару үшін ешқандай әрекет жасай алмайды – оның еркі толық азғындыққа салынған;

- Иисус Христос крест азабын барлық адамдар үшін көрген жоқ, тек Құдайдың сүйген құлдары үшін азап шеккен;

- Құдайдың сүйген және сүймеген құлдары Жер бетіндегі материалды, адамгершілік және рухани байлықтарына байланысты айқындалады;

- Құдай шіркеу мен мемлекетті адамдардың игілігі үшін құрған және олар бір-біріне христиан дінін тарату үшін, адамдарды Библияның адамгершілік туралы заңдарын негізге ала отырып, тәрбиелеу мақсатында көмектесулері қажет;

- шіркеуде қызметкерлер функцияларының нақты дифференциациясы белгіленуі қажет: пасторлар тәртіпті сақтап, уағыздауы, оқытушылар – дінге оқытулары, диакондар – қайырымдылық жұмысын басқаруы, пресвиторлар – құдайға құлшылық ету мен адамгершілік қасиеттерін қадағалауы және қажет болған жағдайда оны бұзышуларды соттап жазалауы, оларды шіркеу мүшелігінен алып тастап, өлім жазасына дейін кесулері қажет.

Басқа мемлекеттерде кальвинизм басқаша атаулармен танымал болды: Францияда Кальвиннің кейбір ізбасарлары **гугеноттар** (немісше – *антпен біріккендер*), басқалары – **янсенистер** (теолог К. Янсеннің есімімен аталған); Англияда кальвинистер **пуритандықтар** (латынша - *таза*) атауларымен белгілі.

Гугеноттар, янсенистер мен пуритандықтар католиктік шіркеулердің қанды қуғынына ұшыраған. Мысалы, Парижде 1572 жылдың 23-24 тамызында Варфоломей деп танылған бір түннің ішінде 2 мыңнан астам адам қаза болған. Францияда католиктер жалпы шамамен 20 мың реформатор-гугеноттарды (кальвинистер) өлтірген.

**1560 жыл, Шотландия.** Дж. Нокс шіркеуді басқару жүйесін реформалайды, Шотландия шіркеуін Рим папасының билігінен босатады.

Кальвинизмнің бұл тармағы *пресвитериандықтар* (грекше - қария) деген атауға ие болды. Кальвинизмде барлық жердегідей діни табынулар анағұрлым қарапайымдалған және пасторлар дінге сенушілер арасынан тағайындалған. Пресвитериандық дін ілімі Библия және Ж. Кальвин мен Дж. Нокстың идеяларына негізделеді.

**1604 жыл, Голландия.** Кальвинизмнің салтанатты шеруін Дж. Армини тоқтатты. Ол өзі және оның жақтастары – *арминиандықтармен* бірге Кальвинге қарама-қайшы Құдайдың барлық жанды құтқару үшін жаратқан деп үйретті: адам тәуелсіз ерікке толы және Құдайдың күшімен ең алғаш күнәсінан арылуға мүмкіндігі бар – тек діни наным болса жеткілікті. Христос крестте Құдаймен барлығын жақындастырған, дегенмен, бұл мейрімділікке кез-келген адам бөлене алмайды. Адам – Құдай қолындағы күнәлардың құлы емес және Құдайдың да құлы емес: оның құтқарылуы өзіне байланысты. Арминиандықтар қудаланған, артынша олардың көзқарастарының кейбір бөлімдерін әдіскерлер, англикандықтар және баптистар пайдаланған.

**1534 жыл, Англия.** Англия Королі Генрих VIII өзінің ұлттық аумағындағы шіркеудің басшысы болып сайланады – осы кезден бастап протестантизмдегі реформаторлық және анабаптизммен қатар, *англикандық* атауына ие болған үшінші бағыттың тарихы басталады.

Англикандық шіркеу келесідей ерекшеліктермен сипатталады:

- Шіркеудің басшысы болып ешкімге бағынбайтын король (король әйел) болып табылады, папа кеңесінен саяси бөлінулер 1534 жылы болды;
- дін ілімі шеңберінде шіркеуді құтқару ролі туралы католиктік догмат лютерлік жеке діни нанымды құтқару жөніндегі ілімімен біріккен;
- католиктік салт, дін басылар иерархиясы, тәубешілік құпиясы және т.б. ырымдар сақталған;
- бұл діни нанымның католиктіктен айырмашылығы, дін басыларына неке қиюға рұқсат беріледі;

-құдайға құлшылық ету дінге нанушылардың ана тілінде орындалады;

Англикандық шіркеу XVI - XVII ғғ. Оны әр түрлі папа кеңесінің ізінен тазартуды талап ететін өте қатаң оппозицияға тап болды: ырымдардан, қызметкерлердің киім-кешектерінен, қасиетті күндерден, күнәлардан арылтудан, мәртебе беру барысында тізерлеу салтынан бас тарту.

Оппозиция *«пуритандықтар»* деп аталған және бірнеше бағыттарға бөлінген: конгрегационалистер, пресвитериандықтар, сепаратистер және т.б. Пуритандықтар англикандық шіркеудің дұшпандары болмады және басты міндеттері ретінде оның реформалануы мен христиан дінінің бастапқы принциптерін жақсарту деп таныды: шіркеулік иерархияны таратудан, барлық дінге сенушілердің әулиелігін жүргізуден, ырым-салттардың арзандауы мен қарапайымдануы, шіркеудің мемлекеттен бөлінуі. Олардың Англияда өз мақсаттарына жетуге мүмкіндіктері болмады.



Протестанттықтың жетістіктері жоғары католиктік дін басылары мен папаға қарсы әрекет жасау және католиктік шіркеудің ішкі реформаларын жүргізуді талап етті: Реформация Контрреформацияға қарсы қойылды. Оның басты міндеті - протестанттыққа қарсы әрекет жасап, шіркеу ішіндегі күпірлерге қарсы күрес жүргізу болып табылды. Бұл мақсаттарға жетудің құралы болып монахтық ордендер және жаңадан құралған *капуциндер* (1524ж.), мен *урсулиндер* (1535ж.) табылды.

Ең маңызды рольді 1534 жылы Испанияда И. Лойло ойлап тапқан *иезуиттер ордені* ие болды. Жалпыға ортақ католиктік монахтың діни анттарына қосымша (некесіздік, кедейлік және тақуалық) төртінші діни ант – папаға толық бағынуды бекітті.

Орденде қатаң тәртіп пен қатал орталықтандыру белгіленген: ол католиктік дінде биік дәрежеге ие болған. Иезуиттер мектептер мен университеттерді ұйымдастырған, қажет болған жағдайда діни емес киімді киюге, өзінің орден қатарында екенін жасыруға, өзін қызықтырған адаммен шіркеуден тыс жерде жыныстық қатынасқа түсуге рұқсат етілді және әлі де рұқсат етіледі. Иезуиттер өздерін католик дініне жан-тәнімен берілген ұлдары деп танытқан. Олардың миссионерлік әрекеттерінде шын мәнінде шек болмады - Еуропа, Америка, Қытай, Үндістан, Жапония және т.б.

Өз идеяларын кітап басып шығару арқылы (XV ғ) батыл таратқан протестанттыққа қарсы әрекеттері кезінде католиктік шіркеу дінге сенушілердің шіркеуден бас тартуы мүмкін деген үреймен *«Индекс запрещенных книг»* атты оқуға тыйым салынған кітаптарды құрастырды.

«Индекс» 1559 – 1966 жылдар аралығында басылып шығарылды және оның құрамына кітаптардың мыңдаған атаулары енді. «Индекске» Э. Роттердамскийдің еңбектері, Библияның протестанттық баспалары, Г. Галилейдің, Н. Коперниктің, Б. Спинозаның, И. Канттың, О. Бальзактың, Г. Гейнениң, В. Гюгоның, Ж.П. Сартраның, К. Маркстың, К. Каутскийдің, Г. Плехановтың, В. Лениннің және т.б. еңбектері кірген.

Контрреформациядағы маңызды орынға *Тридентский собордың* (1545-1563 жж.) ең алғаш күнәлар мен одан тазару, Собор беделділерінің алдындағы папа билігінің басымдығы туралы догматтарды дәлелдейтін шешімдері ие болды. Собор протестанттықтың барлық үлгілеріне қарғыс айтты, жеті құпияның барлығын да анықтады және отбасылық өмірдің ережесін ойлап тапты, Библияның беделді аудармасы Вульгаго (латын тілінде жазылған) деп таныды және дін басылары үшін адамгершілік ережелерін бекітті. Католиктік шіркеудің батыл әрекеттеріне қарамастан, протестанттықты жоюға мүмкіндік тумады, алайда, ол протестанттықтың таралу шегін анағұрлым азайтты.

XVII ғасыр христиан дінінде негізгі бағыттар мен конфессиялардың қалыптасуымен аяқталды, олар бүгінгі таңға дейін біршама өзгеріске түсіп, әлі де болса өз әрекетін жалғастыруда. Ортақ, соборлы, қасиетті, апостолдық шіркеуді жандандыру әрекеттері еш нәтиже бермеді және болашақта оның өмірмен байланыстырылуы екіталай. Оның бұрынғыдай ішкі және сыртқы жаулары бар. XXI ғ. басында христиан діні дінге табыну

және ұйымдар конгломератын қамтыды, олар қарсыластары мен бәсекелестерімен достық қарым-қатынас орнатуға мәжбүр болды.

### Әдебиет

1. Библия. - М., 1988.
2. Библейская энциклопедия. - М., 1991.
3. Библейский словарь / Пер. с швед. – М., 1989.
4. Бойд Р.Т. Курганы, гробницы, сокровища. – М., 1991.
5. Де Гаан Н.Р. Круг христианского чтения. – М., 1990.
6. Зеньковский А. Апологетика. - Рига, 1992.
7. Кернс Э. Дорогами христианства. - М., 1992.
8. Левшеня К. Доктрины Библии. - М., 1981.
9. Льюис К. Просто христианство. – М., 1990.
10. Макдауэлл Дж., Ларсон Б. Иисус. – М., 1990.
11. Робертсон Р. Восточные христианские церкви, Справочник. - СПб, 1999.
12. Савченко П.Д Сравнительное богословие. – М., 1990.
13. Тенни М.К. Мир Нового Завета. – М., 1990.
14. Хеннинг Р. Неведомые земли. - М., 1961, Т.2.
15. Мченсны А. Отцы церкви. Отцы наших отцов. - Караганда, 2000.
16. Амусин И.Д. Кумранская община. - М., 1983.
17. Гече. Г. Библейские истории / Пер. с венг. - М., 1989.
18. Донини А. У истоков христианства / Пер. с итал. - М., 1989.
19. Каутский К. У истоков христианства / Пер. с нем. - М., 1990.
20. Косидовский З. Библейские сказания. - М., 1973.
21. Косидовский З. Сказания евангелистов. - М., 1977.
22. Крывелев И. А. История религий. - М., 1988, Т.1.
23. Орынбеков М.С. Верования древнего Казахстана. - Алматы, 1997.
24. Свенцицкая И.С. От общины к Церкви. - М., 1985.

### Бақылау сұрақтары

1. *Ерте христиан діні жөнінде қандай дереккөздер мәлімдейді?*
2. *Негізгі христиан дінінің догматтарын атаңыз және мәнін түсіндіріңіз.*
3. *Христиандықтардың қасиетті кітабы – Библияның мәні неде?*
4. *Христиандық дін ілімінің жүйесі нені білдіреді?*
5. *Ерте христиан дініне сипаттама беріңіздер.*
6. *Монахтық қайда, қашан және не себептен пайда болды?*
7. *Ортағасырлық христиан дініне сипаттама беріңіздер.*
8. *Христиан дінінің 1054 жылы бөлінуінің себеп-салдары қандай?*
9. *Крест жорықтары қандай мақсаттарды көздеді?*
10. *Монахтық ордендердің пайда болу себептері қандай?*
11. *Ортағасырлық күпірлерге сипаттама беріңіздер.*
12. *Протестанттықтың пайда болу себептері қандай?*
13. *Лютеранттық, кальвинизм және англиканттыққа жеке баға беріңіз.*

### 5.3 Ислам

Ислам буддизм және христиан діндерінің қатарындағы дүниежүзілік дін болып табылады. Мұсылмандар саны 1 миллиард адамнан асады. Пайда болу кезеңі – Арабия, б.з. VII ғ. Мұсылмандар барлық кұрлықта өмір сүреді, әсіресе, олардың көп бөлігі араб және түркі мемлекеттерінде шоғырланған. Он мыңдаған мемлекеттердің ішінде ислам мемлекеттік дін болып саналады.

**Исламның негізін салушы тұлға.** Бүкіл дүниежүзіне ислам дінінің негізін салушы - **Мұхаммедтің** есімі белгілі (**Махаммад, Магомет**), алайда, оның толық есімі былай жазылады: **Мұхаммад бин Абдуллах бин Абдуль Мутталеб Әл-Хашими Әл-Кураши**. Мекке қаласында 570 жылы дүниеге келген. Мұсылман дереккөздеріне қарағанда, Мұхаммед пайғамбардың өмірге келген шағында ерекше құбылыстар байқалды: пұттар жоғалды, сарайлар сілкінді, парс оттары сөнді (бұған дейін ол 2000 жыл жанып тұрды), жер мен көк ерекше шырақпен жарқырады.

И. Христоспен салыстырғанда Мұхаммед пайғамбардың жер бетінде ерекше ата-аналары болды. Олар дүниеден ерте өткен, содан соң бала тусқандарының қолында тәрбиеленді. Оның балалық және жасөспірім шағы қиын болды, бірақ бұл жағдай пайғамбардың Хадиджа бинт Хувайлид атты жесір әйелге үйленіп, саудагер болғанынан кейін жақсы жаққа қарай өзгерді. Саудагер ретінде Арабиядан тыс жерлерге керуен жүргізген, ол жерлерде иудейлік және христиан діндерімен танысқан.

610 жылы Мухаммед жаңа ислам деп атаған діннің уағыздаушысы ретінде танылады. **«Ислам»** термині араб тілінен шыққан және «бой ұсынушылық», «бағыну», «табыну» мағыналарын білдіреді. Бұл сөздің басқаша мағынасы – Құдайға құлшылық ету арқылы жететін «тыныштық».

Мұхаммед пайғамбардың адамдар арасындағы бауырластықты, адамдардың бірін-бірі қанауға жол бермеу туралы уағыздары Меккенің билеушілерінің ашу-ызасын келтірді, содан соң ол өз өмірін сақтап қалу үшін Медина қаласына қашады. Бұл жағдай 622 жылы болған, осы кез (хиджра жылы) мұсылман жылсанауының бастамасы болады. Мұхаммед Медина қаласында ең алғаш мұсылман қауымдастығының негізін салады, оның құрамына оны «Алланың елшісі» ретінде танығандар ғана кірді. Мұхаммед өмірінің соңына қарай барлық Арабияны дерлік өз ықпалына бағындыра алды. Ол 632 жылы Медина қаласында қайтыс болды және сол жерде жерленген.

Мұхаммедтің дарынды және мақсатқа бағытталған қасиеттерге толы болғаны туралы еш күмән жоқ. Мұсылмандар оны адам деп танып, тек екі ғажайыпты есепке алмағанда ғажайып қасиеттерге бөлендірмеген: аз уақытқа көкке сапар шегуден басқа Мұхаммедті тастармен қолпаштау. Дегенмен, пайғамбарды құрметтеу мұсылмандардың міндеті болып табылады. Оның өмірі еліктеу үшін мысал ретінде бағаланады, ал оның есіміне сыйластықпен қарамау - өліммен жазаланатын қылмыс болып табылады.

Мұхаммед уағыздаған дін іліміне әр түрлі көзқараспен қарауға болады, бірақ дүниежүзілік өркендеуді исламның негізін салушысыз елестету мүмкін емес.

**Ислам догматтары.** Мұсылман дін ілімдері бойынша Құдай әр түрлі кезеңде әр түрлі халықтарға пайғамбарларды жіберген, олар халықты Құдай Сөзімен оқытқан. Пайғамбарлық кезеңді соңғы пайғамбар болып табылған **«Пайғамбарлардың мөрі»** деп танылған Мұхаммед аяқтады. Мұхаммед ілімі Адамның барлық ұрпағына және бүкіл адамзатқа арналады – басқа пайғамбарлар болмайды.

Мұхаммед нені оқытты? Ислам дінінің догматтары қандай?

**1. Құдайдың жалғыздығына сену.** **«Алладан басқа Тәңір жоқ»** - исламның ең басты догматы. **«Алла»** сөзі Дүниені жаратушы және оны өзі ешбір «серіктестерсіз» жеке басқарушы жалпыға ортақ Құдайдың есімі болып табылады.

**2. Жаратушының Періштелеріне сену.** Періштелер күдіретті күшке ие болмайды, тәні жоқ, Құдай алдында адамдарды қорғамайды, күнәдан таза болады. Олар біздің арамызда жүреді, Алланың алдында о дүниеге аттанған соң ұсынылатын жақсы және жаман ойларымыз бен әрекеттерімізді белгілейді. Періштелерге табыну мен олардан көмек сұрауға тыйым салынады.

**3. Алланың жолдауына сену.** Құранға дейін Құдай адамдарға Авраамның Библиясы, Моисейдің Торы, Давидтің Псалмасы және И.Христостың Евагелиесі сияқты кітаптарды пайғамбарлар арқылы жіберген. Құран алдыңғы елшіліктерге қарағанда айырмашылығы бар соңғы жолдауы:

- алдыңғы жолдаулардың көпшілігінің бастапқы мәтіндері жоғалған және олардың тек аудармалары ғана бар. Құран бастапқы нұсқасында сақталған;

- алғашқы Жазбаларда адамзаттың мәтіндері мен Құдайдың сөзін адамның сөзінен айыру мүмкін емес. Ал Құранда тек Құдайдың сөздері түсірілген;

- басқа кітаптар жөнінде, қай ғасырда және кімге арнайы ашылғаны туралы мәлімет жоқ. Бұл мәселе бойынша Құранда толық түсіндірілген: ол Мұхаммедке VII ғасырда жеткен;

- алдыңғы Жазбалар өлі тілдерде жеткізілген, сондықтан оларды тек белгілі бір шағын көлемдегі мамандар ғана түсіне алады. Құран миллиондаған адамдардың қолданысындағы тірі тілде жеткен;

Әркім Құранды бастапқы үлгісінде оқи алады;

- алғашқы Жазбалардың әрқайсысы тек бір халыққа және белгілі бір тарихи кезеңге арналып жазылған. Құран болса барлық адамзат үшін шексіз уақытқа арналып жазылған;

- алғашқы кітаптарда адамдар көптеген ерсі және адамгершілікке жат заттарды енгізген. Құран болса даналықтың, адамгершілік пен шындықтың қайнар көзі болып табылады.

4. Тәңір пайғамбарларына сену. Мұсылмандар Құранда жазылған барлық пайғамбарларға сенуге міндетті.

Мұхаммед және оған дейін өмір сүрген пайғамбарлар арасындағы айырмашылықтарды есте сақтаған жөн:

- алғашқыда пайғамбарлар белгілі бір халыққа және кезеңге байланысты жіберілген. Мұхаммед барлық халыққа ортақ барлық кезеңге жіберілген;

- көптеген пайғамбарлардың ілімдері ұмытылған және бұрмаланған, олар бойынша өмір сүру мүмкін емес жағдай. Мұхаммед ілімінің мәні - ол бойынша жаңылысудан қорықпай өмір сүру мүмкіндігінің болуында;

- алғашқы пайғамбарлардың әулиелігі тегіс қамтылмаған, ал әрбір жаңа пайғамбар алдыңғы пайғамбарлардың бұйрықтарын жойған немесе өзгертіп отырған. Мұхаммедтің ілімі барлығын тегіс қамтыған, оны қайтадан өзгертуге немесе жақсартуға болмайды.

5. О дүниелік өмірге сену. Мұсылмандардың пікірінше, кімде-кім қайта тірілуге сенбесе, ол кәпір болып табылады, өйткені, өлгеннен соң өмір сүруді жоққа шығару барлық нанымдардың мәнін жоғалтады. О дүниелік өмір мәңгілікте өмір сүрудің сапалы жаңа күйі ретінде түсіндіріледі. Діннен қашқандарға, мұсылмандық адамгершіліктен бас тартқандарға тозақтың оты дайын тұрады, ал діншіл мұсылмандарға жұмақтың шексіз рахаты тарту етіледі.

Жоғарыда аталған догматтар ислам дінінің негізі болып табылады: оларға сенген адам мұсылман қауымдастығының мүшесіне айналады.

***Мұсылманның немесе «дін тармақтарының басты міндеттері».***

**1. Дұға тілеу (намаз).** Мұсылманның күніне бес уақыт орындауға тиісті басты міндеті: таңертең, түскі уақытта, түстен кейін, күннің батуына дейін және ұйықтар алдында оқу. Бұл дұғалар мұсылманға күнделікті тіршілік қамына шомып, Алланы ұмытуға жол бермейді. Намаз оқудың төмендегідей ережелері бар:

- шамамен болса да, намаздың уақытын білу;
- тәннің, жанның, киімнің таза болуы;
- Қағбаға қарай бетімен және денесімен тұру;
- намазды асығып оқымау;
- Аллаға тікелей жалбарыну;
- қаза болған намаздың орнын ыңғайлы уақытта толтыру.

Ата-аналар балаларына 7 жастан бастап намаз оқудың ережелерін үйретуге міндетті. Намаздан бас тартқан немесе оны немқұрайлы оқыған балаларды 10 жасқа толғаннан кейін күш салып жазалауға рұқсат беріледі.

Жұма күні оқылатын намазға баса назар аударылады, оны тек белгілі бір орынды себептерге байланысты қаза қылуға болады.

Тірілер және өлілер үшін жалбарынып, денсаулық, жаңбыр және т.б. тілеуге болады. Топпен бірге намаз оқу барысында әйелдер жабық киім киіп, әтір мен косметика қолданбай, ерлердің артында тұрып оқулары қажет.

**2. Ауыз бекіту (ораза).** Оразаны Рамадан (Рамазан) айының күнтізбесі бойынша тоғызыншы айдың ішінде ұстайды. Бұл кезде мұсылмандар қасиетті күн бойы тағамнан, сусыннан, ерлі-зайыптылардың қатынасынан, ойын-күлкіден және т.б. бас тартады. Тағам мен сусынға қану түнгі уақытта рұқсат етіледі. Ораза ұстаудан аурулар, жүкті әйелдер, емізетін аналар, жол жүретіндер, тоғыз жасқа дейінгі қыз балалар мен 14 жасқа дейінгі ұл балалар босатылады.

Діндарлардың пайымдауынша, ораза ұстау асқорыту жүйелерін жеңілдетеді, жанды жайландырады, аш адамдарға мейірімділік сезімдерін білдіруді тәрбиелейді.

Егер мұсылман Рамадан айында келесі әрекеттерді орындаса, ораза жарамсыз деп саналады:

- жаман сөздер айту, айқайлау, күндіз темекі шегу, киноға бару;
- тағам мен сусынды біле тұра ішу, жалған әңгіме айту;
- әдейі құсық құсу.

Әрбір бұзылған ораза жоғалтқан күндерді өтеу әрекеттерімен қоса орны толтырылатынын айта кеткен жөн: құлдарды босатуға, 60 аш адамды тойдыруға болады және т.б.

Мұхаммедтің айтуы бойынша, Рамадан айы келген уақытта жұмақтың есігі ашылып, тозақтың есігі жабылады. Алла үшін ораза ұстаушының иісі мұскустың иісінен тартымды болады.

**3. Зекет.** Ислам бойынша жылына бір рет мүлкі мен табысының бөлігін тарату міндеттеледі. Зекет келесі мүлік түрлерінен төленеді: бидай және жеміс түріндегі егін шаруашылығының өнімдерінен; алтыннан, күміс пен қағаз ақшадан; сауда нысаны болып табылатын және табыс әкелетін заттардан; малдан. Зекетке берілетін мүлік пен табыстың мөлшері мұсылмандарды жоқшылыққа ұшырататындай болмауы қажет.

Ислам зекет берілетін адамдардың сегіз категориясын бөліп қарастырады:

**1.** Кедей. Бұл қажетті заттардың жартысынан азына ие адам.

**2.** Мұқтаж адамдар. Өз қажеттіліктерін 70-80 пайызға қанағаттандыратындар жатады.

**3.** Зекетке байланысты еңбек ететіндер (құрастырушылар, қоймашылар, жазушылар, күзетшілер және т.б.).

**4.** Исламға шақырып, оған деген мейірімді қарым-қатынасын тудыру қажет болған тұлғалар.

**5.** Құлдар мен тұтқынға түскен адамдарды азат ету үшін.

**6.** Аздаған қажеттіліктерін (күнәсіз) қанағаттандыру үшін алған қарыздарын өтеуге қиналып жүргендер.

**7.** Алланың атымен соғысқа аттанған жауынгерлер үшін, оларды тағаммен, жабдықтармен, қару-жарақпен қамтамасыз ету қажет.

**8.** Ел кезушілер: жат елде тап болған және үйіне оралу үшін қаражаты жоқ жиһанкездер.

Зекеттен берілетін қаражат дінге сенбейтіндерге және діннен безгендерге, бай адамдарға, еңбекке жарамдыларға, сонымен қатар,

балаларының асырауға мүмкіндігі бар адамдарға: ата-аналарға, әйелдеріне, балаларына төленбейді. Кедей адамға бір ай немесе бір жылға жететіндей көмек көрсету қажет. Зекет адамның күнделікті өмір сүруге қажетті табысынан төленбейді.

**4. Қажылық (қажылыққа бару).** Ислам әр адамның таза еңбекпен тапқан ақшасына бір рет болса да Меккеге қажылыққа баруға шақырады. Қажылық – сыпайылық үшін баратын жол емес, саяхат емес, өте күрделі діни салттық жора. Әйел адам қажылыққа тек туысқаны, яғни, ер адаммен бірге баруы тиіс. Мусульмандар Меккедегі мешітте оқылатын дұға басқа мешітте оқылатын 100 мың дұғадан артық деген сенімде – сондықтан да, әркім қажылыққа баруды армандайды.

Қажылыққа бару келесі адамдар категориясына рұқсат етіледі: тек мұсылмандар үшін, психиялық жағынан сау, ерікті (құлдар емес) кәмелеттік жасқа толғандарға, қаржы қатынастарында мұқтаж емес адамдарға.

Қатаң белгіленген жерге жеткенде қажылыққа келгендер арнайы ақ киімдерді (ихрам) киеді және осы кезден қажылық басталады.

Ихрамды киген кезде қажыға тыйым салынатын әрекеттер: шашты кию, жыныстық қатынасқа түсу, сүйісу, тырнақ қию, бас киім кию (ерлерге), әтір себу, тыйым салынған киімді кию.

Қажылық кезіндегі діни әрекеттер толық және жете белгіленген. Қажылық – бүкіл дүниежүзі мұсылмандарының сан миллиондаған ерекше форумы, мұсылмандық бауырластық пен ынтымақтастықтың символы. Қажылыққа барған адам **«қажы»** құрмет атағын иеленеді және жасыл түсті сәлде орап, мұсылман салттарын орындауға құқығы болады.

Меккеден кері қайтар жолда діндарлар Мұхаммед пайғамбардың, оның қызы Фатиманың, оның әйелі Айшаның, пайғамбар мен басқа әулиелердің өлімінен кейін мұсылман қауымдастығы басшыларының мәйіті жерленген Медина қаласына барады.

Ең маңызды **«ислам тармақтары»** (намаз, ораза, зекет және қажылық) толық дінге сенушіліктің мына формуласына сенуді талап етеді: **«Алладан басқа Тәңір жоқ және Мұхаммед оның елшісі»**. Алладан басқа тәңірлерге сену күнә, үлкен күнә болып табылады. Алла – мұсылмандардың жалғыз тірегі. Оның барлық әрекеттері Алла үшін істелуі қажет. Мұхаммед Пайғамбар күдірет күші емес, ол адам, Алланың құлы, оған табынуға болмайды, тек оның уағыздары бойынша өмір сүру қажет. Пайғамбардың есімін құрметтемеу немесе оны балағаттау, оның сөздері мен істеріне сыйластықпен қарамау қатаң жазаланды - өлім жазасына дейін кесілді.

Ислам Мұхаммедке дейін өмір сүрген Алланың барлық елшілеріне бір мезгілде соңғы Пайғамбардың есіміне баса назар аудара отырып, құрмет көрсетуге шақырады.

Мұсылманның Исламды қорғау сияқты міндетін айта кеткен жөн. Осындай қорғаныстың бөлігі **джихад** – ислам жауларына қарсы қасиетті соғыс болып табылады. Дүниежүзінің барлық мұсылмандары кез-келген ислам мемлекетіне жасалған шабуылдан зардап шеккендерге көмек көрсетуге міндетті. Джихадтан бас тарту исламды сату дегенді білдіреді.

Джихад түсінігі мұсылманның өзінің жаман ойларымен, әрекеттері мен тілектерімен іштей күресу, ислам принциптері бойынша өзін-өзі адамгершілік жағынан жетілдіру дегенді білдіреді.

**Шариғат – мұсылман заңы.** Шариғат – мұсылман қоғамы мен жеке тұлғаның тіршілік әрекетінің барлық жағын қамтитын тәртіп сақтау ережесі, заңдар кодексінің толық жинағы.

Шариғаттың негізі Құран болып табылады (Мұсылмандардың қасиетті кітабы) және Сунна (Мұхаммедтің өмірі мен іс-әрекеттері жайлы аңыз-әңгімелер жинағы).

Исламда төрт мектеп бар, оның әрқайсысының жеке Суннасы бар, оны шынайы және тура деп тек аталмыш мектептің шәкірттері ғана емес, сонымен қатар, дүние жүзі мұсылмандары да құметтейді. **Ханифиттер** (340 млн.), **маликиттер** (45 млн.), **шафииттер** (100 млн.) және **ханбалиттер** (20 млн.). Өзара айырмашылықтары болса да, оларды төрт заңды мойындау біріктіреді: Құдайдың заңы, тұлға заңы, қоршаған адамдардың заңы және Құдайдың барлық жаратқандары. Мұсылмандардың міндеттері осы заңдарға негізделеді.

Құдай заңдарының мәні – адамның тек жалғыз Тәңірге сенуі, Оған және Оның заңдарына құлшылық етуі болып табылады. Құдай заңдары үшін басқа заңдарды және міндеттерді, сонымен қатар, өз өмірін құрбандыққа шалуды шек қою қажет.

Тұлға құқықтарының мәні – адамның шектен тыс кетпей, қалыпты өмір сүруінде. Ол жақсы мен жаманды анық айыра білуі және Пайғамбар нұсқаған жолмен жүруге міндетті.

Басқа адамдардың құқығының мәні – осы адамдардың өмірі біздің жалған сөздерімізбен, өтірікпен, сөз тасумен, мазақпен, алдаумен, зина жасаумен күнгірттенбеуі қажеттігінде. Шарғиат **Мен және Мен емес-басқа адамдар** арасындағы үйлесімділікке шақырады.

Барлық тірі жандардың (адамдардан басқа) бізге үстемдік ететін белгілі бір құқықтары бар. Сондықтан да, ойын-сауық үшін жануарларды өлтіруге, оларға залал келтіруге, аш қалдыруға тыйым салынады. Исламда ағашты немесе бұтақты қажетсіз кесу, суды және басқа да табиғи қорларды ысыраппен пайдалану мақұлданбайды.

Шариғатта **«халал»** (жақсы зат) және **«харам»** (жаман зат) түсініктері бар, олар таза мұсылманның ненің дұрыс, ненің теріс екенін толық баяндайды. Бұл ережелерді жан-жақты қарастырайық.

Жеке өмірде келесі тағамдарды пайдалануға тыйым салынады: өлексе, қан, шошқа еті, Алладан дұға тіленбей сойылған басқа жануарлардың еті.

Шариғатта мұсылманның тағамға **харам** (тыйым салынған затты) заттарды қолдануға болатын жағдайды қарастырады. Бұл – жағдайға байланысты бір тәулік немесе одан да көп мерзімде дінбасыларымен белгіленетін аштық.



Мұсылмандарға иудейлар мен христиандармен бірігіп тамақтануға рұқсат етіледі, себебі, екі жақтың адамдары «жазу адамдары» болып табылады және бір құдайға табынуды ұстанады.

Шариғат бойынша кез-келген спиртті ішімдіктерді ішуге, оларды сатуға және шығаруға тыйым салынады. Кез-келген мас қылатын сусынды ішуге тыйым салынады.

Киім әрдайым таза және тартымды болуы қажет. Әйел адамға рұқсат етілген әшекейлердің ішінде ер адамдарға таза алтыннан бұйымдарды тағуға және табиғи жібектен киім киюге тыйым салынады. Исламда әйел адамға жұқа, денесі көрініп тұратын және жабысатын киімді киюге, қасты жұқарту, жасанды шаш тағуға тыйым салынады. Барлық мұсылмандарға мұсылман әйелдеріне ақ шаштарын бояуға тыйым салынады.

Тұрғын үй таза болуы қажет, оны жалаңаш дене бейнеленген мүсіндер мен кескіндерден басқа заттармен безендіруге болады. Балаларға тірі жандар бейнеленген ойыншықтармен ойнау рұқсат етіледі.

Эротикалық қалпындағы тыр жалаңаш және жартылай жалаңаш әйелдерді суретке түсіру және салуға тыйым салынады. Қанаушылар мен зинақорларды, құдайсыздардың басшыларын және «жұлдыздардың» кескінің, кез-келген исламнан бас тартқан пұттар мен тұлғаларды бейнелеуге тыйым салынады.

Рұқсат етілмеген іс-әрекеттер қатарына мыналар жатады: темекі және құрамында наркотикалық заты бар өсімдікті өсіруге, жезөкшелікпен айналысуға, сексуалды тақырыптағы билер мен өнер тыйым салынады; сауда ісінде алдау, алаяқтық, сатып алушыны жеуге тыйым салынады.

Көп тыйым салулар әйел адамға қатысты айтылады. Оның денесі бет-әлпеті мен қолдың буынынан басқа киімнің ішінде жасырынуы қажет. Әйел адамның ұқыптылығы, қарапайымдылығы, момындығы, тазалығы, пәктігі бағаланады. Оның қылымсушылығы айыпталады.

Ер адамдарға коммунист әйелдерге, атеистерге, жезөкшелерге үйленуге тыйым салынады. Ең жақсысы – ислам діні өкілдерінің некесі, алайда, мұсылман мен христиан немесе иудейлік арасындағы некеге тыйым салынбайды. Дегенмен, мұсылман дінінде ер адамға басқа діннің әйеліне үйленуге тыйым салынбаса да, мұсылман әйелдерінің басқа дін өкілдеріне тұрмысқа шығуына рұқсат етілмейді. Бұл дінде көп некелілік кең қолданысқа ие.

Исламда екі жағдайда жүктілікті тоқтатуға рұқсат етіледі: егер жүктілік әйел адамның денсаулығына қауіп төндірсе немесе теріс әсерлерін тигізсе.

Отбасында ер адам әйелін және балаларын басқарады. Ер адамға әйелін жазалауға рұқсат етіледі – алайда, оның бетінен ұрып, қатыгездік көрсетуге тыйым салынады.

Балалар отбасында ата-аналарының еркіне бой ұсынулары қажет. Ата-аналарына дауыс көтеру, оларға қартайған шақта немесе ауру болған жағдайда қамқорлық жасамау – үлкен күнә. Исламда ата-ананы тыңдамау

және бой ұсынбау бір ғана жағдайда рұқсат етіледі – егер ата-аналары Алланы жоққа шығарып, одан бас тартса.

Мұсылманның қоғамдық өмірінде шариғат бойынша келесі ұстанымдар бар: Құдайдың алдында барлығы тең және нәсілдік, жыныстық немесе басқа сипаттары жағынан ешкімнің басымдығы болмайды.

Шариғатта балгерлер, көз бояушылар, абыздар, экстрасенстер және т.б. қатаң айыпталады.

Анекдот және әзіл арқылы адамдар мен халықты келекелеуге тыйым салынады. Рұқсат етілетін ойын-сауық түрлеріне жүгіру және күресу, жекпе-жекке шығу және садақтан ату, найза лақтыру мен қылыштасу, шабандоздық, аңға шығу және балық аулау, шахмат ойнау, ән айту, музыкамен айналысу жатады. Сонымен қатар, ислам адамгершілігіне қарсы, шарапты, ақшаны асыра мақтайтын мәтінді әндерді айтуға тыйым салынады. Осындай талаптар кинофильмдерге де қатысты қойылады.

Мұсылман тәртібі бойынша *«тыйым салынатын тоғыз әрекет»* бар:

- 1) адамдарды мазақ қылу және кемсіту;
- 2) жамандау, өсек айту, басқалардың кемшіліктерін мазақ қылу;
- 3) адамдарды жаман атпен атау, оларға лақап аттар қою;
- 4) «өз жақындарына» сенбеу және күдіктену;
- 5) аңду, үйге иесіз кіру;
- 6) біреудің сыртынан балағаттау;
- 7) жала жабу және өсек айту;
- 8) адамның абыройы мен беделіне тіл тигізу;
- 9) кінәсіз адамның қанын төгу.

Осылайша, *халал* және *харам* мұсылмандардың жеке және қоғамдық өмірінің барлық жақтарын қарастырады. Тыйым салуларды қабылдамай, кейбіреулерін жоққа шығаруға болады, бірақ онымен есеп айырыспауға ешкімнің де құқығы жоқ.

Исламның саяси жүйесі Құранға негізделеді. Шариғатқа сәйкес, ислам мемлекетіндегі жоғарғы билікте Алла тұрады. Билеуші өмірге Құдай заңдарын кірістіріп, осылайша адамдарға қызмет етуі қажет: әділдікті жүзеге асыру, барлық азаматтардың нәсілі мен дініне қарамастан, қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Ислам мемлекеті исламдық емес платформадағы немесе исламдық емес басшысы бар партияны басқара алмайды. Қоғам үкіметке қолдау көрсетуге міндетті, алайда, оның ислам принциптерінен бас тарқан жағдайда, қоғам оның бұйрықтарын орындамауға құқылы.

Қоғамды дін тәртібін ұстаушы, денсаулығы мықты және жан-жақты мұсылмандар басқаруы қажет – басқа факторлардың (отбасылық жағдайы, мүлік көлемі, жасы) болуы міндетті емес. Басқарушыларды дәрежесіне қарай халық сайлай алады немесе тағайындайды. Басқарушы өз әрекеттері үшін Алланың және халықтың алдында жауап береді.

Даулы мәселелер кеңесу арқылы шешілуі қажет. Әркімнің өз пікірін білдіруге, кеңес беруге құқығы бар. Азаматтарға дінге сенушілік, ар-намыс, ой, сөз, еңбек, кәсіпкерлік, бәсекелестік және т.б. еркіндігі Заң бойынша

камтамасыз етіледі. Өзінен төмендегілердің құқығын жоюға тыйым салынды, алайда, олардың өзі мемлекеттің жалпы заңдарына бағынуы тиіс.

Ислам мемлекеттерінің халықаралық қатынастары төмендегілерге негізделеді:

- адамзаттың бірыңғай шығу тегіне және барлық адамдардың теңдігіне сену;

- басқалардың құндылығын, мүдделерін, беделін құрметтеу және т.б.;

- дүниежүзін қарым-қатынастардың қалыпты жағдайы ретінде тану;

- басқа біреудің ісіне араласуға асығу;

- мәселелерді реттеу тәсілі ретінде соғыс қорғаныс үшін болуы мүмкін;

- міндеттемелерді орындау және шарттар тәртібін сақтау.

**Христиан дініне қатынасы.** Исламда Иисус Христос Алланың көрнекті елшілерінің бірі ретінде қабылданады, бірақ оны Құдай немесе Құдайдың ұлы ретінде танудан бас тартады. Құранда Христостың крестта керілмегендігі, оны Аллах көкке ұшыратқаны жөнінде айтылады (4:153-158). Иисус Христос туралы Құранның келесі мәтіндерінде ашылады: 1:1-40; 2:50,87,136,253; 3:7,42-59,84; 4:13,57-65, 156-159,171-172; 5:27,17,46,72,78,110-118, 6:85; 9:30-31; 61:6,14.

Мұсылман дінбасылары Иисус Христоспен және басқа да танымал тұлғалармен байланысты оқиғалардың ұқсастығын атап айтады.

Христиан діні әрқашан да ислам діндарлары мен миссионерлердің назарын аударған. Библияның Шахристани, Ибн Хазм, Ибн Таймийя, Р. Керанви, М. Гази, А. Х. Кадри және басқа да И. Христосты Алланың елші адамы ретінде санайтын танымал білімпаздары мен сыншылары белгілі. Ислам дінбасыларының пікірінше, Христостың төлтума ілімін өзінің шәкірттері бұрмалаған – себебі, ол өзі ештеңе жазбаған, ал жаңа өсиет кітаптарының түпнұсқалары сақталмаған.

Иисус Христостың беделін мойындай отырып, ислам әдебиетінде оның бейбітшілік пен сүйіспеншілік туралы христиандардың өсиеттерін ешқашан орындамағаны анық жазылған – олар құрбандар мен төгілген қанның саны бойынша рекорд қойды.

Сонымен қатар, ислам христиандарды «жазба адамдары» деп таниды және өз шәкірттеріне оған сыйластықпен және мейірімділікпен қарауды ұсынады.

Христиандар мен мұсылмандар арасындағы теологиялық пікір айтысулар әрқашан да екі жаққа да ауыр тиетінін айта кеткен жөн. Қазақстанда екі дін де өздерінің «қағидалық кеңістіктерін» сол жерде өмір сүретін тұрғындардың ұлттық сипаттамалары бойынша бөлісті. Қос діннің жоғарғы және приходтық дін басылары бір-біріне деген адалдықты ұстанады, конфронтациядан бас тартады және өз дінбасыларын мейірімді қатынастар орнатуға шақырады.

**Исламдағы негізгі бағыттар мен секталар.** Қазіргі таңда мұсылман әлемі екі өте ірі бағыт - *суннизм және шиизмге* бөлінген. Бұл жіктелулердің негізінде Мұхаммедтің өлімінен кейінгі мұсылман

қауымдастығы басшыларының мәселелеріне байланысты сан ғасырлық оқиғалар жатыр.

Билікті кімге мұра ету керек? Сунниттердің ойынша, билікті халық сайлау қажет. Шииттер болса, билік төртінші халиф Әли және оның әйелі Фатиманың тікелей тұқымына (балаларына, немерелеріне, шөберелеріне және т.б.) берілуі қажеттігін айтады. Шииттер *имамат* жөніндегі ілімді ойлап тапқан. Оның мәні – имамат (жоғарғы билік) құдірет күшінің белгілеуімен тек қана Әлидің тегіне тән болып табылады. Шииттер Құранды қасиетті кітап деп мойындайды, алайда, үшінші «Алладан безген» халиф Осман Әлиге қатысты барлық заттарды жойғанын мойындады.

Шииттер Суннасында Мұхаммедтің Әлиді өзі Құранды сақтаушы, дінге сенушілердің әмірі болған имам ретінде тағайындау туралы идеясын дәлелдеуге шақыратын көптеген хадистер бар, - осыған байланысты Пайғамбардың алғашқы үш мирасқоры: Әбу-Бәкір, Омар және Осман халифатының заңдылығы жоққа шығарылады.

Шииттер дәстүрі бойынша Әлиден бастап, 12 имам ерекше құрметке ие. Сонымен қатар, соңғы имам Мұхаммед әл-Махди бейтаныс жаққа құпиялы түрде «жоғалып кетті», «жасырынған, алайда, Мұхаммед әулетінің құқықтарын қалпына келтіру үшін қайтадан оралуы тиіс еді». Барлық шииттер нағыз имамның өзін тағайындауды қажет етпейтініне сенді: ол өзі – Алланың қалаулысы және дінді сақтаушы.

Сунниттерге қарағанда, шииттер исламды дін мен саясатқа бөлуден бас тартады. Керісінше, исламдық бағыт екеуін де Алланың қалауы мен Құранның беделімен заңдастырылған және бекітілген ортақ жолға біріктіреді.

Суннизм мен шиизмнің арасындағы ортақтастық – Құранның қасиеттілігіне, Мұхаммедтің елшілігіне, діни тармақтарға және дәстүрлі діни салттарға сену болып табылады. Дегенмен, Құранның шииттік нұсқасында Мұхаммедпен қатар, Әли туралы да баяндалатын бөлімі бар. Суннаның шииттік нұсқасында барлық хадистер Әлидің және он екі имамның есімімен байланысты.

Мұсылмандардың Меккеге қажылыққа және Мединаға баратыны барлығына мәлім. Шииттерде қажылыққа бару жағрапиясы анағұрлым кеңірек және имамдардың 12 есімімен байланысты орындарды қамтиды. Сунниттер сияқты, шииттер Мұхаммедтің туған күнін тойлайды, сонымен қатар, олар Әлидің, оның әйелі Фатиманың және барлық имамдардың туған күні мен қайтыс болған күндерін тойлайды.

Сонымен, исламның басты бағыттары - суннизм және шиизм болып табылады. Мұсылмандардың көп бөлігі – сунниттер (90%), ал қалған бөлігі – шииттер (10%).

Шииттік ислам дәстүрлі түрде секта деп аталатын көптеген тармаққа бөлінуімен сипатталады.

*Хариджиттер* – VII ғасырдың 50-жылдары пайда болған және Әлидің жақтастары мен оның қарсыластарына қарсы шыққан ерте туындаған секталардың бірі. Хариджиттер жоғарғы билік мәселесі бойынша

халифтерді сайлау қажеттігі ұстанымын қабылдайды. Әрбір қауымдастық халифті сайлауға және оны ислам ережелерін бұзған жағдайда орнынан алуға құқылы. Хариджиттер жауларына қарсы аса шыдамсыздық танытумен ерекшеленді және оларды қорлау өздерінің діни міндеті деп санаған. Алайда, соңғы кездері мұндай қатігездік біршама бәсеңдеді және негізінен, діннен азғандарға, коммунистер мен атейистерге қарсы қолданылады. Олар Оманда, Алжирде, Тунисте, Мысырда, Ливияда, Иракта өмір сүреді, оларды *ибадиттер* (негізін салушы Ибаданың есіміне байланысты) деп атайды.

*Имамиттер* – бірізді ортодоксальділікпен ерекшеленетін анағұрлым көп тараған шиизмнің тармағы. Олар имамның сайлау арқылы тағайындалуы қажет деген теориялық пікірді жоққа шығарады, олардың пікірінше, билік Әлидің ұрпақтарына мұрагерлік жолмен өтуі қажет. Имам өзінің адептілерінің түсінігі бойынша – бұл ғажайып күнәсіз тұлға. Қанаушылардың – біріншіден, Хусейннің (халиф Әлидің екінші ұлы, үшінші имам) ғибадаты тән. Олар Иранда, Кувейтте, Иорданияда, Ауғанстанда, Пәкістанда өмір сүреді.

*Исмаилиттер* – бұл шиизмнің іштей ұсақ бөлімдері: *карматтар*, *друздар* және т.б. бөлінген тармағы.

Барлық исмаилиттер үшін ең бастысы - жетінші имам Исмаилді, сонымен қатар, олардың философиясының ерекшелігін ерекше құрметтеу болып табылады. Бұл философияда әркімнің қолы жететін «сыртқы» ілім және таңдаулылар мен құрметтілердің түсінуіне ыңғайлы «ішкі» ілімдер бар. Ішкі ілім мен Құдайды кез-келген нақтылығы жоқ әлемдік Абсолют ретіндегі түсінігіндегі гностицизм мен неоплатонизмнен алынған Құранның аллегориялық түсініктемелеріне негізделеді. Исмаилизмде діни атаққа қатысты құпия және қатаң жүйелері бар (жеті саты). Исмаилиттер Ливанда, Үндістанда, Пәкістанда, Сирияда, Иеменде, Танзанияда, Тәжікістанда өмір сүреді.

*Зейдиттер* – негізін салушы имам Хусейннің немересі – Зейдтің есімімен аталған. VIII ғ. пайда болды. Өзінің ілімінде Құранның алдын ала белгілемейтін қасиеті бар – адамның әрекеті мен өмірі, оның құтқарылуы мен айыпталуы Құдайдың шексіз еркіне байланысты шығармасы болып табылады деген идеясын баяндайды. Зейдиттер алғашқы үш халифтердің заңдылығын мойындайды, олардың пікірінше, басқа кейінгі имамдар Әли әулиетінен шығуы қажет. Имаматтың құдайшыл табиғатынан бас тартады, имамдарды Әли әулиетінен сайлауды жақтайды. Олар Иеменде, Сауд Арабиясында, Иранда, Пәкістанда және т.б. жерлерде өмір сүреді.

*Друздар*. Шиизмнің тармағы ретінде XI ғасырда пайда болды. Өзінің атауы үшін негізін салушы Даразиге алғыстарын білдіруі қажет. Алланың бір екенін мойындай отырып, ол адамға айнала алады деп есептеген. Олардың пікірінше, Құдай адамдарға мысыр халифі әл-Хәкім бейнесінде келді. Друздардың исмаилиттердегідей «ішкі» және «сыртқы» мазмұндары қамтылған. Друздар қауымдастығы ұсынылған (уккаль) және ұсынылмаған (джуххаль) болып бөлінеді. Тек ұсынылғандар ғана Құранға түсініктеме

беруге және діни рәсімдерді өткізуге құқылы. Олар Ливан мен Сирияның таулы аймақтарында өмір сүреді.

Ислам тармақтарының қысқаша тізімінің көрсеткіші бойынша, бұл дін христиан дініндегідей тұтастықтан алшақ. XIX ғасырда суннизмде де, шиизмде де жаңа тармақтар пайда бола бастады. Олар туралы кейінірек баяндаймыз, аз қазір ислам ойының суфизм сияқты бағытын қарастыру қажет.

**Сопылық** (*арабша - жүн*) – суфияда, «жүннен тігілген жамылғы киген адамдар» захедтер – неке қиюдан бас тартқан және рухани жаттығулармен айналысқан ең алғаш ислам дінінің тақуаларының ізбасарлары болып табылады.

Сопылар өз өмірлерінің мәні ретінде Құдайды тануды, оған жақындасу және Құдаймен байланысу деп таныды. Сопылардың тарихы зор және көптеген мектептері бар. Сопылықтың классиктері - әл-Ғазали, әл-Араби, Саади, Руми, Хафиз, Ниязи, низами, Фирдоуси, Омар Хайям, Джами, Насими, Қожа Ахмет Йассау болып табылады. Олардың көпшілігіне пантеизм, оның құдаймен бірігуі тән.

Сопылар қоғамы мен бауырластығы ешбір ислам билеушілеріне бағынбаған және кейде әскери орден (Кавказдағы ) үлгісін қабылдай отырып, өздігінен әрекет еткен. Сопылар рухани өмірге зор әсер етті және билеушілер оны қабылдамаған. Бұл тақуалар, мистиктер, дінге табынушылар Алладан басқа ешкімнен және еш нәрседен қорықпаған, сән-салтанатты, мешкейлікті, бос сенделіс өмірді айыптаған және сондықтан да, оларды халық сыйлаған.

Қазіргі заманғы сопылық ислам философиясы бола тұра, индуизмнің, буддизм және христиан дінінен кейбір кезеңдерін енгізген. Сопылықта өзін-өзі тануға баса назар аударылады: кімде-кім өзін-өзі таныса, сол Құдайды да таниды. Құдай туралы теориялық білім адамға бейбіт өмір мен тыныштық бермейді, алайда, адам өзін Құдай санап, ішкі жан дүниесінің тыныштығын ұялата алады.

Сопылар өздерінің атауларының **«сопы»** (таза) терминінен шыққан деп есептейді, сондықтан да, өздерін надандық пен екіжүзділіктен, догматизмнен, эгоизм мен фанатизмнен, касталық, нәсілдік, діни айырмашылықтан алшақ деп есептейді.

Сопылардың ойынша, Құдайға апарар үш жол бар.

Біріншісі – бұл надандық пен соқырлық жолы. Адам бұл жолда сезімдерді басшылыққа алады және адамгершіліктің не екенін білмейді. Ол өзіне тозақ құрады және сол тозақта өмір сүреді.

Екінші жол – діншілдік пен сүйіспеншілік жолы. Бұл жолда адам Құдайдың адамгершілік туралы өсиеттерін басшылыққа алады, олардан еш жағдайда бас тартпайды.

Үшінші жол – даналық жолы, көпшілігі бұл жолға түсе бермейді. Алайда, осылар өзінің тәнін, сезімі мен ойларын басқара отырып, өмірдегі ауыспалы жағдайлары мен қиыншылықтарына қарамастан, рухани байлыққа жетеді. Бұл рахатты «мәңгілік теңізге батқанынша» сезінеді.

Бұл «*тазалық батырлары*» басқа исламдық емес, діни нанымдар мен философия өкілдеріне қастандықты немесе теріс түсінікті сезінбейді. Олардың ілімінен көріпкелдік пен интуицияны, оккультизм мен спиритизмді, теософияны, шабыт пен йоганы – жалпы адамның «Мен» деген өзін-өзі жетілдіру қасиетін ашатындардың барлығын табуға болады.

Сопылық бауырластықтың мүшесі болу қиынға соғады, өйткені, әрбір басшы (муршид) өзіне ғана сәйкес шәкіртті іздейді. Бұл жерде оқыту мен сабақтың арасында ешқандай сәйкестік болмайды: әркіммен жеке жұмыс жүргізіледі, бұл кезде шәкірт пен Ұстаздың арасында толық түсінушілік болуы қажет. Біреулер ұзақ ұсынылады, ал көпшілігі – осы іске өзін бүкіл ғұмыр бойы арнайды. Мысалы, тек ойға шомудың (медитация) өзі жеті түрді қамтиды: тәнді басқару үшін, ойды басқару үшін, жанды тазарту үшін, ақылды тазарту үшін, рух тазалығына жақындау үшін, таза абстракцияға түсу үшін және толық «Мен» дегенді жойып, құдаймен бірігу үшін.

Сопылық тек ислам әлемінде ғана жан-жақты таралмаған. Сопылар көптеген ақындық және музыкалық шығармалардың авторлары болып табылады. Сопылардың құпия бауырластықтары қазіргі таңға дейін тек рухани-көркемдік ғана емес, сонымен қатар, дүниенің саяси аясына да ықпал етуде.

***Мұсылман мейрамдары мен әдет-ғұрыптары.*** Мейрамдар мен салттар – кез-келген діннің құрама бөлігі. Олар кез-келген діннің догматтарынан бастау алады және оның сыртқы сипаты болып табылады. Кей кезде діни мейрамдарға қазіргі заман мейрамдарына қатысы жоқ ислам дініне дейін пайда болған наурыз (навруз) мейрамы сияқты мейрамдар жатқызылады.

Жалпымұсылмандық мейрамдарға келесілер жатады.

***1. Құрбан-байрам (Ид-аль-адха)*** – құрбандыққа шалу мейрамы. Ораза айынан соң 70 күннен кейін тойланады және үш-төрт күн бойы жалғасады. Бұл мейрам қажылықтың аяқталуымен сәйкес келеді.

Құрбандыққа шалудың негізі болып мағынасы жағынан жақын құранның және библияның сюжеттері табылады. Оның мәні – Ибрахимнің (Авраам) Құдайдан өз ұлы Ысмайылды (Исаак) құрбандыққа шалуға рұқсат алуы болып табылады. Ата-анасы құрбандыққа ұлын шалғалы жатқанда, Құдай Періште арқылы кісі өлтірушінің қолын тартып, құрбандыққа мал шалуды талап етті – соңынан бұл іс орындалды. Осылайша, бұл мейрам құдіретті және мейірімді Құдайдың символына айналды, сонымен қатар, шынайы мұсылманның барлық талаптарды орындау мейрамы болды.

Жануарлар (қой, ешкі, бұқа және түйе) мейрамға дейін бордақыланады және қатаң рәсім бойынша өлтіріледі. Өлтіру үшін әдетте ең ірі және ауруы жоқ мал таңдалады, өйткені, ислам іліміне сәйкес бұл малдың арқасында өлген адам тозақтың көпірімен жұмаққа жол тартады. Ислам қағидалары бойынша қой немесе ешкі бір адамның немесе бір шағын отбасының атынан шалынады, ал сиыр мен түйе жеті адам немесе жеті отбасының атынан шалынады. Малдардың терілері әдетте мешітке тапсырылады, еті пісіріліп, желінеді. Бұл күндері барлық кедейлер мен аш

адамдарды тойдыру қажет. Әрбір мұсылман отбасында Құрбан-байрам күні қонақжайлылық пен кеңпейілділік ұялайды.

**2. Ораза-байрам (Ид-аль-фитр)** – бір ай бойы созылатын ораза аяқталғаннан кейінгі ауыз ашу мейрамы, ол үш күн жалғасады. Бұл күндері кедейлерге, жетімдерге қайырымдылық көмегін көрсету қажет, сонымен қатар, мешіттер мен қауымдастықтардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету қажет. Туған-туыстар мен достар-жарандар бір-біріне сыйлықтар таратады, көршілер өзара татуласады. Ораза-байрам күні адамдар зираттарда және үйлерінде өлілерге бағыштап құран оқытады, жаңадан қайтыс болған адамдардың молаларына барады. Бір сөзбен айтқанда, бұл мейрам мұсылмандар ұстанған сабырлықтың соңғы символы мен Алла үшін мағыналы өмірдің бастамасы болып табылады.

**3. Мавлюд (мәулід)** – Мұхаммедтің туған күні мен қайтыс болған күнін тойлау. Исламда туған күндер қарапайым түрде аталып өтеді, ал қайтыс болған күні мәңгілік дүниеге жаңадан туды деп есептеліп, салтанатты түрде тойланады.

Мұхаммедтің қай күні туғаны белгісіз (И. Христостікіндей), алайда, барлық дінге сенушілер өздерінің дұғалары арқылы оған және оның шешесі - Әминаға құрмет көрсетеді. Басқа мейрамдар сияқты, Мавлюд күні көмекке мұқтаж адамдарға және мешіттерге қайырымдылық көмектері көрсетіледі.

**4. Мирадж (раджаб-байрам)** – Мұхаммедтің көкке ұшып, қайтадан жерге оралу күнін тойлау мейрамы. Мұсылман аңызы бойынша, пайғамбар Бурак атына мініп, періштенің көмегімен Меккеден Иерусалимге, содан соң Алланың тағына саяхат жасағаны баяндалады. Бұл саяхаттардың барлығы санаулы секундтарда жалғасты; құлаған құмырадан су шықпай жатып, төсек жылып үлгермеді.

Мирадж түнде тойланады. Көкке көтеру күні көптеген мұсылман қауымдастықтарында аталып өтеді.

**5. Лейлят аль-кадр (тағдырды белгілеу күні)** – бұл мейрам рамазан айында оразаның аяқталуына дейін үш күн бұрын тойланады. Оның негізінде Құранның түпнұсқасы Алланың тағынан 27-түнде періште арқылы жерге жақын көкке көшірілгені туралы түсініктеме жатыр, содан соң 22 жылдың ішінде (610-632 жыл аралығы) Құранның мазмұны Мұхаммедке бірітіндеп ашыла бастады. Мұсылмандар дәл осы түнде әлемнің, адамзаттың және жеке адамның тағдыры бір жыл бұрын белгіленеді деп сенген және Алланың мейірімділігіне бой ұсынуға шақырған.

#### **6. Шииттік исламының мейрамдары:**

- имам Әлидің, оның ұлы Хусейннің, сегізінші имам Резаның, Махдид имамның, пайғамбардың қызы Фатиманың туған күндері.

- барлық шииттік имамдарға, әсіресе, Хусейн имамға (ашур) бағышталатын қаралы мейрамдар.

**7. Жұма** – дүниежүзі мұсылмандарының мерекесі. Бұл мейрамның негізіне ислам тарихындағы барлық күні өткізілетін маңызды оқиғалар жатады.

Ислам – діни салт. Ең маңызды салттарға мыналар жатады:



**а) суннат** (*сүндетке отырғызу*), - ұлдардың жыныстық мүшесінің ұшын кесу түрінде орындалады;

**б) никах** (*неке қию*), - мешіт қызметкерлері арқылы неке қиылады және неке қиятын адамдардың арасындағы өзара міндеттемелермен шарттасады;

**в) жаназа** (*жерлеу*), - өлгендерді о дүниеге аттандыру және еске алу күндердің (үшінші, жетінші және қыркыншы күн) толық рәсімі.

**г) фатиха** (*ашатын*) – Құранның бірінші сүресі, оны маңызды істерді бастағанда және аяқтағанда, рәсімдерді орындау кезінде оқу міндетті. Фатиханың мәтіндері араб тілінде жазылады және мешіттердің, басқа да діни құрылыстардың безендірілуі кезінде қолданылады.

Мұсылмандық салт-жоралар туралы бөлімді аяқтай отырып, барлық маңызды оқиғалардың ай күнтізбесі бойынша тойланатынын атап кеткен жөн. Мұсылмандардың ай күнтізбесі 622 ж. басталады. Бір жылда 12 ай бар: алты айда 30 күн бар, алтауында 29 күннен болады. Ай күнтізбесіндегі жыл күн күнтізбесінен 11 күн кем. Дәл осы себеппен барлық мұсылман мйерамдары григориан күнтізбесіне қатысты шашыраңқы болып табылады.

**Құран** – араб тілінен аударғанда «оқу», «мазмұндау» деген мағынаны білдіреді. Бұл кітап барлық мұсылман әлемі үшін қасиетті кітап болып саналады. Ислам діндарларының пікірінше, Құранның авторы Алла болып табылады, ол 22 жыл бойы оның мазмұнын Мұхаммедке «сырласу» түрінде жеткізіп отырған.

Құранның толық мәтіні Осман халифтың 650-656 жылдар аралығында билеген кездері рәсімделген. Құран 114 сүреден (бөлімнен) тұрады, оның әрқайсысы аяттарға (өлендерге) бөлінеді. Құранды оқитындардың барлығы ондағы «Библияның іздерін» байқайды. Шынында да, көптеген библия сюжеттері мен кейіпкерлері Құранның беттерінен табылады. Сондықтан да, Құранды Библияны оқығаннан кейін түсінуге болады.

Мұсылмандардың қасиетті кітабы күрделілігімен ерекшеленеді және әр түрлі етіп оқуға және талқылауға мүмкіндік тудырады. Осыған байланысты мұсылман дінбасында Құран мәтіндеріне бір мағыналы түсініктеме беруге бағытталған арнайы пән (тефсир) бар.

Бұл ғажайып шығарма адамның тіршілік әрекетінің маңызды элеуметтік, адамгершілік, құқықтық және басқа да мәселелерін көтереді. Құранның негізінде құқықтың (шариғаттың) тармақталған жүйесі құрылған. Ол рухтың қайнар көзі мен миллиондаған адам өмірінің бастамасы болған және болып қалады.

Бір қарағанда, Құран кітап ретінде жүйесіз мазмұндалған, себебі, оның жеке бөліктері арасында логикалық немесе сюжеттік байланыстары жоқ. Құранның бірегейлігі оның стиліне, өзгеше болуына, оның хронологиялық ретсіздігіне байланысты. Құранның он төрт ғасыр бойы тек әдеби-діни ескерткіш ретінде сақталып қана қоймай, сонымен қатар, «Алланың жанды сөздері» ретінде болуы – кез-келген уақыттағы оның келелі мәселелер жиынтығының мәні жөнінде мәлімдейді.

Құранның қағидалық тілі – араб тілі. Басқа тілдерге аударуға рұқсат етіледі, бірақ қағидалық деп есептелмейді. Діндарлардың пікірінше, басқа тілде (араб тілінен өзге) Құранның терең мәнін емес, тек «мағынасын» ғана жеткізуге болады.

Құранда Библиядағыдай бірін-бірі жоққа шығаратын көптеген жерлерін табуға болады.

Қазіргі таңда Құран қазақ және орыс тілдерінде кең таралған және басылып шығарылған.

**Исламның тарихи кезеңдері.** Ислам тарихы он төрт ғасырды қамтиды. Осы уақыт аралығында адамзат ғарышқа ұшты, материяның көптеген ғажайыптары ашылды, әлемдегі әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайлар өзгеріске ұшырады. Мұхаммедтің ізбасарларының аз тобынан шыққан ислам дүниежүзілік дін мәртебесіне дейін көтеріліп, әлемдік өркениеттің құбылысына айналды. Исламның тарихы қазіргі заманға дейін сақталған драматизмге толы. Мұсылман әлемі – абстракция емес, ол ұзақ даму нәтижесінде пайда болған геосаяси және рухани шындық.

**Ерте ислам (VII-VIII ғғ.).** Негізгі қайнар көзі Құран мен хадистер болып табылады – олар Мұхаммедтің әр түрлі жағдайлардағы іс-әрекеттері, сонымен қатар, оның әр түрлі адамдармен әңгімелері туралы ақпараттар жазбаша түрде сақталған. Нәтижесінде, хадистер бірнеше жинақтарға жүйелендірілген және «мұсылман хикаясы» атты Суннаны құрады.

Зерттеушілердің пайымдауынша, исламның догматикасы мен діни салттарының қалыптасуына исламға дейінгі жергілікті ежелгі нанымдар, сонымен қатар, христиан діні, иудаизм мен зороастризм зор әсер етті.

**Исламға дейінгі нанымдар мен салттардың ішінен** исламдық жүйеге келесі кезеңдер енгізілген:

- полидемонизм, яғни, адамдардың іс-әрекеттеріне әсер ететін эзәзілдердің (жындардың) шынайы өмір сүруі туралы түсінік;
- Арабияның барлық тайпаларында қолданылған және құдайлардың мейірімділігіне бөленуге арналған құрбандыққа шалулар;
- қасиетті және басқа да киелі жерлерге қажылыққа бару;
- ер адамның бірнеше әйел алуы кезіндегі көп некелілік;
- ерлік пен батырлықты мадақтау.

Ислам дініне **иудаизмнен** көптеген компоненттер «тараған», оларды түгендеу мүмкін емес. Олардың тек кейбіреуін қарастырайық:

- жалғыз Құдайдан басқа ешкімге табынбау;
- пұтқа табынушылықпен күресу;
- көне өсиет пайғамбарларының іс-әрекеттері туралы ілім;
- дүниені жарату, күнәнің кешірілуі, рұқсат етілген және рұқсат етілмеген тағам туралы ілім.

**Христиан дінінен,** нақтырақ айтқанда, оның «шерік қатушылық» тармақтарынан исламға келесі жағдайлар тараған:

- Иисус Христосты (Исаны) ұлы пайғамбар және ұстаз ретінде құрметтеу;

- Алланың алдында жауап беру күні, өлілердің қайта тірілуі, тозақ пен жұмақ туралы ілім;
- ораза ұстаудың қажеттілігі;
- Иисус Христостың адамгершілік туралы, соның ішінде атақты «алтын ереже» және т.б. өсиеттері.

Осылайша, ол бостан бос пайда болған жоқ, оған дейін туындаған кейбір діни және практика жүзіндегі элементтерді қамтыған. Әрине, бұл жерде компиляция мен плагиат жөнінде сөз болуы мүмкін емес.

Жоғарыда аталып кеткендей, ислам догматикасы мен рәсімінің қалыптасуы бірітіндеп жүзеге асты, алайда, Мұхаммедтің өмірінің соңына қарай ілім мен діннің негізгі шегі нақты қалыптасты, содан соң Отанынан тыс (Арабияда) жерлерде исламның жеңіс шеруі басталды.

Мұхаммедтің өлімінен соң, оның ізбасары Әбу-Бәкір болды, ол билік басында аз уақыт отырған (632-634 жж.), бірақ өте дарынды тұлға болған. Әбу-Бәкір Арабия аумағында қатаң тәртіп орнатуға мәжбүр болды, себебі, пайғамбардың өлімінен кейін мемлекетте былықшылық туындады және көптеген тайпалар ашық түрде исламнан, зекет төлеуден бас тартты. Әбу-Бәкір өзінің өлімінің алдында ізбасары қылып Омарды тағайындады.

Омар мұсылман қауымдастығын 10 жыл (634-644 жж.) басқарды. Оның кезінде халифатқа Сирия, Ирак, Мысыр, Ливан, Палестина аумақтары бағынған. Мұсылман әдебиетінде халиф Омар әділ көсем, дана басқарушы және мұсылман мемлекетін құрушы ретінде қарастырылады. Омар кісі өлтірушінің қанжарынан қаза болды.

Үшінші халиф болып Осман сайланды, ол 12 жыл қызмет атқарды (644-656 жж.) және өзінің жол салушысы сияқты кісі өлтірушінің қолынан қаза тапты. Осман Ислам тарихында ең бастысы тұлға ретінде есте қалды, оның бұйрығы бойынша Құранның соңғы мәтіні құрастырылған.

Төртінші халиф болып Әли сайланды, ол бес жыл басқарғаннан кейін, (656-661 жж.) қаза табады. Әлидің есімімен мұсылман қауымдастығының сунниттер мен шиитерге бөлінуі байланысты, бұл құбылыс әлі де жалғасын табуда.

Билікке қол жеткізудегі табан тірескен күрестен кейін, жаңа халиф болып Муавия сайланды, ол Әлидің жақтастарының қарсыласуын тоқтата алды және ата-бабадан келе жатқан халифтердің әулетін қалыптастырды. Бұл әулет 661-750 жж. аралығында өмір сүрді және тарихқа Муавия әулетінен шыққан – Омейядтар атымен енді. Омейядтар кезінде Солтүстік африка мен Солтүстік-Батыс Үндістанның жаулап алуы аяқталды. Халифаттың астанасы Дамаск қаласына көшірілді. Мұсылман әскерлері Византия империясы мен Иран патшалығын құлатты. Кейінірек, Халифат билігінде Кавказ сырты, барлық Орта Азия, Испания және басқа да аумақтар болды.

Ерте исламның дамуын қорытындылай келе, келесі жағдайларды белгілеуге болады:

1. 150 жылдың ішінде құран мен Суннаның негізгі мәтіндері заңдастырылмаған, соның нәтижесінде олар қазіргі таңға дейін өзгеріске ұшырамаған.

2. Жаулап алу соғыстары нәтижесінде ислам ұлтаралық дінге айналды.

3. жан-жақты құқық жүйесі – шариғат құрылды.

4. Ақырында, ислам көптеген ішкі келеңсіздіктердің нәтижесінде басынан бастап өзінің ішкі оппозициясын, көптеген мектептер мен тармақтарды қалыптастырды.

**Ортағасырлық ислам (IX-XV ғғ).** VIII ғасырдың соңында Омейядтардың зор империясы қанды ішкі қақтығыстардың салдарынан шайқалды. Шииттер халифат басшылығында Мұхаммед пайғамбардың әулиетімен байланысы жоқ адамның отырғанына байланысты жағдаймен келісе алмады. Барлық қарсы шыққандар Мұхаммед пайғамбардың ағасы Аббас әулиетінен шыққан – Аббасидтер туының астына жиналды. 750 жылы халиф тағы олардың қол астына көшті. Халифат астанасы Дамаскіден Бағдат қаласына ауыстырылды. Бағдат халифтары ақыр соңында талқандалған мемлекеттің бірлігін сақтау үшін дәрменсіз болды: оның аумағында жеке халифтері мен сұлтандары басқарған тәуелсіз мемлекеттер пайда бола бастады.

X ғасырдың ортасында Бағдат халифаты өзінің мемлекет ретінде өмір сүруін тоқтатты. Бұл зор империя сепаратистік қозғалыстар (Солтүстік Африка, Иран және т.б.), сонымен қатар, Селжұттар (түркімендер) мен Шыңғыстықтардың (моңғолдар) жаулап алу соғыстарының нәтижесінде құлады.

Ортағасырлық исламда табынушылық күрестері де тоқтамады. Қатаң таластар көптеген мәселелер бойынша, әсіресе, алдын ала анықтау мәселесіне байланысты туындап отырды.

**Джабариттер** билеушілердің қолдануына ие болған, олар барлық тірі жандардың іс-әрекеті, ойлары мен тіршілік ету әрекеттерін дүниені жаратқанға дейін Алланың алдын ала анықтағаны туралы идеяны ұстанған.

**Кадариттер** олардың қарсыластары, олар тағдырды алдын-ала анықтауды соншалықты жоққа шығармаған, алайда, олар негізгі екпінде адамның Алладан дарыған жауапкершілігіне жасады, яғни, адам өз әрекеттері үшін өзі жауап береді және өзі анықтайды.

Ортағасырлық исламның атақты «күпірлері» болып **мутазилиттер** болып саналды (жекеленген, алшақталған). Олар ортодоксальді дін іліміне қарама-қайшы келесідей «дұрыс» исламның принциптерін ұсынды:

- адамның ақылы діннің ақиқаттығын сынауға құқылы;
- Құранды талқылауды таңдау еркіндігі адамның өзіне беріледі;
- Алла дүниені әділ және мейірімді етіп жаратқан: адамдар оны әділетсіз және мейірімсіз етеді;
- Құдайдың атрибуттары шексіз болмайды – Алла Мұхаммедпен 22 жыл ашық айтысқан (онымен сөйлескен);

- Алла адам тәрізді емес, антропоморфты қасиеттері болмайды – сондықтан да, Құранның тиісті сүрелерін тура мағынада емес, аллегориялық мағынада талқылау қажет;

- Құран мәңгілік өмір сүрген жоқ, оны Алла ойы жоғары дәрежеде дамыған адамдар үшін жаралған;

- аса ауыр қылмыс жасаған мұсылман дінге сенушілер мен сенбейтіндердің арасындағы «аралықта өмір сүрушілік» күйінде болады;

- мұсылманның күнәлары тек ислам діні мен күнәхардың өзінің беделін түсіріп қана қоймай, сонымен қатар, оның дұшпандары үшін нәрлі азық болып табылады;

- ислам қауымдастығының басшысын халық сайлауы тиіс; ал қауымдастық оны қажет болған жағдайда қызметтен алуға құқылы.

Байқауымызша, мутазилиттер ислам дініне «шерік қатушылық» пен ең бастысы – рационализм мен ой толғау рухтарын енгізген. Олардың ілімдері және өздері көп жағдайда жеңімпаз ретінде қуанышты және жеңілгендердің ауыр халіне душар болды – мұның барлығы олар өмір сүрген мемлекет басшыларының дүниетанымдық діни және саяси ұстанымдарына байланысты болды.

Ортағасырларда **сопылықтың** әсері зор болды, ол халық бұқарасы арасынан қолдау тапқан: сопылар мансапты, байлықты, билеушілердің озбырлығын айыптады; әркімді Құдайды тануға және оған жақындасуға мүмкіндік тудыруға үйретті; олар өздері тақуалық және жоғары адамгершілікке толы өмір сүру салтын ұстанды.

Жоғарыда аталып кеткендей, сопылық бірыңғай болған жоқ – онда радикалдар да, бірыңғай және ерекше «рухани революционерлер» де болды. Алайда, барлық сопыларға билік басындағылардан тәуелсіз болу, Құдайды дәстүрлі емес, сонымен қатар, арнайы тәсілдермен тану сияқты қасиеттер тән болды.

VIII ғасырда **исмаилиттер** қозғалысы Бағдат халифатына қарсы туындайды. Бұл қозғалыстың себебі алтыншы имам Джафар Садықтың өзінің өлімінен кейін имаматты тұңғыш ұлы Ысмайылға аманат етуден бас тартумен ұласты. Ысмайылдың жақтастары оның өліміне сенбей, соңында «жасырын» жетінші имам деп жариялап, қажет болған жағдайда оның адамдарға көрінетінін айтты. Алайда, кейбір исмаилиттер жасырын жетінші имам ретінде Ысмайылдың өзін емес, оның ұлы Мұхаммедті санайды.

Исмаилизмнің сипаттамалық ерекшелігі - эзотериялық болып табылады. Қатаң тәртіппен байланысты қауымдастықтың мүшелері ұсынуды жеті (басқа деректерге қарағанда тоғыз) дәрежеге бөлді. Бірінші дәрежеде қатардағы аз қамтылған мұсылмандар болды, келесіде – ол азая бастады, жоғары дәреженің тек аз бөлігі ғана үлестірілген. Осыған сәйкес, ислам плебейлері оның сыртқы діни жақтарын ұстанды, ал оның ақсүйектері ұсынылмағандардың мәнін иеленді. Мұндай ақсүйектікке Құранның аллегориялық түсініктемесі, жалпы әдет-ғұрыппен бекітілген жоққа шығарулар мен пантеизм тән.

IX ғасырда исмаилизмнің жаңа қанаты, жаңа бағыты пайда болды, оның ізбасарлары өздерін Хамдан Кармат уағызшының есімімен байланысты **карматтар** деп атаған.

Карматтар ортодоксальді суннизм мен оның салттарына бірден қарсы шықты. X ғасырда олар жеке мемлекеттерін құрды (Шығыс Арабия), онда карматтардың жақсы тұрмысы көршілес мұсылман мемлекеттерін тонау және тұтқынға алынған құлдарды аяусыз қанаумен қамтамасыз етілді. Карматтар мемлекеті 150 жыл өмір сүрді және 1029 жылы өмір сүруін тоқтатты.

XI ғасырда исмаилизмде Оңтүстік Ливан аумағында **друздар** қозғалысы пайда болды. Бұл кезде тау халықтары түрік басқыншыларымен, сонымен қатар, өздерінің феодалдарымен соғысты. Сондықтан да, Даразидің жасырын имамның тәртіп орнату мақсатында келуі жөнінде уағыздары зор қолдау тапты.

Ортағасырлық мұсылман мемлекеттерінде қауіпті күш ретінде **ассасиндер** танылды. Ассасиндердің ұйымдастырушылық құрылымы қатардағы мүшелерінің «жасырын имам өкілдеріне жақындасуға» рұқсат болмай қоймай, сонымен қатар, олар имамдардың есімдерін де білмейтіндей ұйымдастырылды. Шалғайдағы тау қамалдарындағы шейхтер Таяу және Орта Шығыстың әр түрлі мемлекеттеріндегі билеушілерін өлім жазасына кескен, бұл әрекеттерді табынушы фанаттар - кісі өлтірушілер бұлжытпай орындаған.

Ассасиндер Батыс Еуропа мен Рим Папасының өзіне үрей тудырған. Жоғарыдағы ассасиндер суннизм мен шиизмнің қағидаларына бағынбаған, олар жағдайға байланысты әрекет жасап отырған. XIII ғасырда ассасиндерді ұйымдастырылған қозғалыс ретінде Иранда моңғолдар және Сирияда мысырлықтар жойды.

X ғасырда өздерін жақсы жасырған философиялық бауырластықты білдіретін **«Таза ағайындар»** («Тазалық ағайындары») пайда болады. **«Таза ағайындардың»** ұжымдық еңбектері «Таза ағайындар мен сенімді достар трактаты» деп аталады. «Трактаттар» күрделі тілмен жазылған және мұсылман қоғамының білімді тобына арналған. Негізгі идеяларының мәні:

- жеке Құдай болмайды. Құдай уақыттан және кеңістіктен тыс өмір сүреді;

- Құдай өзін әлемдік ақыл-ес, дүниелік, ғарыштық және барлық жер бетіндегі тірі атаулының жаны ретінде танытады;

- қасиетті жазбалар Құдайдың соңғы сөзі болып табылмайды, ол тек адамның өзін-өзі және оны қоршаған дүниені танудың атқару нүктесі болып табылады;

- кез-келген діннің догматтары мен салттары толық ақиқатты емес, ақиқаттың түйірін қамтиды;

- жұмақ пен тозақтың болуын ақыл-естің дәлелдемелерімен дәлелдеуге болмайды: барлығы Құдайдан басталады және Құдайға қайтып оралады;

- зұлымдық шексіз емес: адамдарды ғылымға жақындастырудың арқасында (әсіресе философияға) адамзат «мейірімділік пен әділеттіліктің дүниежүзілік мемлекетін» құруға қабілетті және құрады.

Ислам тарихында дінде, әсіресе, философияда, ғылымда және білімнің басқа да салаларында із қалдырған жарқын саңлақтардың есімдері қалған - Ибн-Сина (Авиценна), Ибн-Рушд (Аверроэс), Әл-Фараби «Екінші Ұстаз», Әл-Хальдун және басқалары.

Жалпы, ортағасырдағы мұсылман философиясы Платонның, неоплатондықтардың, стоиктердің, Аристотельдің ақыл-парасат пен ойға қонымдылыққа толы шығармаларына негізделді. Әрине, бұл кезеңде өмір сүрген барлық еркін ойлаушылар субъективті түрде өздерін мұсылмандар деп санады, алайда, шын мәнінде олардың дүниетанымы ресми исламмен сәйкес келмеді, сонымен қатар, оған қарсы шықты. Олар ғажайыпты жоққа шығарды, дүниенің шексіздігі мен құбылмалылығын дәлелдеді, жеке мәңгі бақи өмір сүруді келемеждеді. Гуманистер ретінде дінге шыдамдылық таныту, адамға сыйластықпен қарауды насихаттады. Олар дана философтар басқаратын әділ мемлекеттің болуын аңсады.

***Капитализм дәуірінің пайда болу кезеңіндегі ислам (XVII-XVIII ғғ.).*** Ислам тарихы пайда болу кезеңінен бастап соғыс тарихына ұласты. Бұл әскери аспект исламның «постхалифаттық» таралуына тән. Осы кезеңнің аса ірі оқиғалары келесілер саналады:

1. 1453 жылы мұсылмандар соққысы салдарынан Шығыста христиандардың қорғаны құлады және зор Осман империясы орнады.

2. 1526 жылы Ұлы Моғолдардың мұсылман мемлекеті пайда болды, олар Үндістанмен қатар, үлкен аумақтарды басып алған.

3. 1520 жылдан бастап ислам алыс Индонезияға тарала бастайды.

Исламда жаңа тармақтар пайда бола бастайды, нәтижесінде олар ресми идеологиялар ретінде бекітіледі, немесе, жасырын түрде қызмет атқаруға мәжбүр болады.

XVIII ғасырда Арабияда Әл-Ваххабтың ізбасарлары – ***ваххабиттер*** пайда болады. Ваххаб М. Лютер тәрізіді жаңа дін құрған жоқ, ол Мұхаммед пен төрт халифтің кезеңіндегі алғашқы исламды жандандыруға шақырды. Ол өзінің уағыздарында исламды жаңашылдықтардан тазартып, тек Құран мен ерте хадистерді басшылыққа алуды талап етті. Ваххабиттердің пікірінше, әулиелерге табыну, Мұхаммедтің моласына және басқа да зираттарға қажылыққа бару - Құранның әрпі мен рухына, бір құдайға сену принципіне сәйкес келмейді.

Ваххабиттер монахтықты, тақуалықты жоққа шығарды және осы себептен олар сопылардың теориясы мен практикасын сынады.

Ваххабиттер фанаттар және экстремистер ретінде сипатталады – бұл пайымдауларда шындық көп: мысалы, «қасиетті соғыс» (джихад) тек діннен азғандар мен исламның жауларына ғана емес, сонымен қатар, ислам ережелерін орындамағаны үшін – шылым шеккендері, спиртті ішімдіктер ішкендері үшін, діни салттарды орындаудан бас тартқандары үшін, кәпірлермен достық қарым-қатынас орнатқандары үшін, карта ойындары

үшін қарсы соғыс жарияланды. Ваххабизм уақыт өте келе Иракқа, Түркияға, Мысырға, Үндістанға және басқа да мемлекеттерге ене бастады, бірақ толығымен Арабияда бекіді.

XIX ғасырдың басында ас-Сенуси негізін салған діни орденнің мүшелері – *сенуситтер* пайда болды. Әл-Ваххаб сияқты ас-Сенуси жаңашылдықтармен бүлінбеген бастапқы исламның тазалығын қайтаруды жақтаған.

Ваххабиттер сияқты сенуситтер отаршыл-еуропалықтарға, сонымен қатар, олардың жерін басып алған түркі тұлғасындағы бір құдайға табынушыларға қарсы аянбай күресті. Нәтижесінде, сенуситтердің әсері әлсіреді, бірақ толығымен жойылған жоқ. Қазіргі таңда олар негізінен Солтүстік және Орталық Африканың мұсылман мемлекеттерінде өмір сүреді.

XIX ғасырдың 40-жылдары Иран аумағында өзін Баб деп жариялаған (баб-«қақпа») негізін салушы Әли Мұхаммед Ширазидің есімімен аталған *бабиттердің* қозғалысы туындады. Баб қысқа, бірақ ауыр ғұмыр кешкен (1819-1850 жж.). Баб өзінің идеяларын *«Баянда»* («Бейян») мазмұндаған, бұл оның ізбасарлары үшін Құранның орнын басқан және «қасиетті» болып саналады.

Бабаның ілімі көпшілік арасынан, сонымен қатар, жаңа туындаған буржуазия ішінен қолдау тапты. Дін басыларының ашкөздігі мен отаршылардың әрекеттерін сынау, діни салттарды жою, әйелдер мен еркектер арасында теңдікті орнату сияқты қозғалыстардың ұрандары көңілге аса жақты.

Бабаны тұтқындау және өлім жазасына тартудан кейін, Иранда бабиттердің шах жауынгерлеріне қарсы қарулы күресі басталды, алайда, бұл шайқас талқандайтын тойтарыс пен көптеген жаңа діннің жақтастарын өлім жазасына кесумен аяқталды – олар өз Отанын тастап, жасырын әрекет жасауға мәжбүр болды.

Бабаның ізбасары болып өзіне *«Баха-улла»* («Әулие даңқы») есімін алған Хусейн Әл-Нури танылды. Баха-улла дін оқуының негіздері «Китаб-Акдесте» және көптеген мақалалар мен хаттарда баяндалған. Онда Бахаи дінінің негізгі принциптері жарияланған:

- жалғыз ғана Құдай бар;
- барлық діндер бірыңғай;
- адамзат біртұтас, барлығы Құдайдың алдында бірдей;
- әркім өздігінше ақиқатты іздеуі тиіс;
- ғылым мен дін өзара үйлесуі қажет: ақыл-еспен жоққа шығарылатындардың барлығы дінге қатыстырылмауы қажет;
- еркектер мен әйелдер өзара тең;
- әр баланың білім алуға құқығы бар;
- кез-келген мәселенің рухани шешімі болады;
- адамзатқа ортақ қосымша халықаралық тіл қажет;
- адамзат татулықта өмір сүруге міндетті.



Исламда пайда болған *баханизм* оның оппозициялық сектасы емес, керісінше, жаңа дінге айналды.

XIX ғасырдың 70-жылдары исламның түп-тамырында *панисламизм* атанған теория туындады. Панисламизмнің идеологтары болып Түркияның ағартушысы Н. Кемаль, Әл-Афгани, шейх М. Абдо танылды. Панисламистердің негізгі идеялары бірнеше ережелерге сәйкес келді:

1. Мұсылмандар өмір сүретін орнына және жағдайына қарамастан, бір халықты құрайды.

2. Ішкі және сыртқы дұшпандардың алдында мұсылман мемлекеттерінің саяси-діни одағын құру қажет.

3. Бұл мемлекет одақтарында барлық қоғамдық өмір ислам принциптеріне негізделуі қажет.

4. Мұсылман ынтымақтастығының принципі – исламның бүкіл дүниежүзіндегі жеңісінің басты шарты болып табылады.

Панисламизм идеологиясы көп жағдайда этникалық сипатта болды және пантюркизм мен панарабизм сияқты ұлттық сипаттағы идеологиялармен ұштасты. Өзінің тартымдылығына қарамастан, панисламизм мұсылман мемлекеттері мен халықтары арасында бірлікті орната алмады.

Алайда, XX ғасырда қазіргі заманға дейін өмір сүріп келе жатқан «дүниежүзілік», «халықаралық» және т.б. эпитеттері бар көптеген мұсылман ұйымдары пайда болды. Олардың ішінде ең бастылары болып келесілері табылады:

*Дүниежүзілік ислам конгресі* (ДИК). Бұл ұйым үкіметтік емес ұйымның мәртебесіне ие. ДИК-тің штаб-пәтері Карачиде орналасқан. Оның филиалдары мен бөлімшелері дүниежүзі бойынша барлық мұсылман мемлекеттерінде бар. Конгресс төрт жылда бір рет жиналады, басшылық конгрес отырысы арасында Жоғарғы кеңесті жүзеге асырады. Бұл ұйым ислам тақырыбы бойынша ғылыми зерттеулерді қаржыландырады, симпозиумдар, көрмелер ұйымдастырады, «Мұсылман әлемі» апталығын және басқа да әдебиеттерді басып шығарады.

*Ислам Конференциясы Ұйымы* (ИКҰ). 50-ге жуық мұсылман мемлекеттерін біріктіреді. Жоғарғы орган – мемлекет және үкімет басындағылардың конференциясы. Ең алғаш конференция арасындағы атқару органы - бас секретариат болып табылады, оның штаб-пәтері Джидда қаласында (Сауд Арабиясы) орналасқан. ИКҰ – ғылым, мәдениет, шарифат, бұқаралық ақпарат құралдары, сауда және т.б. бойынша бірқатар мамандандырылған комитеттері бар үкіметтік ұйым. Ислам Конференциясы Ұйымы мұсылман ішіндегі дауларды шешуге тырысады, мұсылмандық емес мемлекеттерде өмір сүретін мұсылмандарға әр түрлі көмек көрсетеді, мұсылман ынтымақтастығына ықпал жасайды, жалпы мұсылмандық мәндегі көптеген жобалар мен зерттеулерді қаржыландырады.

*Ислам әлемі лигасы* (ИӘЛ). Өз әрекеттерін ИКҰ-мен бірлесіп байланыстырады. Бұл мемлекеттік емес ұйым исламды насихаттаумен айналысады, мешіттердің салынуына ықпал жасайды, Меккеге қажыллыққа

баруды ұйымдастырады. ИӘЛ штаб пәтері Меккеде орналасқан. Басқарушы органы – құрамына дүниежүзінің мұсылман аймақтарының барлық өкілдері кіретін Кеңес болып табылады.

**Еуропадағы Ислам Кеңесі** (ЕИК). Еуропадағы Ислам Кеңесінің құзыретіне Еуропа мемлекеттерінде өмір сүретін мұсылман қауымдастықтарының барлық мәселелерін шешу жатады. ЕИК көптеген әдебиеттерді басып шығарады, ислам тарихы және мәдениеті бойынша ғылыми өңдеулерді мадақтайды, конференциялар ұйымдастырады және өткізеді, Еуропадағы басқа дін өкілдерімен қарым-қатынас орнатады.

Қазіргі заманғы исламда 1928 жылы Мысырда шейх Хасан-әл-Банна негізін салған **«Мұсылман-ағайындар»** ұйымы ерекше орынға ие. Мұсылман-ағайындар ассоциациясының идеологиясы мен ұйымдастырушылық құрылымына сопылардың еңбектері әсер етті: қатаң тәртіп, «ұсынылғандар» мен «ұсынылмағандар», материалдық жағынан молшылықтан бас тарту және т.б. Басшылар ұйымдағы шексіз ролге ие, олардың сөздері талқыланбайды, дін үшін өзін-өзі құрбандыққа шалуға даяр (фидаи) ағайындар бар.

Мұсылман-ағайындар «таза исламға» Пайғамбардың кезеңін қазіргі заман өркениетін есепке ала отырып, қайтаруды насихаттайды. Мұсылман-ағайындардың пікірінше, социализм де, капитализм де қоғамдық құрылымның үлгісі саналмайды, сондықтан, олар исламдық қоғам үлгісін ұсынады.

Бұл ұйым өз мақсатына жету үшін заңды және заңсыз әдістерді, соның ішінде, лаңкестік әрекеттерді қолданады – осы себептен көптеген мемлекеттерде оның әрекетіне тыйым салынған. Мұсылман-ағайындардың ислам қауымдастығы бар барлық жерлерде өз жақтастары мен қалыптастыру мүшелері болады. Заңсыз әрекет жасай отырып, олар ислам қарсыластарына, сонымен қатар, оның ортодоксальді табынушыларына көптеген жағымсыз жағдайларды туындатады.

**Қазақстандағы Ислам.** Ең алғаш мұсылман-миссионерлер Қазіргі заманғы Қазақстанның оңтүстік облыстарында VIII ғасырдың басында араб қолбасшысы Кутейба ибн Муслиммен бірге келеді. Бұл арабтар мен түркілер, қытайлар мен арабтар, түркілер мен қытайлар арысындағы соғыс басталған кезең еді. Арабтардың соғыстағы жеңістері жаулап алған халықтардың исламдандыруын алдын ала белгілеген.

Қазақстан аумағындағы халықтың қала және ірі қоныстарда тұратын көшпенді және отырықшы халықтан құралғаны белгілі. Исламның әлеуметтік базасы - Сайрам (ертедегі Исфиджаб), тараз, Құлан, Сауран және басқа қалалардағы халық саны болып табылды. Қырдағы тайпалар жаңа дінді анағұрлым кешірек қабылдаған.

**Қазақтардың прототиптері (сақтар, ұйсіндер, оғыздар, қарлұқтар мен тағы басқалары)** исламдық дін ілімін бірыңғай қабылдаған жоқ: әдетте, бұл дінді алдымен билік басындағылар, содан соң, олардың қызметшілері қабылдаған. Қоғамның едәуір бөлігі жаңа дінді меркантилистік түсініктерді басшылыққа ала отырып, амалсыздан

қабылдады: ислам дінін қабылдағандар алым-салықтан босатылды, олар үшін жеңілдетілген салықтар белгіленді, оларға әр түрлі келеңсіз жағдайларда көмек және қолдау көрсетілді. Ал, жаңа дінге қарсы шыққандар керісінше, не жойылды, немесе, қатаң дискриминацияға тап болды.

Жаңа дін әрқашанда алдыңғы діндерге қарсы шығып отырды. Және бұл коллизия әрқашанда бейбітшілік жолмен шешіліп отырған жоқ: исламға және арабтарға қарсы дұғалар ғасырлар бойғы дәстүрлерге сүйенді. Фердоусидің «*Шах-Намасында*» халықты «жат жерліктерге» қарсы әрекет жасауға шақырғаны тегін емес.

Ислам қазақтардың прототиптері арасында болған нанымдардың алдында басымшылық белгілері болғаны сөзсіз анық: жалғыз Құдайға табыну, барлығының Құдайдың алдында тең болуы, нақты адамгершілік уағыздары.

Ең бастысы, жаңа діннің арқасында бай араб мәдениетімен танысу, Қазақстан аумағында тұратын халықтар арасында мәдени қарым-қатынастарды нығайту мүмкіншілігі туындады.

#### Әдебиет.

1. Абдалати Хаммуда. Взгляд на ислам.- Новосибирск, 1995.
2. Джадид Искандер. Крест в Евангелии и в Коране. – М., 1983.
3. Житие пророка Мухаммеда. - М., 1992.
4. Мухаммед Ибн Джаилиль Зину. Столпы ислама и веры. - М., 1992.
5. Изречения Мухаммада. - Новосибирск, 1995.
6. Ирвинг Т. Б. и др. Коран: основные учения. - Исламабад, 1994.
7. Коран. - М., 1991.
8. Истории о пророках. - М., 1992.
9. Истории жизнеописания посланника Аллаха. - М., 1992.
10. Истории праведных халифов. - М., 1992.
11. Ислам: дозволенное и запретное. - Алматы, 1994.
12. Кадри Абдуль-Хамид. Догматы христианства. - Новосибирск, 1995.
13. Лари С.М. Западная цивилизация глазами мусульманина. - Баку, 1992.
14. Мавдуди А.А. К пониманию ислама. - Новосибирск, 1995.
15. Религия истины. Ислам. - Ташкент, 1992.
16. Табышалиева А. Вера в Туркестане. - Бишкек, 1993.
17. Хассан Хусейн Хамид. Свобода научных исследований в исламе. - Новосибирск, 1995.
18. Инайят-Хан. Суфийское послание о свободе духа. - Санкт-Петербург, 1991.
19. Шах Идрис. Суфизм. - М., 1994.
20. Ахадов А. Ислам в погоне за веком. - М., 1988.
21. Ахмедов А. Социальная доктрина ислама. - М., 1982.
22. Ахмедов А. Ислам в современной идейно-политической борьбе. - М., 1985.
23. Жданов Н.В., Игнатенко А.А. Ислам на пороге XXI века. - М., 1989.
24. Ислам. Религия, общество, государство. - М., 1984.
25. Ислам в СССР. - М., 1983.
26. Ислам и атеизм в вопросах и ответах. - Ташкент, 1986.
27. Ислам (Краткий справочник). - М., 1983.

28. Ислам (Историографические очерки). - М., 1991.
29. Ислам. Словарь атеиста. - М., 1988.
30. Панова В.Ф., Вахтин Ю.Б. Жизнь Мухаммеда. - М., 1990.
31. Климович Л.И. Книга о Коране, его происхождении и мифологии. - М., 1986.
32. Крывелев И.А. История религий. - М., 1988, Т. 2.
33. Мавлютов Р.Р. Ислам. - М., 1974.
34. Мусульманские праздники. - М., 1990.
35. Орынбеков М.С. Верования древнего Казахстана - Алматы, 1997.

### **Бақылау сұрақтары.**

1. «Ислам» термині нені білдіреді?
2. Ислам дүниежүзінің қандай аймақтарында таралған?
3. Исламның негізін салушы Мұхаммедтің өмірі жайлы баяндаңыздар..
4. Исламның негізгі догматтарының мәні мен мазмұнын ашыңыз.
5. Мұсылманның негізгі міндеттерінің мазмұнын ашыңыз.
6. Ислам дінінің «бес тармағы» мағынасы нені білдіреді?
7. Мұсылман құқығының ерекшелігі неде?
8. Мұсылман тәртібінің тоғыз бөлімін атаңыз.
9. Ислам және христиан діндері арасындағы ұқсастықтары мен айырмашылықтарын нұсқаңыз.
10. Суннизм және шиизмнің өзара айырмашылығы неде?
11. Шиизмнің хариджиттер, имамиттер, исмаилиттер, зейдтер, друздар сияқты түрлеріне сипаттама беріңіздер.
12. Сопылық қайда, қашан және қандай себептермен пайда болған?
13. Сопылықтың ерекшелігін анықтаңыз.
14. Мұсылман мейрамдары мен әдет-ғұрыптарын атаңыз және мазмұнын ашыңыз.
15. Қасиетті «Құран» кітабының мәні қандай?
16. Ерте исламның ерекшеліктері қандай? «Ең алғаш тақуа халифтер» қандай мәселелерді шешкен?
17. Ортағасырлық ислам нені сипаттайды?
18. Ислам діні капитализмнің пайда болуы және өркендеу дәуірінде қандай мәселелерге тап болды?
19. Ваххабиттердің, сенуситтердің, бабиттердің және бахаиттердің саяси-діни қозғалыстарына сипаттама беріңіз.
20. «Панисламизм» түсінігі нені білдіреді?
21. Халықаралық ислам ұйымдарының мақсаттары қандай?
22. Қазіргі заманғы Қазақстан аумағында ислам діні қашан және қандай жағдайларда тарады?

## Қорытынды

Қазіргі таңда Қазақстанда өте күрделі конфессиялық жағдайлар туындады. Ар-ұждан еркіндігі принципін жүзеге асыру мемлекеттегі дәстүрлі ислам және христиан діндерінен басқа көптеген дәстүрлі емес діндердің және миссиялардың туындауына әкеп соқты.

Бұл шетел конфессиялары Қазақстанның әлеуметтік кеңістігін иелене бастайды. Миссонерлердің әрекеттері, әсіресе, олардың жастарды тартуы тек дәстүрлі дін өкілдері тарапынан ғана емес, сонымен қатар, қоғам тарапынан да наразылық тудырады. Қазақстан халықтарының дәстүрлі адамгершілік құндылықтарының жойылуы мен шеттен келгендердің шабуы қаупі бар.

Қазіргі заман жастары діни плюрализм әлемінде мүлдем бағыт-бағдар таба алмайды және сондықтан да, олар әр түрлі жалған адамгершілік пен мәдениетті оқытушылардың құрығына түседі.

«Қоғамдық тыныштықты сақтау, конфессияаралық диалог пен келісім – қоғамның өркендеуі мен қарқынды дамуының кепілі» - бұл сөзді ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев та Қазақстан халықтары Ассамблеясында, дүниежүзілік діндер өкілдерінің съездарында сөз сөйлей отырып, Жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауында да бірнеше мәрте айрықша баса айтқан.

Берілген оқу құралы көне заманда пайда болған және қазіргі уақытқа дейін өмір сүріп келе жатқан діндердің әр түрлі бағыттарын қарастырудың ең алғашқы талпынысы болып табылады. Сондықтан да, қазіргі таңда білім беру жүйесінде жүзеге асырылып келе жатқан әр түрлі діни құрылымдардың тарихын, теориясы мен практикасын оқу өте маңызды саналады және қазіргі заманға лайықты іс болып табылады.

## Мазмұны

КІРІСПЕ .....	3
1 БӨЛІМ КУРСТЫҢ НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕРІ.....	5
1.1. Адам және Құдай .....	5
1.2. Діншілдік наным мен білім .....	8
1.3. Дін және атеизм.....	9
2 БӨЛІМ ДІННІҢ ПАЙДА БОЛУЫ, ОНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК- ТАРИХИ ТАМЫРЛАРЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТЕРІ.....	15
2.1. Діннің пайда болуы.....	15
2.2. Діни түйсік, сезім және әрекеттер.....	20
2.3. Діннің қоғамдағы қызметі.....	23
3 БӨЛІМ ЕЖЕЛГІ ҚОҒАМДАҒЫ ДІНДЕР.....	26
4 БӨЛІМ ШЫҒЫСТЫҢ ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ ДІНДЕРІ .....	31
4.1. Екісу халықтарының діндері.....	31
4.2. Ежелгі Мысыр діні.....	32
4.3. Зороастризм (парсизм, маздеизм).....	33
4.4. Иудаизм.....	35
4.5. Индуизм.....	38
4.6. Конфуциандық.....	44
4.7. Даосизм.....	47
4.8. Синтоизм.....	49
5 БӨЛІМ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ДІНДЕР: ТАРИХЫ, НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕРІ МЕН БАҒЫТТАРЫ.....	53
5.1. Буддизм.....	53
5.2. Христиан діні.....	61
5.3. Ислам.....	81
ҚОРЫТЫНДЫ.....	107
МАЗМҰНЫ.....	108